


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

А.З.ТІЛЕУОВА, Г.К.ТӘҢІРБЕРГЕНОВА

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

*5В012100 – Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен
әдебиеті мамандығының студенттеріне арналған*



Алматы - 2019

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)
КБЖ 83.3 (5Каз)я73
Т 22

Пікір жазғандар:

Жұмабаева Ә.Е. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
З.Сейтжанов – филология ғылымдарының докторы, профессор.
Пангереев А.Ш. — филология ғылымдарының докторы, профессор

Тілеуова А.З

Т 22 Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі./ Тілеуова А.З, Тәңірбергенова Г.К.-
Алматы: "Отан"баспасы, 2019. – 112 б.

ISBN 978-601-7860-10-3

Оқу құралында қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту тарихынан бастап, пәнді оқытудың әдіснамалық негізі, құрылысы, әдебиет сабақтарына қойылатын негізгі талаптар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен инновациялық технологиялар және көркем шығарманы жанрлық ерекшелігіне қарай оқыту, жазба, тіл дамыту, кластан тыс жұмыстары, олардың ерекшеліктері берілген.

Бұл еңбек филология факультетінің студенттеріне, мұғалімдерге, педагог мамандарға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0 (075.8)
КБЖ 83.3 (5Каз)я73

Баспаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы ҚР БҒМ Республикалық оқу әдістемелік Кеңесінің "Білім" тобындағы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. Хаттама № 3, 16.06.2017 ж.

ISBN 978-601-7860-10-3

© Тілеуова А.З, Тәңірбергенова Г.К., 2019
© "Отан" баспасы, 2019

КІРІСПЕ

Оқу құралы5В012100 —«Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттеріне арналған.

«Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» атты еңбектің мақсаты—әдебиеттің сөз өнері, әрі оның жеке ғылым саласы ретіндегі ерекшеліктеріне сүйене отырып, оны қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін меңгертуде төл туындыларымызды қазақ тілінде таныстыру арқылы қазақтың көркем әдебиеті туралы ұғым қалыптастыру. Көркем мәтіндерді оқыту барысында қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, сөйтіп оқушылардың қазақ әдебиеті шығармаларын өз бетінше оқып түсіне алуын қамтамасыз ету. Тілдік негіз қалыптастырудың әдісі мен тәсілдерін терең, әрі жан-жақты меңгерген маман, мұғалім дайындау. Бұл мақсатты жүзеге асырудағы міндеттер:

- болашақ мамандарды қазақ әдебиетін оқытудың әдіснамалық негіздерімен таныстыру;
- студенттерге тұтас педагогикалық процесс жөнінде, оның ішінде әдебиетті оқытудың ерекшелігін меңгерту;
- әдебиетті ғылым және сөз өнері ретінде оқытуда әдіскер-ғалымдардың еңбектерімен таныстыру;

- педагогикалық ойлауларын дамыту;

- оқытудың жаңа педагогикалық инновацияларымен таныстыру және т.б.

Қазіргі таңда орта мектептерде қазақ әдебиетін оқыту өте үлкен проблемалардың бірі болып отыр. Себебі жылдар бойы бұл пән өз деңгейінде оқытылмай келді. Тәуелсіздік алғалы елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде оқытылып, ал қазақ әдебиеті пәні соңғы жылдары ғана қазақ тілінде жүргізіліп келеді. Тарихы да аса көп емес, бұл пәннің зерттеліп, қарастырылатын тұстары әлі де біршама.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің мазмұны, құрылымы, оқытудың әдістемелік жолдары ұлттық мектепте өзінше ерекшеленеді. Бұл мектептерде сабақ беретін болашақ мұғалім көркем шығарма негізінде оқушыларды ұлттық сөз өрнектерімен, әдеби процестің даму ерекшеліктерімен таныстыру арқылы халықтың тарихы, дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі жөніндегі мәліметтерді жеткізіп отырады. Сонымен қатар, мұндай мектептерде оқитын әр түрлі ұлттың балаларына әдебиет пен мәдениеттің байланысы, типологиялық бірлігі, халықтардың өзара достық қарым-қатынасы туралы түсінік беру және көркем шығарманы оқып талдау негізінде қазақ тілін меңгертуге ықпал жасау көзделінеді. Қазақ халқының рухани азығына айналған сөз өнерімізді өзге тілде оқитын оқушыларға заман талабына сай ұтымды жеткізудің қыры мен сырын ұғынып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалануға, сабақтарды тақырып ерекшеліктеріне, оқушының білім деңгейіне сәйкес жоспарлап үйретуде пайдасы мол.

Жалпы, мұғалімге қойылатын басты талап – жауапкершілік. Оған жүктелген үлкен міндет, абыройлы істің сан қырлылығы, одан жан-жақты терең біліктілікті, асқан педагогикалық шеберлікті, өте нәзік психологиялық қабілеттілікті талап етеді. Бұдан мұғалімнің жан-жақты, терең білім-біліктілікті, сегіз қырлы, бір сырлы қасиетін көруге болады.

Негізінен қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің мұғаліміне талап өте жоғары. Өз пәнін жетік білумен қоса, алдында отырған әр түрлі ұлт өкілдерінің балаларын тәрбиелеп, оларды ортақ іске жұмылдыру – үлкен шеберлікті қажет етеді. Түрлі салт-сана, көзқарас пен дүниетаным нәтижесінде қалыптасып келе жатқан балалардың қазақ тіліне, әдебиетіне қызығушылығын оятып, оларды өзара татулықта, бірлестікте жұмыс жасауына қолайлы жағдай туғызу қашанда мұғалімге жүктеледі.

Оқу құралындағы тапсырмалар студенттерді ойлауға, өз бетімен жұмыс жасау дағдысының қалыптасуына ықпал етіп, теориялық білімдерін қолдана білуге дағдыландырады, шығармашылық шеберліктерін шыңдайды, іздену, өзіне талап қоя білу сияқты жеке қасиеттерін дамытады.

І. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәні

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – филология факультетінде оқитын студенттерге арнаулы мамандық беретін кәсіби пәндердің қатарына жатады. Оның тарихы саяси-қоғамдық жағдаймен байланысты. Өзге тілді мектептерде қазақ әдебиетінің оқытылуының өзі күрделі болды. Ондаған жылдар бойы санасы, ұстанымы, бағыты бөлек қоғамда қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі түгілі, әдебиет тарихын зерттеп, зерделеудің өзі қаншалықты тартысты мәселе болғаны бізге мәлім. Кеңестік заманының талабына сай қазақ тілінде оқытпайтын мектептер әдебиетімізді оқытқанымен, ол пән қазақ тілінде оқытылған жоқ. Тіпті, қазақша оқыту шарт та емес еді.

Сонымен қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі әдебиетті оқыту мәселесінің өзі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2001 жылғы № 404 бұйрығына сәйкес жаңа сипатта дамыды. Себебі, қазақ әдебиеті пәні қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде алғаш рет бесінші сыныптардан бастап мемлекеттік тілде оқытыла бастады. Еліміздің тәуелсіздік алуымен бұл пәннің тарихи дамуының жаңаша бір кезеңі қалыптаса бастады. Бұрынғыдай емес, енді басқа тілде оқитын орта мектептің оқушыларын қазақ халқының мәдениетімен, сөз өнерінің терең мағыналылығымен таныстырудың жаңа бағытына жол ашылды.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – ғылыми және тәжірибелік пән. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің мазмұны, зерттеу нысаны, әдістері мен методологиялық негіздері, жеке салалары бар. Әдебиетті оқыту әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың қатарына жататын ғылыми пән. Сол себепті, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі қоғамдық пәндермен, оның ішінде педагогика, психология, әдебиеттану, басқа халықтардың /орыс, өзбек, ұйғыр/ тарихымен, әдебиетімен, эстетика, тіл салаларымен байланысты болып келеді. Онымен қоса, дидактика заңдылықтарының ерекшеліктерімен да сабақтаса дамиды. Негізінен әдістеме пәні 1930 жылдан бастап өз алдына дербес сала ретінде оқу жоспарына енгізіліп, оқытыла бастады.

Пәннің оқыту әдістемесі деген ұғымға тоқталып өтейік. Көрнекті әдіскер-ғалым В.В. Голубковтың пікірінше, әдістеме дегеніміз – уақытты үнемдей білу, оқушы күш-жігерін ақылмен жұмсау, оқу материалынан негізгі және басты мәселелерді таба алу, ұжым болып табылатын кластың еңбегін ұйымдастыру шеберлігі, оқушылардың әр түрлі жеке әрекеттеріне ықпал етуді алдын-ала ойластыру. Ал **әдебиетті оқыту әдістемесі** дегеніміз – нақты педагогикалық

үрдісте оқушыларға әдеби білім мен дағды берудің ғылыми және тиімді жолдарын үйрететін оқу пәні.

Сонымен, қазақ әдебиеті пәнін қалай оқытуымыз керек? Бұл сұрақ кешеді, қазіргі кезде де ең өзекті мәселе. Әдебиет—ғасырдан-ғасырларға қаймағы бұзылмай аман жеткен, төл мәдениетіміз бен болмыс-бітіміміздің, салт-сана, әдет-ғұрпымыздың, тыныс-тіршілігіміздің, таным көкжиегіміздің, арман-тілегіміздің көрінісі, айғағы. Ол қазақ деген ұлттың, қазақ елін — өз елім дейтін халықтың шежірелі тарихы. Міне, осындай мұраны қазақ тілінде оқытып, әрі әдеби терең білім беріп, жүйелі түрде оқушыға жеткізудің жолдарын табу жөн. Ол үшін келесідей шарттарды орындауымыз керек:

Біріншіден, қазақ әдебиетінің пән ретінде мақсатының анықталуы;

Екіншіден, әдебиетті оқытуда нақты міндеттер қоя білу;

Үшіншіден, қазақ әдебиетін оқытудың жаңа әдіснамалық жобасын құру.

Алдымен, осы критерийлерді жүзеге асыру үшін келесідей жұмыс түрлері атқарылуы керек. Әдебиет арқылы қазақ халқының дүниетанымы, салт-дәстүрі, болмысы, мінезі сияқты құндылықтарды игерту; екіншіден, жазушының көркемдік әлемін, туындыларындағы рухани байлықты, адамгершілік қасиеттерді санасына сіңірту; үшіншіден, оқушыны болашақ оқырман ретінде кітап оқуға баулуымыз керек. Бір сөзбен айтқанда, әдебиет өміртану құралы. Ал, бала әдеби нұсқаларды өмірлік тәжірибе ретінде қолдана білуі керек.

Білім мекемелерінде оқытылатын пәндер жүйесінде әдебиеттің алатын орны айырықша. Әдебиет өмірге көзқарасты, эстетикалық талғам мен рухани ізгі мұраттарды қалыптастырады. Әрбір пән өмір құпиясын өзінше бедерлейді. Оның ішінде әдебиет пәні «өміртану құралы» бола отырып, ондағы көкейкесті мәселелерді, адам тіршілігі мен болмысына тән сипаттарды терең ашады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту арқылы мұғалім оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, оқырмандық мәдениетін, қызығушылығын қалыптастырады. Оның ішінде, басқа ұлт өкілдеріне қазақ әдебиетінің тарихы мен ұлттық рухани қазынанысын парасатты да, ізгілікті, салт-дәстүрді жинақтаған ауыз әдебиеті үлгілерін, жазба әдебиеттің түрлерін тәлім-тәрбие құралы ретінде пайдалану да көзделінеді. Сол арқылы қазақ халқына деген құрметті қалыптастырып дамыта аламыз. Осындай күрделі ұлттаралық татулықты көзген мақсат-міндеттерді іске асыру, болашақ әдебиет пәні мұғалімдерінің ұстаздық шеберлігіне, ізденімпаздығына, осы пәннің өзіне тән әдістемесін терең меңгерулерімен сабақтас.

Қазақ әдебиетін оқытудың жаңа міндеттері мұғалімнен терең білімді болуды, педагогикалық және әдістемелік шеберлікті қажет етеді. Ол әдебиет сабақтарында оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастырады. Олардың идеялық-саяси және моральдық-эстетикалық жақтарынан өсіп жетілуіне көмектеседі. Олардың дұрыс ойлай білу қабілеттерін жетілдіріп, тіл мәдениетін дамытады. Бұл айтылған міндеттер өз дәрежесінде болу үшін, әдебиет мұғалімі өз жұмысының мазмұны мен формасын айқын ұғынып, жетік

білуге тиісті. Онымен қоса, мұғалім қазақ әдебиетін жетік білгенімен қатар, оны басқа тілде оқып жүрген оқушыларға жеткізудің оң жақтарын, қызығушылықтарын туғызудың амал-тәсілдерін меңгеріп, жалпы ұстаздық қызметте айтарлықтай нәтижеге ұмытылуы тиіс.

Әдебиет—көркемөнердің бір саласы, қоғам өміріндегі жетістікке жеткізудің жолын сызатын, халық басындағы болмысты, өмір сабағын, адамгершілік қасиетін, эстетикалық сәнін тәрбиелейтін басты құрал. Қоғам өміріндегі сан қилы шиеленіс, тартыстарды, қақтығыс пен күресті бейнелейтін болғандықтан, оның ғылым саласы ретіндегі негізгі ұғымдарын білген жөн.

Әдебиет— қоғамдық пән. Оның күш-қуаты өте тереңде жатыр. Басқа тілде оқитын, ойлайтын, сөйлейтін оқушыға біз адамзаттың рухани құндылықтарының маңызын, тарихи жазба нұсқаларды әдеби тұрғыдан тануға жағдай жасауымыз керек. Сондықтан пән мұғалімі әрқашан теориялық білім деңгейін арттырып қана қоймай, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік шеберлігін үнемі жетілдіріп, осы салада озық тәжірибесімен ерекше танымал болған мұғалімдерден үйренуге мән беруі қажет. Әдебиет—тіл, тарих, музыка, бейнелеу өнері, психология, педагогика және тағы басқа да гуманитарлық пәндердің жиынтығы боп келетін көркем туындыны талдап, саралап, баға беріп, олардың көркемдік идеялық бағыт-бағдарын, әдеби үдерісте алатын орнын зерделеп анықтайды.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үрдісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Соның бірі — қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға қабілетті, өзіндік пікірін ауызша және жазба түрде тиянақты, анық, жүйелі жеткізе алатын жеке тұлғаны қалыптастыру, яғни шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Онымен қоса, ол елге жанашыр, мемлекеттің дамуына өз үлесін қосатын, өзге ұлттар мен ұлыстарға сый-құрметпен қарайтын жеке қасиеттері де болуы шарт. Қазіргі қоғам жеке адамнан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Өйткені адамның қоғамда алатын орны, қазіргісі, болашағы үнемі толғандыратын мәселелер қатарына жатады. Бұл қоғамның дамуына тікелей байланысты. Қазақстан Республикасындағы орта білімді дамыту тұжырымдамасында білім беру мекемелерінің ең негізгі мақсаты — дүниетанымдық, құзыреттілік, шығармашылық деп атап көрсетіледі. Қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашылық» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір талабы дәлелдеп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған ролі атап көрсетілсе, осы заңның 41-бабында: «Педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көздеген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің дамуы үшін жағдай жасауға міндетті», — делінген.

Ұлтымыздың ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Өз алдына ел болуға өзіндік тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алады» деген екен. Олай болса, халқымыздың

ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін нығайтудың, ұлтымыздың тұтастығын сақтап қалудың негізгі алғы шарттарының бірі – ана тіліміздің мерейін көтеру, пайдалану аясын кеңейту. Осы ізгі парызды орындауда білім ошақтарының, әсіресе қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің орны ерекше екені дау тудырмас.

Мектептегі оқу-тәрбие процесі оқушыларға жұмыс істеуді, еңбек етуді қажетсіну мен білім алуға деген ынта-талабын дамыту бағытында жүргізілуі тиіс. Қазіргі әдебиетті оқытуға қойылатын басты талап – жастарға берілетін білімнің нәтижелілігі, шығармашылық тұрғыда құрылуы. Әдебиетті оқыту әдістемесінің мазмұнын белгілеудегі басты мәселелердің біріне мұғалімнің әдебиет пәнін оқытуды қолданылатын әдіс, амалдары мен тәсілдері жатады. Мұғалім өзінің тәжірибеден өткен, орныққан әдістерін білім алушыларды ізденіске, ойландыруға, білім нәтижесін игеріп, оны шығармашылық түрде әрі қарай жетілдіруге, оқушылардың санасын ізгілендіруге бағыттап отырады.

XXI ғасырдың алғы шебінде өмір сүріп, гуманистік идеямен сусындаған адамзат баласы ғылым мен техниканың ерекше екпінімен өрлеу дәуірінің басталғанына куә болып отыр. Осындай дәрежедегі ғылымның даму деңгейіне сай, білім алу саласы да әлеуметтік өмірдің ерекше аясына айналып отыр. Сол себепті де, әдебиетті ғылым саласы ретінде оны жете білу қажет. Әрине кластағы барлық оқушыны әдебиетші етіп шығару маңызды емес, ең бастысы баланы адамшылыққа тәрбиелеу арқылы оны шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру.

Ішкі дүниесі бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі тіл байлығы дер едік, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша айтқанда, жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келетін» сөз құдіретін игерген адамдарда ғана тұлғалық қасиет қалыптасады. Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Осыған орай, әдебиетті оқып үйрету де кемелденіп, жетілдіріліп отырады. Осы ретте әдебиетті баланың санасына серпін әкелетін, адамгершілік ізгі мұраттарға бастайтын рухани дүние деп қабылдау керек.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Әдебиет әдістемесі қай ғылымдардың қатарына жатады және қарастыратын нысанасы қандай?
2. Әдебиет әдістемесінің мазмұны қандай мәселелерді қамтиды?
3. Әдебиет әдістемесі пәнінің мақсат, міндеттері қандай?
4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің басты ерекшелігі мен айырмашылығы неде?
5. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиеті пәнінің мұғаліміне қандай талаптар қойылады?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім» деген дәйектеменің авторы кім?

A. А. Байтұрсынов

B. М. Әуезов

C. Ж. Аймауытов

D. Қ. Жұбанов

E. Қ. Қоянбаев

2. Әдебиет пәні білім беру жүйесінде мынадай мақсаттарды көздейді:

A. Көркем шығармаларды оқу мен талдау дағдыларын меңгерту

B. Қазақ әдеби тілінің әдіс-тәсілдерін үйрету

C. Тіл дыбыстарын үйрету

D. Қазақ тілінің тән дыбыстарын үйрету

E. Баланың ынтасын жетілдіру

3. Мектепте әдеби білім беру оқытудың қандай принциптерін басшылыққа ала отырып жүргізіледі?

A. Жүйелі

B. Салыстырмалы

C. Салғастырмалы

D. Практикалық

E. Көрнекілік

4. Әдебиетпен өте тығыз байланысатын ғылымдар:

A. Тарих, психология, эстетика

B. Әлеуметтану, саясаттану, математика

C. Құқық, математика, педагогика

D. Экономика, құқық, психология

E. Саясаттану, эстетика, математика

5. Қазіргі әдебиетті оқытуға қойылатын басты талап

A. Білімнің нәтижелілігі, шығармашылық тұрғыда құрылуы

B. Жылдамдыққа құрылуы

C. Зандылықты сақтауы

D. Принципті ұстауы

E. Дәрежені сақтауы

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Әбілқасымова К. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың теориялық негіздері. – Алматы: Білім, 2010.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.-282 б.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2001.
4. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1969.-242б.
5. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – Алматы, 1965.

6. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жж. арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

2. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің тарихы

Қазақ әдебиетін, тілін, мәдениетін, тарихын басқа ұлт өкілдеріне оқып-үйрету тарихы патша үкіметінің отарлау саясаты кезінде басталды. Қазақстандағы оқыту жайы тікелей Ресейдің отаршылдық саясатынан туындағанын әдіскер ғалымдардың еңбектерінен көруге болады. 1868 жылғы «Жаңа низам» заңынан кейін, патша үкіметі православиялық миссионерлік қоғамның жұмысын қолға алып жандандыра бастады. Бір ғана оқу-ағарту ісінің өзін қадағалап, отар халықты барынша қараңғылықта ұстауға тырысты. Осы тұста тарихшы ғалым С.Асфердияровтың келесідей тұжырымын келтіре кетсек: «Әкімшілік өзгерістермен бірге, қазақ даласына орыстандыру және тұқым тоздыру мақсатында дінбұзарлар қызметі жолға қойылды. Ашылған «Қырғыз мектептері» татар тілмаштарын алмастыратын, орыс тілін білетін қазақ мамандарын дайындауды мақсат етті. Қырғыз балаларына алғашқы Орынбор пансион осы мақсатта жұмыс істеді».

Осындай саясаттың көш басында Повольже халықтарының арасында тәжірибе жинақтаған, отаршылдық орыстандыру саясатының ірі қайраткерлері Н.И.Ильминский мен И.Алекторов бастаған арнайы дайындалған миссионерлер тұрды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Н.И.Ильминский пікіріне назар аударсақ: «Өз қандастарын іздемейтіндей және осы мектептен алған өнегесін сол дәрежеде ғана насихаттайтындай етіп тәрбиелеу – басты назарда болуға тиіс. Бұларды жоғарғы деңгейде тәрбиелеу пайдасыз болмақ. Тіпті, біздің орта дәрежедегі оқу орындарына қырғыздарды (қазақтарды) жақындату аса зиянды». Осылайша, қазақ жерінің әр аймағында әр түрлі типтегі, түрлі мақсатты көздеген мектептер мен оқу орындары ашыла бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Троицкіде, Торғайда, Ордада, Ырғызда, Қазанда, Перовскіде орыс-қазақ мектептері ашылды. Жалпы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда мектептік білім жүйесі мынадай еді:

1. Орта оқу мекемелері – ерлер мен әйелдер гимназиялары, туземдік училищелер, мұғалімдер семинариялары.

2. Бастауыш оқу мектептері – қалалық училищелер, приход училищелері, орыс-қазақ және орыс-туземдік мектептер мен училищелер, ауылдық-болыстық мектептер, бастапқы сауат ашу мектептері.

3. Кәсіби оқу мекемелері – мұғалімдік семинариялар мен мұғалімдер мектептері, ауылшаруашылық мектебі, қолөнер мектебі.

Әдістеме тарихына байланысты кейбір еңбектерде, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ даласындағы мектептерді үш түрге бөліп қарастырыпта жүр. Олар:

1. Ислам дінінің шариғаттарын үйрететін, ерте заманнан бері келе жатқан қадим мектебі.

2. Буржуазиялық қарым-қатынастың пайда болуымен қалыптасқан, XX ғ. басында көзге түсе бастаған жадит мектебі.

3. Ресейдің алдыңғы қатарлы өнер-біліміне негізделген **Ы.Алтынсарин** мектебі.

Негізінен бұл оқу орындарының барлығы дерлік қазақ қауымының сол кездегі белгілі тобының мүддесімен байланысты туған мектептер. Ол уақыттағы феодалдық, буржуазиялық қарым-қатынастың ерекшелігін ескерсек, бұл жай оңды да.

Қадим мектебі. Басты мақсаты – құранның сүресін танып, баланың тілін калимаға келтіру, мұсылмандыққа баулу. Бұл мектептің негізін салушылар да, жақтаушылар қажылар, ишандар, молда-қажылар, байлар, сопылар болды. Олардың идеалы – кәлам (құран), тұтынатыны – шариғат заңы, мақсаты – құдайды тану. Оның жолы – иман келтіру, бес уақыт намаз, ораза, зекет, қажылық. Оқытылатын дәрістері: Әптиек, Мұхтасар, Пікай, Шаркітап, софы Аллаяр. Оқулық, ұлт тілі, ұлт әдебиеті сияқты жеке пәндер, класс, сағат, арнайы жүйелі бағдарлама сияқты атрибуттары болмағандықтан, нәтижесі жоқтың қасы еді. Оқытудың бұл түрі көп сыналды, көзі ашық зиялы қауым мұны қолдамады да. Догмалық, ми қатырғыш оқу болғандығын, біз әдебиет тарихынан да білеміз.

Жадит мектебі. Жадитшілер тек діни оқумен шектелеп қана қоймай, оқу бағдарламасын құрастырып, заман талабына сай қажетті деген пәндерді де енгізді. Ескі діни оқудан Әптиек пен Құранды ғана алып, есеп, тарих, география, жаратылыстану, тіл, әдебиет пәндерін оқытты. Қадим оқуымен салыстырғанда, белгілі бір таптық қоғамның мүддесімен байланысты туған жадит (жаңа әдіс немесе сули жадит) оқуының бірқатар жаңалығы болды. Қазақ жадитшілері татар жадитшілерінің тәжірибесін қолданып, жадит мектептерінде синф (класс), дәріс (сабақ, пән), режим, оқулық, парта, тақта, қалам, қағаз атауларын қолданып, оларды іс жүзінде пайдалана білді. Қалалық жерлерде көптеп ашыла бастаған жадит мектебі ислам мәдениеті шеңберінде болғанымен, оқытудағы басты әдісі «түсіндіріп оқыту жүйесі» болды. Олар өлең жаттау, тіл ширату, ауызша мазмұндату элементтері еді.

Ы.Алтынсариннің орыс-қазақ мектептері Қазақстандағы халық ағарту ісіндегі үлкен тарихи жаңалық еді. Ресейдің білім беру жүйесіне негізделген жаңа мектеп оқыту әдісіне де үлкен өзгерістер енгізді. Алғашқы ұстаздың педогогикалық көзқарастары мен идеясы орыстың прогресшіл педагогтары К.Д.Ушинский, Н.А.Корф, Л.Н.Толстой тәжірибесімен тығыз байланысты болды.

Ы.Алтынсариннің мектептерінің басты ерекшелігі оқыту әдісінде еді. Мәселен, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш қолданбасы» атты әдістемесі келесі сатылардан тұрды:

1-саты. Тексті қайталап оқып, тілін байыту;

2-саты. Материал бойынша көшіріп, көркем жазу;

3-саты. Түгелдей сабақтың барысына құрылуы.

Алғашқы ұстаздың тағы бір жана бастамасы – тұңғыш рет әдебиеттік оқу әдістемесін қазақ ғылымының тәжірибесіне енгізіп, білім берудегі басты үш түрлі факторды қатар алуы еді. Олокушы, білім материалы және оны жеткізу, берілу тәртібі, оқытылу жолы.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ мектептеріндегі тәжірибесі оқу пәні ретінде енгізілді. Ол енгізген жаңалықтың тағы бірі – мектепте орыс тілін үйрету. Осыға орай, «аударма әдісі» атты әдіс енгізілді. Алтынсариннің хрестоматиясы жас буынға эстетикалық тәрбие беріп қана қоймай, жүйелі білім де берді. Бұған ең алдымен «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы айғақ болып отыр. Әдебиетті оқытуда білім мен тәрбие бірінші орынға қойылды. Оның әңгімелерінің тағы бір ерекшелігі – өмір шындығына құрылып, әңгімеде халық геройлары, әсіресе, кедей шаруалары ұнамды тұлғада беріледі. Новеллаларының мазмұны ғибратшыл, шыншыл болып келеді. Ы.Алтынсарин әдістемесінде материалды баланың жас ерекшелігіне, түсінігіне лайықтап, нормалап беру тәсілі жаңалық болды. Материалды оқушыға жеткізуі, яки оқыту әдісінің өзін екі арнада бөліп қарастыру керек. Оның бірі – қазақ балаларына орыс тілін оқытудың әдісі, ал екіншісі – бастауыш сатысының екеуінде де ересек балаларға әдеби текстерді оқыту әдісі. Материалдардың мазмұны, көлемі орыс гимназиясының төменгі кластарына, қазіргі 4-5 кластарға сай.

Ы.Алтынсаринде осы «бастауыш оқу» әдістемесін көп әңгімелеген. Алтынсарин өзінің ағартушылық идеяларын халыққа кеңінен жеткізу мақсатымен, оқу орындарын көп ашқанымен, бүкіл қазақ балаларын толық қамти алмайтынына көзі жетіп, жаңа оқулықсыз бұл мектептердің де күткен нәтижеге жете бермейтінін байқады. Олар үшін ендігі жерде оқулық жасауға кірісіп, 1876-1878 жылдары бұл мақсатына жетіп, 1879 жылы Орынборда «Қырғыз хрестоматиясы» деген оқулығын баспадан шығарды.

Оның методикалық пікірлері мен хрестоматиясынан көрінетін бастауыш оқу мен әдебиеттік оқудың басты элементтерін қарастыра келе ұққанымыз, бастауыш оқу мен әдебиеттік оқуда қолданылатын барлық әдістер қазіргі қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі әдебиет пәні үшін де өте тиімді әдіс. Онымен қоса, бұл әдістердің тәрбиелік мәнімен қатар, жеке тұлғаны әдебиетарқалы қалыптастыруда да маңызы ерекше болды.

Бастауыш оқу (I-III класс)	Әдебиеттік оқу (IV-V класс)
1. Түсініп оқу	1. Пайымдап оқу
2. Сөздік жасау	2. Талдап оқу
3. Аударып оқу	3. Кластан тыс оқу
4. Сөйлету (әңгімелету)	4. Сөйлету
5. Жаздыру	5. Жаздыру
6. Жаттау	6. Мәнерлеп көркем оқу (жаттату)
7. Мазмұндау	7. Мазмұндау
	8. Мінездеу
	9. Ғибратшылдық оқу

Қазақ жеріндегі орыс-қазақ мектептерінде ресейлік баспадан шыққан оқулықтаркеңінен пайдаланылды. Аталған мектептерде орыс тілінде оқу, жазу, арифметика дағдылары, діни оқу сияқты пәндер оқылатын. XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде педагогтар арасында, пәнді оқытудың негізгі мақсаты – мектептен алып шығатын ақпараттар емес, жалпы іскерлікті қалыптастыру, атап айтқанда, ойлау, сөйлеу қабілеті, тәртіп дағдыларын бірінші кезекте машықтандыру деген пікір үстем бола бастады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында, қазақ бастауыш училищелері үшін құрастырылған әдебиет оқулықтарының хрестоматиялық түрде болғанын осындай үстем педагогикалық идеяның ықпалы деп түсінуге болады. Дегенмен, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының тарихында XIX ғасырдың екінші жартысы үлкен идеялық өзгерістің болғандығымен ерекше. Абай, Ыбырай және Шоқан бастаған ағартушылық-демократиялық бағыт кең қанат жайып, олардың ұсынған ғылым, өнер, дін – үш тағаны өміртану құралы ғана емес, өз алдына өркениетті ел, ұлт болудың алғы шарт болатын.

Сонымен, Қазан төңкерісінен кейінгі кеңес мектептерінде оқытылған әдебиет пәнін үш түрлі кезенге бөліп қарастыруға болады:

1. 1917-1927 жылдар аралығында қазақ әдебиеті қоғамтану пәні ретінде оқытылып, осыған дейін қалыптасқан бастауыш оқу мен әдебиеттік оқудың арасына жік қойылмады.
2. 1928-1938 жылдары әдебиет мектеп пәндерінің типіне негізделмеген күйі тарихи әдеби курс ретінде өтті.
3. Бастауыш оқу – әдебиеттік оқу мен тарихи курс бағдарламасы тек 1938 жылдан соң ғана мақсат-міндеттері нақтыланып, белгіленген жүйе түрінде оқытыла бастады.

Қазақ әдебиеті пәнінің әдеби білім негіздері, әдістемелік ой-санасы, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ баспасөз беттерінде де тарихи-әлеуметтік қажеттілік пен қоғамдық пікірге сәйкес құрылып, осыған сәйкес «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде ағартушылық идеялар көрініс тапты. Қазақ халқын тұтастай сауаттандыру ісі маңызды да мәнді жұмыстардың бірі болды. Ол үшін оқу-ағарту және тәрбие жұмыстарын жаңа өмір салтына байланысты қайта құру, қазақ жастарына өз ана тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын жазу және оларды пайдалануға жәрдемдесетін оқу бағдарламаларын даярлау қажет болды. Бұл істі көптеген қазақ ағартушылары жүзеге асырды. Олар: Ш.Құдайбердиев, С.Көбеев, Б.Өтетілеуов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов және т.б.

Бұл кезде оқулық жазу, оқу бағдарламасын құрастыру қиынның қиыны болатын. Біріншіден, ана тілімізде бүгінгідей қалыптасқан ғылыми терминдер; екіншіден, үлгі боларлық оқулық немесе әдістемелік құралдар; үшіншіден, кітап шығаратын полиграфиялық жабдықпен жасақталған баспаханалар жоқ болатын. Алайда, осындай кедергілерге қарамастан, педагог-ғалым, жазушы, журналист бір ғана М.Дулатовтың өзі 1910-20 жылдар аралығында ана тілі,

тарих, есеп, жаратылыстану, педагогика, психология пәндерінен алғашқы оқулықтарды жазды.

1916 жылы Орынбор қаласындағы «Ф.Ф.Хусайыновтар баспаханасынан» бастауыш мектепте екі жыл оқытатын «Қирағат» кітабы жарық көрді. Кейін оқулықтың 1923 жылы Қазақ АССР мемлекеттік баспасынан толықтырылған нұсқасы қайта басылып шықты. Кітап автордың мұғалімдерге арнап жазған алғысөзімен басталады. Онда қазақ даласындағы екі түрлі (орысша, мұсылманша) оқыту тәртібіне талдау жасалып, қадим оқуының кемшіліктері айтылады. Автор: «Ескі араб әрпімен жасалған кітаптарды мұсылман мектептерінде шәкірттердің түсінбей, құрғақ жаттауы салдарынан 5-6 жыл оқыса да, хат танымай қалады», – деп оқу саласындағы ақиқат жайды баяндайды.

XX ғасыр басында Қазан, Уфа қалаларынан жадид оқуымен оқып шыққан қазақтың мұғалім жастарына төте оқудың әдіс-тәсілдерінің ерекшелігін түсіндіре, талдай келе, қазақ тілін татар, башқұрт тілдерімен шұбарламай оқытуға, тіл тазалығы үшін күреске шақырады. Себебі, ол кездегі оқыған мұғалім жастар не орыс мектебінде, не татар мектебінде 7-8 жыл оқып келіп, сабақты түсіндіргенде орысша немес татарша, башқұртша сөздермен араластырып, «тіл шұбарлап» оқытуды әдет қылып алған еді. Сонымен қатар, автор өзі ұсынып отырған жаңа оқу кітабын қалай оқыту жайын сөз етеді: «Сіздер татар мектептерінде арабша оқып, білім алғандарыңызбен, сол алған білімді балаға қалай үйрету жайын үйренген жоқсыздар. Өзі білумен қатар өзгеге білдіру екі басқа. Баланы оқыту – өз алдына бір ғылым. Ол ғылым – педагогика деп аталады». Бұл пікір орыстың ғұлама жазушысы Л.Н.Толстойдың «Өзің білгенді өзгеге білдіру үлкен талант, дарынды, көп ізденуді қажет ететін ғылым» деген тұжырымымен астасып жатыр.

М.Дулатов одан әрі, оқытудың әдістемелік мәселелерін қарастырып, оқулықтың неліктен «Қирағат» аталатынына тоқталады. «Қирағат» деген сөз – баяндап оқыту деген мағынаны білдіреді, ол оқу кітабын мақамдап, дауыстап оқуға, оқыған әңгіменің мазмұнын талдап, баяндату арқылы оқушының жадында білімнің тұрақты сақталуын қамтамасыз ету. «Қирағаттың» мақсатын түсінбеген адам мұғалім үміт еткен пайданы бере алмайды, балаларды оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып беруге, оқығанды мағынасымен толық жадында сақтауға үйрету керек», – деп баланы оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгертудің маңызын сөз етеді. Одан әрі автор балалар үлкендердей оқыған кітабына сын көзімен карауға ақыл-ойының өсу дәрежесіне сай келмегендіктен, мазмұнына онша мән бермей, сыдыртып оқып шығуды әдетке айналдырады. Сондықтан әр оқылған әңгіменің мазмұнына, тәлімдік мәніне баса көңіл бөлудің қажеттілігін айтады. «Осылай баяндап, талдап оқыту балқылған жас баланың ойына, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіртіп, ана тілін анық үйреніп, одан балалар тиісті мағлұмат алып шығады. Мұндай балалардың, әсіресе бастауыш мектепті бітіргеннен кейін, қай жұрттың мектеп-медіресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы жасымайды. Қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық

өзгерістер көрсе де, ұлт ұлы болып қалады», – деп ұлттық тілдің мәйегінен нәр алып шығуына аса зор мән береді. Дәл осындай пікірлерді өз кезінде чех педагогы Я.А.Коменский, орыс педагогы К.Д.Ушинский, қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсаринде әлденеше рет айтқан болатын.

Бұл XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының бірі – М.Дулатовтың педагогикалық шығармаларының бірі ғана. Дәл осы сынды еңбектер Алаш өкілдерінің әрқайсысында да жетерлік.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде орыс кластарында қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқыту мәселесі осы уақытқа дейін арнайы ғылыми-зерттеу нысаны болып қарастырылған емес. Сондықтан қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытуды жетілдіру, оның сапасын арттыру жақсы әдіскер мұғалімге, сапалы оқулық пен оқу құралдарының болуына байланысты деген А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы сияқты ғұлама ғалымдарымыздың кезіндегі пайымдаулары мен тұжырымдары бүгінгі күн үшін де өте құнды екенін көреміз. Демек, оқушылардың психологиялық жас ерекшелігін, қабылдау мүмкіндіктерін ескере отырып, әдебиетіміздің үздік туындыларын түпнұсқада меңгертудің ұтымды жолдарын айқындап, әдістемелік жүйесін жасаудың аса қажеттілігі туындайды. Бүгінгі уақыт барлық өркениетті елдерде білім беру ісін адамзаттық құндылықтарға негіздеу және ұлттық сананы құрметтеумен ерекшеленетіндіктен орыс мектептеріндегі әдебиет пәнін оқыту мәселесі де заман талаптары мен әлеуметтік сұраныстарға сай жаңартылып, жетілдіріліп отырады. Сол себепті де пәнді оқытудағы өзгерістер мен жетістіктер оның даму үдерістерінің үздіксіз екендігіне көз жеткізеді.

Қазақ әдебиетінің өзге ұлт мектептерінде оқыту мәселелері Н.С.Смирнова, М.С.Сильченко, Ш.К.Сәтпаева, И.М.Орешникова, К.Әбілқасымова, З.И.Боранбаева, К.Сариева, Ж.Н.Нұрманова т.б. зерттеулерінде жан-жақты көрсетілді. Бірақ бұл зерттеу еңбектерінде қазақ әдебиетін түпнұсқадан қазақ тілінде оқыту мәселесі, оның жолдары арнайы қарастырылған жоқ.

Еліміз тәуелсіздік алып, Тіл туралы Заңның ұлттық сананың өсуіне, тіліміздің қолдану аясының кеңеюіне әсер етіп, мемлекеттік тілді басқа ұлтқа оқыту мәселесіне көңіл қойылып, оны өрістетуге жол ашты. Қазақстанды мекен еткен басқа ұлт өкілдерінің қазақ халқының мәдениетін, әдебиетін, өнерін, тілін т.б. танып білуге деген сұраныстарына орай, қазақ әдебиеті пәнін оқыту жаңа бағытта жүргізіле бастады. Мұның өзі халықтың ауыз әдебиетін, қазақтың ақын-жазушыларының шығармаларын түпнұсқадан төл тілінде оқудың танымдық, тәлім-тәрбиелік мәнін айқындайды, қазақы тілдік ортаның кеңеюіне өзіндік үлес қосады және орыс мектептерінде ұлттық рухани қазынаны, имандылықты, парасатты салт-дәстүрді бойына жинақтаған халық ауыз әдебиеті үлгілерін, қазақ әдебиеті шығармаларын қазақ тілінде таныстыру арқылы қазақ елінің мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін құрметтеуге баулитын білімдік-тәрбиелік мәнімен ерекшелене түседі.

Бүгінде егеменді еліміздегі білім беру саласындағы басты мәселелердің бірі – басқа ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасай білуі, ал қазақ әдебиетін орыс мектептерінде қазақ тілінде оқытуда оқушының ойын қазақ тілінде дұрыс жеткізе білуі, әдеби көркем шығарманы түсініп оқуы, ойын сауатты жазып беруге үйренуі болып табылады. Қазіргі заманға сай қазақ әдебиетін орыс мектебінде оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру 1982 жылы Қостанай қаласында өткен республикалық семинар-мәжілісінде жан-жақты талқыланды. Онда қазақ әдебиетін оқу процесіне 4-5 сыныптан бастап енгізу туралы айтылды.

1992 жылы Алматы қаласында Н.О.Жуанышбековтің авторлығымен дайындалған «Маргинальная литература и ее роль в литературном образовании» бағдарламасында (5-класс) автор қазақ әдебиеті мен орыс әдебиетін салыстыра отырып оқыту арқылы пәнаралық қарым-қатынас заңдылығын ұсынады.

Орыс мектептеріндегі қазақ әдебиетіне арналған бағдарламалар мен оқулықтардың авторлары К.Д.Бейбітова, И.Р.Махракова, Р.Н.Көшенова, Б.Кәріпжанова, К.Н.Сариева, М.М.Ермағанбетова т.б. қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігіне назар аударып отырып, сабақта шығармалардың түпнұсқада оқылуына көңіл аударды.

Қазақ әдебиетінің қазақ тілінде оқытылуы бүгінгі күн талабынан туындап отырған мәселе болғандықтан, жаңа талаптарға сәйкес 2001-2002 жылдары Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының жалпы орта білім институтының ұйымдастыруымен, оқу орыс, ұйғыр, өзбек тілдерінде жүретін жалпы білім беретін мектептердің 5-9-кластарына арналған қазақ әдебиеті бағдарламасы, оқулығы дайындалды. Қазақ әдебиетіне арналған бағдарламаның түсінік хатында: «Қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер еліміздің егемен ел, тәуелсіз мемлекет болуы, ұлттық құндылықтарымыздың маңызы базистік оқу жоспарына еніп, арнайы сағат бөлінген, басқа ұлт мектептеріне арналған қазақ әдебиеті пәнін тұңғыш рет қазақ тілінде оқытуды жөн көріп отырмыз», – делінген.

Қазіргі кезде қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқытуға назар аудару қажеттілігін еліміздегі мемлекеттік тілге деген сұраныстардың өзі дәлелдей түсті. Кезінде Ж.Аймауытұлының: «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», – деген пікірі бүгінде өзекті.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласында қандай мектептер өмір сүрді?
2. Қадим және жадид мектептерінің білім мазмұны қандай еді?
3. Ы.Алтынсарин мектептерінің мақсат-міндеттері қай бағытта болды?
4. XX ғ.б. ұлт зиялыларының білім саласына қосқан үлесі қандай?
5. М.Дулатов ұсынған оқыту әдісіне қандай пікір айтасыз?
6. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің даму тарихында қандай әдіскерлердің еңбегін ерекше атап көрсетуге болады?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің дамуына, теориялық ой-пікірлер мен тұжырымдардың қалыптасуына қай ғалымдардың еңбектері негіз болған?

- А. Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов
- В. М.Мағауин, С.Сейфуллин, Қ.Бітібаева
- С. Ғ.Мүсірепов, Ш.Құмарова, Ж.Аймауытов
- Д. Ғ.Құрманалина, Ғ.Мүсірепов, Қ.Бітібаева
- Е. А.Байтұрсынов, Қ.Бітібаева, Ш.Құмарова

2. Қадим оқуының мақсаты:

А. Құранның сөзін танып, тілін кәлимаға келтіру

В. Табиғатты тану

С. Сауатты жаза білу

Д. Өлке тану, тарихты оқу

Е. Оқулық жазу

3. Кіріспесінде: «Сүйікті қазақ мұғалімдері, міне, сол сіздерге керексізін қазақ тіліндегі оқу кітабының бірі – осы кітап. Балаларды оқыту өз алдына бір ғылым, педагогика...» деп басталатын оқу құралы?

А. М. Дулатов «Қирағат»

В. М.Жұмабаев «Педагогика»

С. Ж.Аймауытов «Психология»

Д. А.Байтұрсынов «Оқу құралы»

Е. М.Әуезов «Жеткіншек»

4. «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» оқулығының авторын табыңыз.

А. Ы.Алтынсарин

В. А.Құнанбаев

С. Л.Толстой

Д. А.Байтұрсынов

Е. К.Д. Ушинский

5. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» алғаш қай жылы жарық көрді?

А. 1889жыл

В. 1910 жыл


С. 1912 жыл

Д. 1888 жыл

Е. 1896 жылы

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Асфендияров С. Қазақстан тарихы. – Алматы, 1993.-244б.
2. Әрінова Б.А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Жазушы, 2004
3. Оқу орыс, ұйғыр, өзбек тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептердің сыныптарына арналған қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасы. – Алматы, 2001.



4. Дулатов М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Мектеп, 2002.
5. Жұмажанова. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: Ақорда, 27.07.2007. №319-III ҚРЗ/ Егемен Қазақстан, 15.08.2007ж.

3. Жалпы білім беретін мектептегі әдебиет курсының мазмұны мен құрылысы. Әдебиет оқулықтары, оқу құралдары мен бағдарламалар

Орта мектептеріндегі әдебиеттік оқу тек Кеңес дәуірінде ғылыми курс болып қалыптаса бастады. 1938 жылға дейінгі мектеп бағдарламаларындағы пәнді оқыту әдістемесінде 1917-1938 жылдар арасындағы жалпы Кеңес мектептеріне тән бригадалық әдіс дегендердің әсері болмай қойған жоқ. Бірақ 1938 жылдан кейін бағдарлама, оқулық дайындалып, әдіскер ғалымдар әдебиеттік оқудың тарихи курсына жасауға кірісті. Оқулық жасауға көптеген жазушы ғалымдарымыз да елеулі үлес қосты. Бұл салада А. Байтұрсынұовтың, С. Сейфуллиннің, М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтің, т.б. еңбектері ерекше болды.

Программалық оқулық жасауда Ш. Кәрібаевтың көп жылдық еңбегін атап айтуға болады. Қазақ әдебиетінің пән ретінде оқытыла бастауы оқулықтар жасаудағы тәжірибемен бірге, мектепте әдебиетті оқытудың методикасын да жүйелеп қалыптастырды. Бұл жөніндегі алғашқы тәжірибелер отызыншы жылдардың аяғында жинақталып жарық көре бастады. «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті», «Әдебиеттік оқу материалдары» атты мақалалар жинақтары бұған дәлел бола алады. Бұл жинақтарда орта мектептерінде қазақ әдебиетін оқытудың кейбір үлгілері сөз болып, тәжірибелер талданады. Одан бергі кезеңде әдебиетті оқыту әдістемесі дәуір талаптарына сай жауап бере отырып, педагогика ғылымының маңызды бір саласына айналды.

1933 жылы Алматыда Б. Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының ашылуы үлкен жаңалықтар мен өзгерістер әкелді. Алғашқы күндерден бастап, әдістемелік сектор жанынан құрамында үш ғылыми қызметкері бар қазақ тілі мен әдебиеті секциясы құрылды. Ережеге сәйкес секцияның негізгі міндеті бастауыш және орта мектептер үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен бағдарламалар мен төл оқулықтар жасау болды. Бұл өте күрделі міндет еді. Дәл осы жылы Қазақ АССР Орталық Комитеті мен Халық комиссарлары Советінің «Бастауыш және орта мектептердің оқулықтары туралы» қаулысы шықты. Бұл үлкен істің жандана түсуіне игі ықпал еткен болатын.

Бұл жұмысқа қазақтың Абай атындағы педагогикалық институтының ғылыми-зерттеу секторы мен Қазақ АССР-і оқу халық комиссариатының әдістемелік кабинеті қызметінің, тіпті әдебиет майданындағы бүкіл қазақ зиялыларының күші біріктіріліп бірлескен жұмыстар ұйымдастырылды. Бірнеше ғылыми экспедициялар жасақталып, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров сияқты ірі қалам қайраткерлері балаларға лайық

әдеби нұсқаларды, фольклорлық шығармаларды жинайтын арнайы топтар құрды.

1934 жылы қазақ әдебиетінің V-VII кластарына арналған бағдарламалары жасалып, басылып та шықты. Әрине, бұл бағдарламада бірнеше кемшіліктер болды. Ең басты кемшілік орта буынның (V-VII) өзінде әдебиетті тарихи курс етіп өтуді нысана тұтуы, бағдарламаға іліккен ақын-жазушының өмірбаяны мен шығармашылық жолын тұтас қамтуға талаптанушылығы еді. Бұл оқушының жас ерекшелігін, қызығушылығын талдау мүмкіндігін ескермегендікті көрсетеді. Оның үстіне бағдарламада оқушының білімі мен біліктілігіне қойылатын талаптар да белгіленбеді. Әдеби нұсқаларды, тексттерді талдауда кемшіліктер басым болды. Мұндай елеулі кемшін тұстардың орын алуы, бұған дейін қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламаларын жасау тәжірибесінің аздығы. Бұрын салынған із шамалы болғандығының салдары еді. Өйткені, қазақ әдебиеті 1927 жылға дейін қоғамтану сабағының құрамында болып, оған көрнекі материал міндетін ғана атқарды. Тек 1930 жылдардан кейін нақты пән ретінде оқытыла бастады. Сөйтіп, 1934 жылы бағдарламалар бойынша V-VII кластың оқулық хрестоматиясы, VII кластың әдебиет оқулығы жасалды. Ал VIII-X класқа арналған бағдарламалар ол кезде әлі жасала қоймаған болатын. Бұл кластарда мұғалімдер институтының тіл, әдебиет секциясы мен оқу комиссариатының әдістемелік кабинеті ұсынған ақын-жазушылардың жалаң тізімін басшылыққа алды.

1937 жылы желтоқсанда Алматыда тіл мен әдебиет пәнінің құрылтайы болып, осы пәндердің оқытылу жайы, бағдарламасы, оларды қайта қарау, жаңадан жасау мәселесі кеңінен сөз болып, 1937-38 оқу жылына ана тілі мен әдебиеті бағдарламалары уақытша жасалып, сол бойынша оқулық авторларының ұжымы жаңадан құрылды. 1938 жылы М. Әуезов (6-класс) пен Ә. Тәжібаевтың (7-класс) оқулық хрестоматиясы жарық көрді.

1938 жылы 14 желтоқсанда Қазақтың бастауыш және орта мектеп ғылыми-зерттеу институты Қазақ ССР оқу комиссариатының ғылыми-зерттеу институты болып құрылуына байланысты, тіл мен әдебиет секциясы тіл мен әдебиет кабинеті болып іріленді. Кабинет теориялық әрі практикалық дайындығы мол Шайқы Кәрібаев сияқты белгілі педагог-ғалым методистпен толықты. Ол қызмет жолын 1938 жылы аға ғылыми қызметкер болып бастап, өмірінің соңына дейін қаламнан қол үзбей қазақ әдебиетінің пән ретінде қалыптасуына орасан зор еңбек етті. Мәселен, 1939-40 оқу жылында Ш. Кәрібаев басқа да әдебиетшілерді, әдіскерлерді, мектеп мұғалімдерін қатыстыра отырып, әдебиет бағдарламаларын жасап шықты. Бұл бағдарламада әдебиет екі курста: V-VII класс әдебиеттік оқу, VIII-X класс тарихи әдеби курс болып оқытылатындығы алғаш рет ғылыми тұжырымдалды. Бұл бағдарлама әдебиетті сөз өнері деп қарастырып, оның идеялық-эстетикалық, білімділік, тәрбиелік маңызын көтерді. Екі курстың да арнаулы мақсаты мен міндетіндегі, мазмұны мен жүйесіндегі, жұмыс түрлеріндегі айырма, ерекшеліктер нақты көрсетілді. Сол кездегі педагогикалық ғылымдар жетістігін, оқушылардың жас ерекшелігін барынша ескеріп жасалған бұл

бағдарламалар қазақ әдебиетінің пән ретінде қалыптасуының бастамасы ретінде болуымен бірге, бұдан кейінгі әдебиет бағдарламасына да негіз бола алды, алғашқы құрылымның дұрыс соқпағын салды. Осы бағдарламалардың негізінде бойынша 1930жылдың соңы мен 1940жылдың басында Ш.Кәрібаев пен А.Көшімбаевтар әдебиеттің оқу кітаптарын, Т.Ақшолоақов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Е.Ысмайылов және С.Мұқановтар жоғары класқа арналған әдебиет оқулықтарын жазды. Сонымен қатар, Қ.Жұмалиевтің 8-10 класқа арналған «Әдебиет теориясы» атты оқу құралы да жарық көрді.

Бұл бағдарламалар мен оқулықтар 1947 жылға дейін елеулі өзгеріссіз бірнеше рет басылып келді. Осы жылдар аралығында кабинет жұмысының басты қызметі – бағдарламалар мен оқулықтар жасауға бағытталғанымен, мұғалімнің іс-тәжірибесін жинақтап тарату, әдістемелік көмек көрсету ісін де назардан тыс қалдырмады. 1935-40 жылдары ғылыми-методикалық «Ауыл мұғалімі», кейінірек «Халық мұғалімі», «Жаңа мектеп», кейінірек «Қазақстан мектебі», «Қазақ тілі мен әдебиеті журналы» беттерінде тәжірибелі әдіскерлер Ш.Кәрібаев, А.Көшімбаев, Ә.Үсенов пен Ә.Мәмбетовалардың әдебиетті оқытудың жалпы мәселелерін, жеке тақырыптарды өтудің әдіс-тәсілдерін сөз еткен мақалалары, сабақ үлгілері жариялана бастады. Осылайша, жаңадан күш ала бастаған әдістеме саласындағы ізденістер 1941-43 жылдары институт жабылуына байланысты тоқтап қалды. Себебі Кәрібаев, Көшімбаев сияқты дарынды ғалымдардың майданға алынуы жұмыс қарқын баяулатты. Еліміз қай салада болмасын үлкен қиыншылықтарды бастан кешірді. Алды ғалымдардан бастап, мұғалімдер, оқытушылар майданға кетіп, кадр жайы қиындай түсті. Мұның барлығы халық ағарту ісіне орасан зор кері әсерін тигізді.

Соғыстан кейінгі жылдары әдебиетті оқытудың әдістемелік мәселелерін зерттеу, озат тәжірибені жинақтау, жетілдіру төңірегіндегі ізденіс, ғылыми-зерттеулер қайта жанданды.

Кеңес заманы тұсында оқу-білім қатаң бақылауда болды. Кеңестік идеологияға сай жас жаңа буын тәрбиелеу үшін бірнеше қаулылар жарияланды. Солардың қатарында орыс тілі заң жүзінде жеке дара мемлекеттік тіл болмағанымен, тілді үйренуді міндеттеу туралы 1961 жылы, 1978 жылы, 1983 жылы арнайы қаулылар бірінен кейін бірі қабылданды. Әрине, қазақ тілінің мәртебесі, тіл мен әдебиетті қазақ тілінде оқыту жайы мемлекеттік қаулылар қатарына енбеді.

1951жылдың I маусымында педагогикалық ғылыми-зерттеу институты қайта жасақталып, ашылуыменкөптеген өзгерістер мен ілгері жылжулар байқалды. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиеті пән ретінде оқу жоспарына 1958-59 жылдары енгізілді. Орыс тілді мектептері үшін әдебиеттік оқу, тарихи курс бағдарламалары мен оқулықтарды жасаудағы М.С.Сильченко, Н.С.Смирнова, Ш.Қ.Сәтпаева, Х.Әдибаев және т.б. еңбектері ерекше болатын. Қазақ әдебиетінің осы жылдары жасалған бағдарламасының негізгі мазмұны оқулықтардан орын алды. Алайда, әдебиет пәнін оқытуға берілген сағат санының қысқаруына байланысты, әдебиеттік оқудан бірден тарихи-әдебиеттік курс ретінде оқытудың кері әсері болды. Оның үстіне

Қазақстанға өзге одақтас республикалардан басқа ұлт өкілдерінің қоныс аударуы білім беру саласына едәуір өзгерістер әкелді. 1943 жылдың 30 маусымындағы СССР Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысына сәйкес елімізде орыс, поляк мектептері ашыла бастады. Бір сөзбен айтқанда, қыркыншы жылдардан бастап, орыс тілінде оқу, оқыту, орыс тілді кадр дайындау, осы тілде оқулықтар, бағдарламалар және т.б. маңызды құжаттарды дайындауға ерекше көңіл бөлінді. Қазақ мектептері, ондағы ұлттық тіл, әдебиет назардан тыс қалып жатқанда, өзге ұлттарды қазақ тілінде оқыту деген жабық тақырыпқа айналды. Алайда, ұлт жанашырлары бұл мәселеден тысқары қалмай, еліміздегі қазақ тілінің жайы, қазақ тілінде оқыту туралы ғалым С.Аманжолов 1954 жылдың 15 және 24 тамызында екі рет жоғары жаққа хат жолдады. Ұлт болашағына қатысты бұл мәселені қолдаушылар да табылды.

Сонымен, 1958 жылдың 12 ақпанында Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің «Республиканың қоғамдық және кооперативтік ұйымдарда, мемлекеттік аппаратта іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуді жақсарту шаралары» атты қаулысы шықты. Осының нәтижесінде, мекемелер мен қоғамдық ұйымдарда, жоғарғы оқу орындарында, орта мектептерде басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту ісі қайта жандана бастады. Осы қаулыға байланысты мектептердегі қазақ тілі пәніне сағаттар саны артып, жоғары оқу орындарындағы орыс топтарына қазақ тілі оқығыла бастады. Арнайы бағдарлама дайындалып, онда: «Қазақ тілін мектепте оқытқандағы мақсат – Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың жас ұрпағын қазақ халқының тіл мен әдебиетін сыйлау ретінде, бауырмалдық, достық рухта тәрбиелеу», – деп көрсетті. Бірақ бұл игі бастамада 1960 жылдары тоқтатылды. Осылайша, әдебиет түгелі, қазақ тілінің өзіноқып-үйрену оқушылардың ата-аналарының келісімінсіз жүзеге аспады. Қазақ тілі пәнінің өзі факультатив сабағы ретінде оқытылып, одан емтихан қабылданбады, баға да қойылмады. Орыстану саясатының қарқынды дамығаны соншалық, орыс тілінің қолданылу аясы кеңіп, жергілікті халықтың өзі балаларын орыс мектептеріне бере бастады. Ал қазақ мектептері жаппай жабылды.

Қазақ тілінің мәртебесі тек 1987 жылдан бастап айтыла бастады. Арнайы қаулы шығарылып, қазақ тілін оқытудың мерзімді курстары ашылып, бағдарламалар, оқулықтар, сөздіктер, оқу құралдары басылып шыға бастады, түрлі үйірмелер мен факультативтер ұйымдастырылды. Алайда, кадр тапшылығы мәселесі бұл істің де ілгері жылжуына кері әсерін тигізді. Негізінен, Тіл туралы Заң қабылданғаннан кейін ғана, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту оңды жолға қойылып, өзектілігі артты.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – қазақ әдебиетінің тарихы, теориясы мен сынына негізделеді. Сондықтан, қазақ мектебінде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі де, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі де осы ортақ заңдылыққа бағынады. Айырмашылығы мақсат пен міндетте, қойылатын талап мен оқыту ерекшелігінде. Сонымен, жалпы білім беретін мектептегі әдебиет курсының алдына қойған мақсаты –

оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, адамгершілік, азаматтық, ізгілік, инабаттық тәрбие беру; көркемдік-эстетикалық биік талғамды, оқырмандық тұрақты ынта-ықыласты қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген өмірді, құбылысты эстетикалық қабылдауы мен бағалауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін пән алдында мынадай міндеттер жүктеледі. Оқушының:

- көрсетілген туындарды толық оқуы және меңгеруі;

- мәтінді өнер табиғатына сай оқи білуі, оқуының жүйелілігі, мақсаттылығы;

- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, пайымдауға негіз болатын білім, білік, дағдылар қалыптастырылуы;

әдебиетті ерекше маңызды әлеуметтік мәдени құбылыс деп танып, өнерге әлеуметтік тұрғыдан мән бере отырып қарау түсінігін дамыту;

- оқушының ой еңбегіндегі дербестігін, оқу әрекетін қалыптастыру және дамыту;

- шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде, көркемдік тұтастықта идеялық-эстетикалық мән-мағынасына терең бойлап, тебірене қабылдап, әсерлене білуін, жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін тәрбиелеу;

- оқушыны сезім сергектігіне баулу;

- образды ойлауын, қайта елестете алу қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;

- шығарманың тілдік, стильдік ерекшеліктерін, жеке сөз қолданыстардың шығармадағы көркемдік-эстетикалық жүгін түсіне білулерін қамтамасыз ету;

- ойын әдеби тілде еркін жеткізе білу, сауатты, жатық сөйлеу, жазу дағдыларын байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Әдебиет бойынша берілетін білім мазмұны көп деңгейлі болуы шарт. Әдеби білім көп деңгейлі болуымен қатар, көп компонентті оқу әдістемелік кешен болып құрылуы тиіс. Әдеби білімнің мақсатында жеткіншектердің таным ерекшеліктеріне қарай және оқушылардың бәрінің білім алуына тең мүмкіндік берілуі қажет дейтін дидактикалық ұстанымға сәйкес, ең алдымен оқушыға мектеп ұсынатын оқу материалының базалық деңгейі анықталуы тиіс. Бұның барлығы әдеби білімнің максимум мүмкіндік деңгейі болып саналады. Сондықтан оқу бағдарламалары осы көрсетілген деңгейдегі мазмұнда құрылады. Сондай-ақ оқушы дайындығының ең аз минимум мүмкіндігі де ескеріледі. Алайда, оқушы дайындығы міндетті деңгейден төмен түрспеуі қажет. Оқушы дайындығының екі деңгейі де бағдарламада талаптар түрінде анықталады.

Қорыта айтарымыз, жалпы білім беретін мектептегі әдебиет курсының мазмұны мен құрылысы уақыт талабына сай үнемі жанартылып,

толықтырылып отырады. Осыған сәйкес әдебиет оқулықтары, оқу құралдары мен бағдарламалар да қоғамның талабын орындап отыруы тиіс.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Бағдарламалық оқулық қай жылдан бастап жарық көрді?
2. Қазақтың әдіскер ғалымдарының бағдарламалық оқулық жасаудағы еңбегі.
3. Қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының ашылу тарихы мен бағыты туралы баяндаңыз?
4. Орта мектептеріндегі әдебиеттік оқудың қалыптасу тарихы туралы не айтасыз?
5. Басқа ұлт мектептерінде қазақ әдебиетін оқытудың негізі мақсаты мен міндеттерін ата.
6. Қазақ әдебиетінің мазмұны мен құрлысына қойылатын талаптар қандай?
7. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі әдебиет оқулықтарының басты ерекшеліктері неде?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. «Ең ескі идеяны жаңамен байланыстырып, өзгеше сипат беріп жаңалық ашуға болады» деген дәйек сөздің авторы кім?

А. В. Г. Белинский

В. М. Дулатұлы

С. С. Макаренко

Д. Ю. К. Бабанский

Е. А. Байтұрсынов

2. Оқушы үшін пән оқулығы:

А. Жаңа білімді меңгеру құралы

В. Қосалқы құрал

С. Бағдарламалық құрал

Д. Айқындауыш құрал

Е. Көмекші құрал

3. І. Жансүгіров пен Ф. Мүсірепов құрастыруымен 1933 жылы жарық көрген еңбек:

А. «Көркем әдебиет жинағы»

В. «Әдебиет теориясы»

С. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі»

Д. «Қазақ совет әдебиеті»

Е. «Әдебиет хрестоматиясы»

4. «Халыққа білім беру баршаға тең, әрі тегін болуы тиіс. Бастауыш мектепте оқыту ана тілінде болуы керек» – деген пікірдің авторы?

А. А. Байтұрсынов

В. Ы. Алтынсарин

С. М. Жұмабаев

Д. С. Сейфуллин

Е. О. Алмасов

5. Әдебиеттік оқу әдістемесінде Ы.Алтынсарин негізге алған факторлар:

А.Материал, оның берілуі,оқу.

В.Мұғалім, оқушы, хрестоматия

С.Әдеби шығарма, әдіс-тәсілдер, оқу

Д. Пайымдап оқу, талдап оқу, жаттау

Е.Сөйлету, жаздырту, материал

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996.- 208 б.
2. Жұмажанова.Әдебиетті оқыту әдістемесі.– Алматы: Білім, 2009.- 288 б.
3. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 1969.
4. Әрінова Б.А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Жазушы, 2004
5. ҚұтқожинаР., Бітібаева Қ. Әдебиет. Оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2003.- 96 б.
6. Сатпаева Ш.К., Адипбаева Х.А. Методическое руководство к учебнику «Казахская литература для IX-X классов русской школы».– Алматы: Мектеп, 1986.

4.Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың әдістері мен тәсілдері.

Оқу әдісі әдістемелік тәсілдер негізінде жүзеге асады. Әдебиетті мектепте талдап-танудың өзіне қатысты творчестволық оқу, эвристикалық, зерттеу, репродуктивтік оқыту әдісі бар. Оқыту әдісі – мұғалім мен шәкірттің бірлесіп жұмыс істеуі болып табылады.

Болашақ тізгінін ұстайтын жастардың сапалы біліммен қарулануында мұғалімнің үлесі ерекше болуы қажет. Сондықтан әр сабақ дұрыс ұйымдастырылып, оқушы қызығушылығы мен белсенділігін көтеретіндей әдістер таңдалып алынуы керек.

К.Д.Ушинский кезінде оқытудың догматикалық методтары мен мектепте құрғақ жаттауды қатты сынады. Ол мұғалімнің де, оқушының да жұмысын, іс-әрекетін шығармашылық процесс деп қарастырды. Ал оның негізі – ойдың, ақылдың жұмысы. Оқу – еңбек қана емес, күрделі еңбек болуға тиіс деп ойын тұжырымдай келіп, оқудың қызықтылығы терең ақыл-ой жұмысына байланысты болатындай шын мәнісіндегі еңбек болатын болсын деп талап қойды. Сондықтан, оқудағы баланың саналығы мен белсенділігі оқу процесін ұйымдастырудағы негізгі және жетекші принциптердің бірі, оқудағы баланың саналылығы мен белсенділігі бір-бірінен бөлінбейді деп есептейді. Баланы белгілі нәрсені, пәнді түсіну дәрежесіне көтере алмаған адам (мұғалім) сол пәнді баланың өте төмен түсінігінің дәрежесіне дейін жеңілдеткісі келеді, бұл педагогикалық жол емес дегенді де атап айтты.

Тәжірибелі мұғалім, әрі ғалым Қ.Тасболатов: «Әдебиет сабағында оқушылардың танымды белсенділігін арттыру жолдары» деген еңбегінде «Оқушылардың творчестволық ойлауы мен таным белсенділігін қалай арттыруға болады?» деген мәселені ғылыми әрі әдістемелік жағынан шебер дәлелдей білген. «Оқушылардың таным әрекетін дамыту дегеніміз – білімді меңгеруді байқау, сезу арқылы ғана емес, керісінше, талданып отырған процесті нақты аңғарту арқылы, меңгерген білімін тәжірибеде шығармашылдықпен қолдана білудің дұрыс тәсілдерін үйрету, сол арқылы шеберлігі мен дағдысын арттыру. Оқушылардың танымды-шығармашылық ойын дамыту тәсілдерінің бірі – материалды проблемалық тұрғыдан оқыту. Оқушылардың танымдық-шығармашылық әрекетін жандандыру үшін, білім беруді проблемалық баяндау арқылы тақырыпты өтудің белгілі бір кезеңдерінде олардың өздігінен ізденуіне мүмкіндік жасайтын проблемалық жағдай тудыра отырып, өздігінен іздене оқуына жағдай жасау,–десе,–ал проблемалық жағдай тудыру оқушыларға сұрақ қойып, оны шешу ғана емес, мұндай сұрақ оқушыларға әдетте қойылып жүрген сұрақтан мүлде өзгеше. Өйткені ол сұрақ оқушының жормал, жоба ұсынуына оны шешудің дұрыс тәсілін таңдап алуына мүмкіндік беретіндей болғанда ғана өз нәтижесін береді. Сондықтан, оқушыны осыған үйрету керек»,–дейді.

Оқу-тәжірибе жұмыстарының барлық саласын бір өзі шешіп тастайтын әдіс-тәсіл болмайды. Сол себептен де мұғалім әдіс-тәсілдерді жете меңгеріп қана қоймай, оларды қандай жағдайда, қалай пайдалануға болады, соны да ерекше ойлануы керек. Бір жағдайда тиімді, пайдалы деп танылған әдіс-тәсілдер екінші жағдайда тиімді, пайдалы бола бермейді. Мәселен, оқушылардың ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше. Дегенмен де, осы проблемалық оқыту әдіс-тәсілдерінің мүмкіншіліктері шексіз емес. Оқу материалдарының барлығы, барлық тақырыптар проблемалық жағдаятты талап етпейді. Оқу белсенділігі орта немесе ортадан төмен класс ұжымына проблемалық тұрғыда оқыту әр уақытта жемісін бере бермейді. Өтетін тақырып аса күрделі емес, әрі оқушылар дербес, өздері шеше алмайтындай тапсырмаларға төселген жағдайда ғана проблемалық оқытуды басшылыққа алу тиімді болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, оқыту процесі – мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекеті. Көбіне оқыту деп мұғалім мен оқушының бірлескен мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекетін айтады. Оның барысында жеке тұлға дамып, білім алады, тәрбиеленеді. Дәстүр бойынша оқыту екі бөліктен тұрады. Оқыту және білім алу. Оқыту оқу мазмұнын ашу процесі. Дәстүрлі оқытуда білім алуға қарағанда оқыту басым болғандықтан, оқу материалын оқытуға баса назар аударылып, оқушылардың іс-әрекетіне назар аударылмайды. Ал жақын даму аймағында жұмыс істейтін В.Ф.Шаталов әлі өтпеген ережемен оқушыларға есеп шығартады. Е.Ильин болса, оқушыларға мұғалімнің өзі біржақты жауап бере алмайтын сұрақтар қояды.

Сонымен сабақта тиімді әдісті ұтымды пайдалана білу, баланың ақыл-ой жұмысын дамытуға әсері зор. Мұғалім мұнда оқушыға тапсырма, әдістемелік нұсқау береді, ізденуге бағыттайды, ізденістің бағдарламасын береді. Мұғалім жұмысының тиімділігінің көрсеткіші әр оқушының мұғалімкөмегін алуға әзір тұруы. Қазақ әдебиетін дамыта оқытуда мұғалім жақын даму аймағында жұмыс істеуі керек. Ол оқушыға ақпараттар беруші, ынталандырушы, бейне туғызушы, баланың кемшіліктері мен табысына назар аударушы. Себебі әр оқушының өзінің жақын даму аймағы бар, онда жалпы әдіс-тәсілмен жұмыс істеуге болмайды.

Оқыту әдісі дидактиканың негізгі бір құрамды бөлігі болып табылады. Себебі, оқыту процесі оның мақсаты, мазмұны, әдістері және ұйымдастыру формаларының біртұтастығы болып табылады. Әдіс деген-сөз гректің “metodos” сөзінен шыққан. Ол – мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді. Оқыту әдістері туралы әрбір автор өз анықтамаларын береді. Қысқаша психологиялық-педагогикалық сөздікте «әдіс» – мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет делінген.

Оқыту әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттары мен міндеттерімен анықталады. Оқыту процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Оның арқасында білім, іскерлік, дағдының қалыптасып, оқушының дүниетанымдылығы мен қабілеті артады.

Оқыту процесінде мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалімнің оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы әр түрлі оқу қызметтері, оқыту әдістеріне жатады. Сонымен әдіс-тәсіл оқытушы мен оқушы арасындағы жұмыс түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады.

Оқу әдісі әдістемелік тәсілдер негізінде жүзеге асады. Әдебиетті мектепте талдап-танудың өзіне қатысты творчестволық оқу, эвристикалық, зерттеу, репродуктивтік оқыту әдістері бар. Педагогикалық еңбек психологиясын зерттеушілер әдебиетші мұғалімге мынадай талаптарды ұсынады: зерттеушілік, іскерлік, ұйымдастырушылық, бесаспаптық. Сол себепті, V-VI класс оқушыларының эстетикалық талғамын жетілдіру мұғалімнің еңбегі болмақ. VII-VIII кластарда оқушылардың әдеби шығармаға көзқарастары өзгере бастайды. Көркем шығармадан өмірді көріп, өз орнын одан сайлап алуды армандайды. Ал, IX-XI кластарда оқушылардың әдеби білімі, эстетикаға, көркем өнерге ынтасы артады. Өз бетінше шығармашылыққа ұмтылады. Осы әрекеттердің барлығы тиімді әдістерді дұрыс, нақты тандап алуға тікелей қатысты.

Академик Ю.Н.Бабанский өзінің «Оқу-тәрбие процесін оптималандыру» деген еңбегінде әдістерді келесідей бөледі: оқу-таным қызметін ұйымдастыру; оқу-таным қызметін көтермелеу; оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау.

Енді қазақ тілінде оқытпайтын метептедегі қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын әдістерге жеке-жеке тоқталып өтсек. **Түсіндірмелі-репродуктивтік** әдістің де өзіндік ерекшелігі, мүмкіншілігі бар. Бұл әдіс-тәсілдің ең тиімді жағы мұғалім білімді қысқа мерзім ішінде, барлық оқушыларды қамти отырып, береді. Оқу материалын ақпараттық сипатта әңгімелеу, түсіндіру сипатында жеткізеді. Оқушылар да өз мүмкіндіктерінше ол білімді қабылдап алады. Бірақ түсіндірмелі-репродуктивтік әдісте оқушының дербес ойлауы арқылы жүргізетін өзіндік жұмыс түрлері әлсіз болып келеді. Сондай-ақ әдебиетті оқытуда көрнекілік әдісінің де орны ерекше.

Көрнекілік оқушылардың пәнге қызығушылығын, таным белсенділігін арттырады. Дегенмен де, оны үнемі пайдалану оқушылардың дерексіз түрде ойлауын тежейді, көркем тілінің дамуына кедергі жасайды. Міне, сондықтан тиімділік идеялары да сабақта мұғалімнің өзі төселген бір әдіс-тәсілмен жұмыс істеуін немесе өзі білетін барлық әдісті бір сабаққа үйіп-төгуін жоққа шығарады, әрі бір сұрлеу ізбен жұмыс істеудің тиімсіздігін дәлелдейді.

Заман талабына сай жаңа білім мазмұнына көшу үшін қажетті көрнекіліктер құрамы төмендегідей:

- оқулықтар мен оқу хрестоматиялары;
- әдістемелік нұсқаулар;
- сөздіктер мен әдеби-теориялық ұғымдардың қысқаша сөздігі;
- портреттер (ақын-жазушылар портреті), хронологиялық кестелер мен альбомдар;
- иллюстрациялық суреттер, қылқалам шеберлері суреттерінен көшірмелер;
- тестер мен тапсырмалар жинағы;
- аудио-визуальды құралдар ;
- фонохрестоматиялар, ұнтаспаға жазылған қосымша материалдар;
- диафильмдер, слайдтар, видеороликтер, фильмдер;
- компьютер арқылы берілетін ақпаратты технологиялық программаланған дискілер;
- мазмұндамалар жинағы және т.б.

Орта мектептегі әдебиетті оқыту – ғылыми әрі шығармашылық құбылыс. Әдебиет – бір жағынан өнердің бір саласы. Әдебиетті өнер пәні десек, артық айтқандық емес. Ол балаларға әдебиеттанудан, сөз маржандарының қыр-сырын игертіп қана қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.

Мұғалім – оқушыға білім беруші тұлға. Сондықтан, ол әдебиет сабақтарында оқушыларға түрлі тақырыпта мәлімет береді. Бұл мұғалімнің баяндау әдісі арқылы жүзеге асады. Оқулыққа енгізілген шығармалар оқушылардың жас ерекшелігіне, оқырмандық қызығушылығына сәйкес болудың маңызы зор. Оқулыққа көмекші оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулардың, мұғалім кітапханасының, т.б. сериялы ғылыми-әдістемелік,

ғылыми танымдық әдебиеттер арқылы оқушыға әдеби білім беру осы баяндау әдісі арқылы жүзеге асады.

Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білуді **практикалық әдістерді** қолданудың пайдасы ерекше болмақ. Бұл әдіс оқушылардың кітаппен жұмыс жасау кезінде жазушының тілін, стилін анықтауда өте тиімді. Кез келген сабақта орындалатын тапсырмалар жүйелі, нақты, оқушы деңгейін қанағаттандыратындай дәрежеде берілсе, күтілген нәтижеге қол жеткізуге болады. Тапсырмаларды жүйелеудің ғылыми негізін жасаған әдіскер ғалымдардың пікірлері мен еңбектері қазірде де маңызын жойған жоқ. Әрбір берілетін білім мен дағдыларды класта өтіліп жатқан сабақ үстінде-ақ оқушылар меңгеріп алатындай болуы керек, ал үйге тапсырмаларды үйіп-төгіп беру баланың оқуға деген қызығушылығын төмендетеді. Мұндайда, әрине практикалық әдісті қолданған тиімді.

Берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблеманы шештіруде **зерттеу әдісі** тиімді. Ол оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы тәсіл болып келеді.

Эксперименттік әдістің бірнеше түрі бар. Жай немесе жабайы эксперименттік әдіске әрбір мұғалімнің әдебиетті оқытудағы өз тәжірибесіне бақылау жасап, зерттеу жұмысын жүргізіп отыруы жатады. Арнаулы немесе ғылыми эксперименттік әдісі эксперименттік сабақтар түрінде қолдануға болады. Аталған әдіс ғылымға негізделген әдебиетті оқыту әдістемесін жасауда аса маңызды орын алатын бақылау, зерттеудің бір түрі.

Сабақты ойын түрлерін пайдалана отырып жүргізу, оқыту әдістемесінің белсенділігін арттырып, қосалқы қосымша мүмкіндік тудыруға болады. Мәселен, рөлдік ойын барысында оқушылар әлеуметтік тұлғаларды әлеуметтік қарым-қатынас көлемінде меңгеріп ойнайды. Білік негіздерін қалыптастырып, дамытуда да рөлдік ойындардың берер көмегі өте көп. Осы ойындардың тиімділігі келесідей:

1. Рөлдік ойынның өзіне тән қасиеті – басынан бастап оның ауызша сөйлеу түрінде жүргізілуі;
2. Сөздің, сөйлемнің тілдік қызметінен ауытқымауы.
3. Рөлдік ойын барысында тілдің серіктестік жұмысының жасанды емес, шынайы түрде жүргізілу мүмкіндігі.

Сабақта ескеретін бір нәрсе, жұппен жұмыс барысында рөлдік ойындарды қолданғанда оқушылардың алдында басты міндет жұп арасындағы әңгімені өрбітуден басқа да қосалқы-қосымша міндеттердің туындамайтындығы. Сол үшін оқушыларды функционалды тіректерді пайдалана білуге үйрету керек. Мәселен, оқушылар жұп мүшелерінің алдына қойылған міндеттерді білуі шарт:

1. Нашар оқитын оқушы түзелгісі келетіндігін білдіріп, жақсы оқитын оқушыдан көмек сұрауы мүмкін;
2. Жақсы оқитын оқушы көмектесуде сөзімен де, ісімен де оған дайын екендігін көрсетуі.

Дәстүрлі әдістердің ішінде, яғни мұғалімдердің сөзі, әңгімелесу, кітаппен жұмыс, сұрақ-жауаптарға қоса, сюжетті суреттер, сахналық көрініс, музыка, психологиялық тренинг, сыни тұрғыдан ойлау стратегиясының ассоциациясы, эссе, турнир, ВЕНН диаграммасы, INSERT таблицаларын, т.б қолданылады. Осы аталған әдіс-тәсілдерді орта мектептерде әдебиетті оқыту үшін орынды пайдалана алсақ, нәтижеде тәуір болмақ.

Мектептегі «Қазақ әдебиеті» пәнін қазіргі талаптарға сай оқытуда оқушылардың өзіндік ерекшеліктері, қызығушылықтары басты назарда болғаны дұрыс. Сол себепті пәнді оқытуда баланың танымдық ой-өрісін, эстетикалық талғамын, шығармашылық ойлауын дамытуға, қатысымдық іскерліктерінің шыңдалуына оң ықпал ететін оқыту әдіс-тәсілдері тандап алынады. Оқушының ізденімпаздығын, белсенділігін, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, шығармашылық ойлауын қалыптастыруда олардың өзіндік ерекшеліктері, қабілет-қарымдары ескеріледі. Танымдық, креативтік іскерліктерді дамытуға мүмкіндік беретін шығармашылық тапсырмаларды орындау оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға жетелейді. Сөйтіп, әдебиетті оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, білім мазмұнын меңгертуде басты ұстанымдардың бірі болмақ.

Еліміздегі білім беру саласын модернизациялау, оқытудың басқа да әдістеріне де өз әсерін тигізіп отыр. Соңғы жылдары өзіндік іс-әрекетін жандандыруға бағытталған оқыту тәсілдерін іздестіру белсенді түрде жүргізіліп келеді. Өзіндік реттеу негізінде оқу тәсіліне баса көңіл бөлінеді. Бұл концептуалдық тұжырымды жүзеге асыру жөнінен жобалау тәсілінің зор мүмкіншіліктері бар.

Оқушыларды сөйлеуге, өз ойларын жеткізе білуге, пікірталастыруға тек арнайы бақылау кезінде емес, оқыту барысында, күнделікті сабақта, тіпті сабақтан тыс жұмыстарда да қалыптастырып үйрету қажет. Ұстаздың рөлі тек емтихан алып, баға қоюмен шектелмейді, сабақты бере білуі мен оқушыларды еңбекке баулып, тәрбиелеуі және пәнге қызығушылығын арттырумен айқындалады. Ал оқушы білімнің сапасы – мұғалім білімділігі мен біліктілігінің, іскерлігінің айнасы. Нарық заңдылығына сүйенсек, кез келген өнімнің сапасын өндіруші емес, оны тұтынушы анықтауы, бағалауы қажет. Сондықтан, мұғалімнің берген білімін, оның өзі ғана емес, басқалардың бағалағаны жөн болады.

Сонымен, оқыту әдістері ынталандыру мен оқу мотивін айқындау, іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыру, бақылау мен өзін-өзі бақылау тәсілдерінен тұрады. Әдістер белгілі бір оқу құралдарын пайдалануды талап етеді, әрі оқу процесінің барлық компоненттерімен, яғни мақсаты, міндеті, түрлері, ұйымдастыру түрі, басқа құралдарымен бірлікте, байланыста қарастырылады. Қ.Жұбанов та өз еңбектерінде теориялық білімі жетік мұғалімнің әдістемесін өзі жасап алатындығын айтқан болатын, яғни теориялық білімі терең мұғалім қашанда өзі жаңа әдістер табатыны анық.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Оқытудың әдіс-тәсілдері дегеніміз не?
2. Әдебиет сабағында қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланған тиімді?
3. Түсіндірмелі-репродуктивті әдіс дегеніміз не?
4. Баяндау әдісі және оның мақсаты мен міндеттерін атаңыз.
5. Сабақты ұйымдастыруда мұғалімнің шығармашылық ізденісі, әдістерді қолдану шеберлігі қандай дәрежеде болғаны дұрыс деп ойлайсыз?
6. Оқыту міндетін толық шешуді қамтамасыз ететін әдістер бар ма? Болса атаңыз.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. «Әр әдіс өз орнында жақсы, әдіс – керектіліктен шығатын нәрсе». Кімнің пікірі?

А.А.Байтұрсынов

В.Ж.Аймауытов

С.М.Жұмабаев

Д.Ш.Кәрібаев

2. Әдіс сөзінің анықтамасы:

А. Нақты міндетті шешудің тәсілі

В. Мұғалімнің оқушыны білуге жетелейтін жолы

С. Мұғалімнің оқушының ақыл-ой күшін дамыту жолы

Д. Оқушының білімі мен білігін арттыру жолы

Е. Оқушылардың мұғалім басшылығымен жүргізетін жұмыстар жолы

3. Әдіскер ғалым В.В.Голубков әдебиет сабағындағы көрсеткен негізгі үш түрлі әдіс:

А. Лекциялық әдіс, баяндау әдісі, өздік жұмыстарының әдісі

В. Зерттеу әдісі, түсіндірмелі әдіс, ізденушілік әдіс

С. Ізденушілік әдіс, түсіндірмелі әдіс, репродуктивті әдіс

Д. Түсіндірмелі әдіс, репродуктивті әдіс, өздік жұмыстар әдісі

Е. Репродуктивті әдіс, ізденушілік әдіс, ұйымдастыру әдісі

4. Әдіскер Т.Ақшолоқов көркем шығармаға талдау жасаудың мынадай әдістерін көрсетеді:

А. Образ бойынша талдау, проблемалық талдау, тұтас талдау, тақырыптық талдау.

В. Көркем мәтінді талдау, қаламгер шеберлігін талдау

С. Эпизоттарды талдау, мазмұнын талдау

Д. Пішінін, көлемін талдау, эпизоттарды талдау

Е. Эпизоттарды талдау, көркем мәтін талдау

5. Әдіс-тәсілдерді әдеби оқу, эвристикалық, зерттеушілік, репродуктивтік деп төрт топқа жүйелеп қарастыруды ұсынған ғалым кім?

А. Н.Кудряшов

В. В.Голубков

С. М.Әуезов

Д. А.Көшімбаев

Е. Т.Ақшолоқов

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса. – Москва: Просвещение, 1962.-220 с.
2. Әрінова Б.Ә. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Жазушы, 2009.-152 б.
3. Жұмажанова.Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009.- 288 б.
4. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. – Алматы, 1999.
5. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. – Павлодар, 2003.-252б.
6. Тәжіғұлова Қ.М., Мусина Д.Е. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың тиімділігі. – Алматы, 2000.

5.Әдеби білім беруде ғылыми-әдістемелік ізденістер және оқытудың жаңа педагогикалық инновациялық технологиялар

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Әдебиетті жаңаша оқыту дегеніміз – оқу процесінің жұмысына белгілі бір өзгерістер ала келетін жаңалықты енгізу болып табылады. Дәстүрлі және инновациялық аспектілердің айырым жігін ашып көрсете отырып, бүгінгі заманның талап-тілектеріне сәйкес оқытудың жаңа жүйесін ұғыну, практика түрінде оны қолдану дағдысының қалыптасуы – білім сапасын арттырудағы бірден-бір тиімді жол болмақ. Әрі бұл кез келген мұғалім еңбегінің нәтижелілігін арттырады. Дәстүрлі оқу жүйесінің кейбір тиімді тұстары болғанымен, оның адамзат дамуындағы жаңа прогрессивті талаптарына жауап бере алмайтындығы әлдеқашан дәлелденді. Инновациялық оқыту технологияларын пайдалану – алдымен мұғалімді терең теориялық және тәжірибелік білімі терең, коммуникативтік біліктілігі артық, дамыған ұйымдастырушылық қабілеттері жеткілікті, ойлау икемділігі жоғары, шығармашылық белсенділігі мықты маман екендігін ерекшелеп көрсетеді.

Педагогикалық технология – мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер жиынтығы. Педагогикалық технологиядағы басты міндет – оқушының оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. Оқу үрдісін жандандыру оқушылардың оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру және олардың тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Оқу үрдісінің тиімділігі мен сапасы мұғалімнің әдістемелік

дайындығы мен сабақ жүргізу тәсілдері мен әдістеріне, жаңа педагогикалық технологияларды игеруіне тікелей байланысты болады.

Инновациялық технологияның тиімді жақтары – білім сапасын арттыратын, жоғары нәтижеге жеткізетін процесс екендігіне көзіміз жетуде. Инновациялық іс-әрекеттің түп негізі – жаңа, соны сипаттағы үрдістерге жетуге, оның әдіс-тәсілдерін жетілдіруге бағытталған іс-әрекеттер, сол арқылы дәстүрлі қызмет саласындағы мешеу қалған элементтерден арылу.

Педагогикалық технологияны игеруде қойылатын жаңа міндеттерді меңгеру оқытудың ең жоғары нәтижесіне жетуге мүмкіндік беретін оқу – тәрбие үрдісін ұтымды, әрі үйлесімді жобалап, ұйымдастырып басқаруды жүзеге асыруға тікелей байланысты. Жаңа педагогикалық жүйе жобасында оқытудың мазмұны, әдісі және түрі оқушының танымдық іс-әрекет ерекшелігін есепке алып анықтауды қажет етеді.

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану жағдайындағы әдістемелік жүйеге қойылатын жаңа талаптар:

1. Әдістемелік жүйені жетілдіру қажеттілігі:

- оқытудың жаңа әдістерін таңдау;
 - оқытудың ұйымдастыру формасын дәл анықтау.
2. Оқытудың мотивациясы мен белсенділігін қалыптастыру:
- оқушылардың танымдық қызығушылығын тудыру;
 - оқушылардың ізденімпаздығын, шығармашылығын қалыптастыру.

3. Оқу іс-әрекетінің басқару үрдісін жетілдіру:

- оқушының өзін-өзі басқаруы;
- оқушының өз әрекетіне баға беруі.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына мүлде жаңа міндеттер қойып отыр. Ол – өз жұмыс орнында және бүкіл техникалық тізбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру. Оларды даярлау үшін білім беру саласында қазіргі дидактикалық мүмкіншіліктерді, жаңа идеяларды және білім беру технологияларын сарқа пайдалану қажет.

Педагог-ғалымдар қазіргі кезде қолданылып жүрген білім беру технология терминін әр қырынан ашып көрсетуде. Т.И.Шаповалов: «Білім беру технологиясы – қатысушыларға ыңғайлы жағдайды қамтамасыз етіп, нақты нәтижеге жету мақсатындағы білім беру үрдісін жобалаудағы, ұйымдастырудағы, бағдарлаудағы және коррекциялаудағы мұғалімдер мен оқушылардың бірлескен іс-әрекетінің үрдістік жүйесі» десе, В.П.Беспалько: «Практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба» деп анықтама береді. Мұнда ғалым педагогикалық жүйені тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланысты әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қарастырады.

В.М.Монахов: «Педагогикалық технологиялар дегеніміз – оқыту үрдісін жобалау, ұйымдастыру мен жүргізудің ойластырылған моделі» деп түсіндіреді.

Қазіргі кезде әдістемелік әдебиеттерден осы заманғы білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын 50-ден астам оқыту технологиясы қолданылып жүргендігі мәлім. Олар:

- ✓ ынтымақтастық педагогикасы;
- ✓ білім беруді ізгілендіру технологиясы;
- ✓ дамыта оқыту технологиясы;
- ✓ модульдік оқыту технологиясы;
- ✓ ірі блоктік оқыту технологиясы;
- ✓ перспективалық-озық оқыту технологиясы;
- ✓ мәселелік оқыту технологиясы;
- ✓ ойындық оқыту технологиясы;
- ✓ оқу материалдарының сызбалық және белгілік модельдерінің негізінде жеделдетіп оқыту технологиясы;
- ✓ жекелеген оқытудың технологиясы;
- ✓ саралап оқыту технологиясы;
- ✓ бағдарламалап оқыту технологиясы;
- ✓ компьютер арқылы оқыту технологиясы;
- ✓ дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы;
- ✓ өздігінен дамыту технологиясы;
- ✓ оза оқыту технологиясы;
- ✓ деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы;
- ✓ тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы;
- ✓ проблемалық оқыту технологиясы;
- ✓ түсіндіре басқарып, оза оқыту технологиясы және т.б.

Ф.А.Фрадкиннің айтуы бойынша, оқытудың инновациялық технологияларының келесідей ерекшеліктері бар:

➤ Бала дамуына әсер етуші ортаның тұрмыстық, табиғи, әлеуметтік факторларын жан-жақты зерттеу. Баланың тектік, физиологиялық, психикалық, әлеуметтік ерекшеліктерін жеке-жеке зерттеу. Зерттеудің басты мақсаты – оқушы өмірінің, оның тәрбиесі мен әлеуметтенуінің әр жақты қырын бейнелеу.

➤ Баланы табиғат әлеміне, еңбек және қоғамдық қарым-қатынастарға қатыстыра отырып, оның дүниетанымын байыту және дамыту.

➤ Өмірді өзгерту. Қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу барысында мектепте алған біліміне, білігіне сәйкес мөлтек ортаны өзгерте отырып, оқушы әрекеттің әлеуметтік мәнді түрлерін игереді.

XX ғасырдың 30-жылдары мәдени-тарихи тұжырымдама шегінде (Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев және т.б.) ерекше идея қалыптастырып, педагогикалық технологияның жаңа матрицасын өмірге әкелді. Л.С.Выготский идеясы іс-әрекеттің психологиялық теориясына (А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин) негізделген. Олар бала дамуы – оқыту мен тәрбие әсерімен және тек солардың арқасында ғана жүзеге асады деген көзқараста еді. Өйткені, олар «алда жүретін» оқыту үрдісінде ғана бала

дамуының таяу аймағы қалыптасады деп есептеді. Жалпы бала дамуының екі деңгейі бар:

- белсенді даму аймағы;
- таяу даму аймағы;

Оқытудың қазіргі технологияларын оқыту үрдісінде қолдану, оқыту технологиясына қызығушылық таныту, ынта қою, оның мазмұнын, болашағын түсініп, іс жүзіне асыра білу белгілі бір мақсатты, жүйелі дайындықтың нәтижесі болып табылатыны айқын нәрсе. Демек, оқу үрдісін ұйымдастыру мен басқару мынадай белгілі бір базаға негізделеді:

- оқыту технологияларының банкі, олардың тұжырымдамаларының ақпараттық базасы, алгоритмдері, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі;
- технологияны таңдаудың өлшемдері;
- мектептің оқу үрдісіне технологияларды енгізудің механизмдері.

Бүгінгі күнде жүзеге асып отырған инновацияның бірі – көп сатылы үзіліссіз білім беру идеясы. Бір кездері үзіліссіз білім алуға тән негізгі принциптерді неміс ғалымы Р.Даве ұсынған болатын (Р.Даве – Гамбургтегі ЮНЕСКО ағарту институтына көп жылдар бойы басшылық етті). Даве ұсынған бұл принциптер төмендегідей мәселелерді қамтыды:

- білім алумен адамның бүкіл өмірін қамту;
- білім алу жүйесін мектепке дейінгі мекеме мен мектептегі және мектептен кейінгі деңгейлерді біртұтас жүйе деп тану;
- білім алудың әмбебаптығы мен демократиялығы;
- жалпы және кәсіби білім беру салаларын үйлестіру;
- өзіндік білім алуды, өзіндік тәрбиелеуді, өзіндік бағалауды ерекше назарға алу;
- оқытуды жекелендіру;
- дүниетаным ауқымын кеңейту;
- білімге деген динамикалық көзқарас, ғылымның соңғы жетістіктерін игеру қабілетін дамыту;
- оқуға деген ынтазарлықты күшейту;
- оқуға лайықты жағдайлар мен ортаны құру;
- шығармашылық және инновациялық тұрғыдағы пікірлерді жүзеге асыру;
- «бір деңгейдегі тұлға боламын», «соған жетемін» деген мүддені алға ұстап оқыту;
- бүкіл білім беру процесі қағидаларының жүйелігі.

Міне, үзіліссіз білім алу сипаттамасы осындай мәселелерді қамтиды. Оның осылармен ғана шектеліп қалмауы – табиғи нәрсе. Үзіліссіз білім алуды жүзеге асырудың нысаны есебінде көп сатылы оқыту жүйесі танылады.

Сонымен, қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа педагогикалық технологияларды меңгерудегі мақсат – болашақ мұғалім ретінде қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде қолданылып жүрген жаңа технологияларды үйрену, оқытудың әдіс-тәсілдерін келешек кәсібінде қолдана білу болып табылады. Ол үшін аталмыш мақсаттарды жүзеге асыруда келесідей **міндеттер** қойылады:

- республикамыздың мектеп, мекемелерінің іс-тәжірибесінде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологиямен танысу;
- педагогикалық қызметтің өзекті мәселелерін білу;
- оқу бағдарламасының түрлендірілген нұсқауларын құрастыру;
- жанашыл мұғалімдердің оқыту әдістерін оқып-талдау;
- педагогикалық ізденіс пен өз бетінше жұмыс істеу қабілеттерін дамыту;
- оқу модулін құрастыру;
- оқу жобаларының мазмұнын анықтау, әр оқушыға арналған тапсырмалар жүйесін құрастыру;
- оқушылардың жаңа материалды меңгеру деңгейіне қарай тапсырмалардың түрлерін жасау;
- оқу әрекеттерінің бағалау көрсеткіштерін анықтау;
- жетіспейтін дидактикалық құралдарды жасау дағдысын қалыптастыру;
- жаңа талап деңгейіне байланысты ғылыми-әдістемелік шығармашылыққа баулу.

Сонымен, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнін оқыту үшін, педагогикалық инновациялық технологияларды меңгеріп және оларды оқу үрдісіне пайдалануда **В.М.Монаховтың** негіздемелерін ескерген дұрыс. Олар:

- оқыту технологиясын теориялық негіздеу;
- технологияның процедураларын меңгеру;
- мұғалімнің әдістемелік құралды меңгеруі;
- қолданатын технологияның нәтижесін анықтаудың әдістері және өлшемдерін білу;
- технологияны меңгеруде ыждағаттылық таныту.

Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оның қабілетін, дарынын дамыту, яғни жан-жақты дамыған рухани бай тұлғаны қалыптастыру үлкен мақсаттарды жүктейді. Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңіндегі басты мәселелердің бірі – мектептегі білім беру жүйесінде оқыту үрдісін технологияландыру. Соған сәйкес оқушы мен мұғалім арасындағы өзара түсінушілік, ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуды көздейтін ынтымақтастық технологиясы, оқушыны азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту, баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялатуды мақсат тұтқан ізгілендіру технологиясы еніп отыр. Ойын арқылы оқыту технологиясы дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жетуге ұмтылдырса, оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту проблемалық оқыту технологиясында қарастырылады. Тағы басқа осы сынды педагогикалық технологияларды қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді шығармашыл болуына жағдай жасалады.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Еліміздің білім беру жүйесіндегі жаңа талаптар мен міндеттерді атаңыз.

2. Орта мектепте әдеби білім берудегі инновациялық ізденістер дегеніміз не?
3. Қазақ әдебиетін оқытуда қазіргі педагогикалық технологияларды атаңыз.
4. Қазіргі жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды игерудің маңызы мен артықшылықтары неде? Өз пікіріңізді келтіріңіз.
5. Жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолданудың мақсаты мен міндеттері қандай?
6. Әдебиетті тереңдетіп оқыту технологиялары, проблемалық сұрақ қою технологиясы, жеделдетіп оқыту технологиясы, даралап оқыту технологиясы, ұжымдық оқыту технологиясы және т.б. технологиялар туралы не білесіз?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Технология ғылымының анықтамасы:
 - A. Білімділік ақпараттарды өңдеп, өзгертіп ұсынудың әдістері мен құралдарының жиынтығы
 - B. Қойылған мақсатқа сәйкес білімді, білікті және дағдыны құрастыру;
 - C. Оқыту үрдісін жобалау
 - D. Педагогикалық технология жинақталған интегралдық үрдіс-білімінің барлық түрін меңгеру үшін ұйымдастыру және басқару
 - E. Қойылған мақсатқа сәйкес білімді, білікті және дағдыны құрастыру
2. «Модуль» сөзінің латын тілінен аударғандағы білдіретін ұғымы:
 - A. Өлшем
 - B. Баға
 - C. Құрал
 - D. Сала
 - E. Бүтін
3. Модульдік оқытудың ерекшелігі:
 - A. Оқу мәтіндері бөліктерге бөлінеді
 - B. Әр бөліктің мазмұнына сай шығарма жазады
 - C. Жазбаша жұмыс жасайды
 - D. Түсініп оқиды, шешім қабылдайды
 - E. Проблемалық ситуация жасайды
4. Білім беруді ізгілендіру технологиясының негізін қалаушы кім?
 - A. Ш.А. Амоношвили
 - B. В.В. Фирсов
 - C. В.М. Монахов
 - D. Ж.А. Қараев
 - E. П.М. Эрдниев
5. Дамыта оқыту теориясы қай ғалымдардың еңбектерінен бастау алады?
 - A. Г.Пестолоцкий; А.Дистервек; К.Ушинский
 - B. Л.Занков; С.Выготский
 - C. В.Давыдов; В.Эльконин
 - D. А.Менчинский; С.Выготский
 - E. Л.Занков; В.Давыдов

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Бұзаубақова Қ.Ж. Білім берудегі инновациялық технологиялар. – Тараз: ТарМПИ, 2014.-324 б.
2. ЖұмажановаТ.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– Алматы: Білім, 2009.- 288 б.
3. Жанпейісова М.М. Оқытудың модульдік технологиясы жеке тұлғаны дамыту құралы ретінде.–Алматы, 2002.-180 б.
4. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. – Павлодар, 2003.- 252 б.
5. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии.– Москва: Народное образование, 1998.-225 с.
6. Тұрғанбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000.

6.Сабақ жоспарларының түрлері, құрылымы, типтері.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгертуде жаңа технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару еліміздегі ең маңызы әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр. Еліміздегі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесінің мазмұнын байыту, әлемдік білім кеңестігіне ену мүмкіндігін туғызды. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оның қабілетін, дарынын дамыту, яғни жан-жақты дамыған рухани бай тұлғаны қалыптастыру үлкен мақсаттар жүктеп отыр. Сондықтан да қазіргі заман талабына сай білімді, жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның қалыптасуына әдебиет сабақтарының маңызы ерекше.

Қазақ әдебиетін оқыту – жоғары оқу орындары мен орта мектептерге ортақ аса өзекті мәселе. Балаларды фольклор мен әдебиет мұралары үлгілерінің эстетикалық ықпалымен тәрбиелеудің негізі отбасыларында қаланады. Сөз өнері ықпалымен тәрбиелеудің бала-бақшалардағы тәлім-тәрбиелік іс-шаралармен сабақтасатыны – дәстүрге айналған үрдіс. Ал, орта мектеп пен жоғары оқу орындары үшін қазақ сөз өнері қазынасындағы фольклор мен әдебиет мұраларын тереңдете, жан-жақты оқыту – үнемі назарда болып келген жалпыхалықтық, мемлекеттік маңызды іс.

Шығармашылық – бүкіл тіршіліктің көзі. Мектепте білім беру ісіндегі басты бағдар – оқушылардың тек шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп әзірлеу. Ол үшін ең біріншіден, өз таңдаулары бойынша оқытудың ұстанымын жүзеге асыру, яғни денсаулығын, дамуын, қызығуын ескеріп, мүмкіндіктерін ашу. Екіншіден, оқыту үрдісінің сапасын арттырудың басты құрамды бөлігі – жақсы түсінікті тілмен жазылған оқулық. Оқушы өздігінен оқуы тиіс, ал мұғалімнің негізгі көңіл аударатын жайы: әрбір оқушының жеке қызығуы мен мүмкіндіктерін ашу. Әрбір оқушы басқа оқушымен салыстырылмайды. Керісінше дамуына қарай ол өзімен салыстырылады. Мектептерде шығармашылық сабақтарды жиі өткізу оң нәтижеге бастайды. Мұғалімнің кез келген сабағы

шығармашылық сипатта өткізіліп отырса, оқушы дербестігінің қалыптасуы жоғары деңгейге көтерілері сөзсіз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көпнұсқалылық қағидасы бекітілген. Бұл білім мекемелерінің мұғалімдеріне, педагогтарына өздеріне оңтайлы нұсқаны қолдануға, педагогикалық үрдісті кез келген үлгімен құруға мүмкіндік береді. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, жеке адамның қабілетін, талантын дамыту – бүгінгі мектеп алдында тұрған басты міндет. Ендеше оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын меңгеру мұғалімнен шығармашылыққа негізделген ізденістер мен іскерлікті қажет етеді.

Міне, бүгін ХХІ ғасыр табалдырығын аттап, тәуелсіздік туын биікке көтеріп, егеменді ел болып, саяси сахнаға шығып, дүниежүзіне де танымал болдық. Олай болса, білім беру саласындағы жаңа өзгерістер, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқытуда да жағымды жаңалықтармен толығып, пәнді оқыту мәселесі тың идеяларға толы болса дейміз. Кешеді, бүгінде өзге тілді мектептерде қазақ әдебиетін оқыту өте үлкен проблемалардың бірі болып қала бермек. Себебі, жылдар бойы бұл пәнді ол мектептерде пән деп санаған емес. Қазақ тілі мен әдебиетін ұлт мектептерінде оқыту – күрделі мәселелердің бірі. Оны оқытудың өзіне тән бағдарламасы да, әдісі де бар. Ал, мұғалім сол әдістерді түрлендіріп, оқушылардың қазақ әдебиетіне деген қызығушылықпен, шығармашылық ізденіспен оқуға, оны терең түсінуге, өз ой-пікірін айта білуге, психологиялық жағынан талдай білуге жол ашуы қажет. Ол үшін қазақ әдебиеті пәнінің сабақ жоспарын сауатты құрастыра білу керек.

Білім беру мекемелерінің ішіндегі үздіксіз оқу процесін жүргізетін мекемелер – мектеп, колледж, университеттер. Ондағы басты қызмет – оқу процесі. Ол оқушы мен мұғалімнің белгілі бір уақыт ішінде бірлесіп жүргізетін жұмысы. Оқу процесі мектепте бір оқу жылын қамтиды, ол оқу жартыжылдықтары мен оқу тоқсандарына бөлінеді.

Оқу процесін ұйымдастыруда оқу материалын жоспарлау, оны сабақта қабылдатуға, игертуге жағдай туғызу – басты мәселе. Оқу процесін жоспарлауда екі мақсат көзделеді. Біріншісі – бір қалыпты жұмысты ұйымдастыру; екіншісі – пәнді оқытудағы жетістік, кемшіліктерді бақылап саралау, бағыт-бағдарын айқындау. Мектептегі оқу процесінде үш жоспар жүзеге асырылады.

- Күнтізбелік
- Тақырыптық
- Сабақ жоспары.

Күнтізбелік жоспар – бұл бағдарламадағы тақырыптардың оқу тоқсандарына және апталарға жіктелуі. Оқытушы осы жоспар арқылы пәнді жүргізуге бағдар жасап, әрқласқа байланысты оқу мақсатын бірқалыпты, жүйелі жүзеге асырады. Күнтізбелік жоспарды немесе жылдық

жоспарды жасауда кластағы апталық сағат саны, сол жылдағы күнтізбенің ерекшелігі мереке күндері мен демалыстар ескерілуі керек.

Тақырыптық жоспар – бұл бағдарламадағы әрбір тақырыпқа белгілі мөлшерде берілген сағатты тақырыптың күрделі немесе жеңілдігіне қарай бөлу. Бұл жоспар тақырыпты ретімен, мақсатты түрде өтуге көмектеседі.

Сабақ жоспары – бұл әрбір сабаққа күнделікті жасалатын жоспар түрі. Ол мұғалімнің сабақты жоспарлы ұйымдасқан түрде өтуіне бағдар береді. Ал колледж және университеттерде жұмыстық оқу жоспары жасалады.

Енді осы жоспарлардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтсек. Күнтізбелік жоспардың мұнан басқа келесідей **шарттары** бар:

- Мектеп бағдарламасын толық, сапалы орындауға мүмкіндік береді.
- Класы, типі бір мектептегі оқу жұмысының қатаң тәртіппен, бірыңғай жүйемен өтуіне жағдай тудырады.
- Жүйесі бұзылса, істе жүйесіздік туып, оқу жұмысының сапасы нашарлайды.
- Дидактикалық мәні зор.
- Мұғалім оны толық орындауға міндетті.

Күнтізбелік жоспардың **маңызы**:

1. Әдебиеттік материалдарды тоқсанға бөлу.
2. Қай материал тұсында қандай теориялық білім элементтерін берілетінін жоспарлау.
3. Тіл дамыту жұмыстарын анықтау.
4. Әр шығарма, жеке ақын, жазушыларға арналған сағат санын мөлшерлеу.
5. Әдебиеттік оқудан класта және кластан тыс оқылатын мәтіндерді белгілеу.
6. Тоқсан, жыл аяғында жүргізілетін пысықтау, қайталау сабағына арналған сағаттарын белгілеу.
7. Басшылыққа алынатын оқу құралдарын, көрнекіліктерді нақтылау.

Оқушыларға әдебиеттік білім беруде ескерілетін тағы бір жайт уақытты ұтымды пайдалану. Ол үшін әр класқа бөлінген сағаттарды орнымен үнемді қолдана білу керек.

Тақырыптық жоспар көлемді бөлімдерді жеке тақырыптарға (сағаттарға) бөлуді тиімді болмақ. Мысалы, 5-класта халық ауыз әдебиеті бойынша 18 сағат берілген болса, мұғалім ең алдымен осы сағаттарға оң сегіз сабақтың жоспарын құрып, тіркескен сабақ жоспарын жасап алады. Сонда әр сабақтың мақсаты, мазмұны бірін-бірі қайталамайды, міндет те, әдіс те жаңа, оқушылардың әсері де, ынтасы да жаңа болып, жұмыс әрі жүйелі, әрі мазмұнды болып шығады. Осы үлгінің негізінде әр мұғалім тақырыптық жоспарды жасай алады.

Тақырыптық жоспар үлгісі

I және II тоқсан

№	Сабақтың тақырыбы	с/с	Мерзімі	Сабақтың мақсаты	Пәнаралық байланыс	Сабақтың жабдықталуы, көрнекіліктер
1	Кіріспе. Қазақ фольклоры.	1		Қазақ фольклоры туралы жалпы мағлұмат беру.	тарих, әдеп	Шығармалар жинағы, суреттер.

					нақыл сөздер
2	Тұрмыс-салт жырлары	1		Тұрмыс-салт жырларының ерекшеліктері жөнінде білім беру.	әдеп Интерактивті тақта.
3	Төрт түлік малға арналған жырлар	1		Шығармалардың тақырыбына, идеясына, мазмұны мен көркемділігіне тоқталу.	әдеп БАҚ материалдары, «Қазақ әдебиеті» газеті
4	Наурыз жырлары.	1		Наурыз жырларының ерекшеліктері жөнінде білім беру.	әдеп, саз слайдтар, шығармалар жинағы.
5	Салт-дәстүрге қатысты жырлар.	1		Салт-дәстүрге қатысты жырлардың ерекшеліктері жөнінде білім беру.	тарих, әдеп БАҚ материалдары, «Қазақ әдебиеті» газеті.
6	Төрт түлік-қазақтың асыл қазынасы.	1		Төрт түлікке қатысты шығармалардың тақырыбына, идеясына, мазмұны мен көркемділігіне тоқталу.	Тарих, әдеп слайдтар, шығармалар жинағы.
7	Мақал-мәтелдер. Отан, өнер-білім туралы.	1		Шығармашылыққа баулу	Интерактивті тақта.
8	Мақал-мәтелдер. Еңбек туралы.	1		Мақал-мәтелдердің тақырыбына, идеясына, мазмұны мен көркемділігіне тоқталу.	БАҚ материалдары, «Қазақ әдебиеті» газеті
9	Жұмбақтар	2		Қазақ жұмбақтары туралы жалпы мағлұмат беру	Интерактивті тақта.
10	Ертегілер	1		Қазақ ертегілері туралы жалпы мағлұмат беру.	слайдтар, шығармалар жинағы.
11	Түлкі мен ешкі ертегісі.	1		Ертегінің тақырыбына, идеясына, мазмұны мен көркемділігіне тоқталу.	Интерактивті тақта.
12	Қаңбақ шал ертегісі.	1		Ертегінің тақырыбына, идеясына, кейіпкерлерінің ерекшелігіне тоқталу.	Интерактивті тақта.
13	Мақта қыз бен мысық.	1		Ертегінің тақырыбына, идеясына, мазмұны мен көркемділігіне тоқталу.	БАҚ материалдары, «Қазақ әдебиеті» газеті
14	<i>Аралық бақылау үзгісі.</i>	1		Оқушылардың білімін тексеру.	
15	Жаңылтпаштар.	1		Жаңылтпаштар туралы жалпы мағлұмат беру.	Интерактивті тақта.
16	Аңыз әңгімелер	1		Қазақ аңыз әңгімелері туралы жалпы мағлұмат беру.	БАҚ материалдары, «Қазақ әдебиеті» газеті

17	Алдар көсе мен қу жаурын.	1		Аңыз әңгіменің тақырыбына, идеясына, мазмұны мен көркемділігіне тоқталу.	Интерактивті тақта.
----	---------------------------	---	--	--	---------------------

Күнделікті сабақтың жоспарынкүнтізбелік және тақырыптық жоспарнегізінде әр мұғалім өзі жасайды. Сабақ жоспары кластағы бірлескенжұмыстың үлгісі болғандықтан, оның мақсат-мазмұнымен байланысты болады. Сондықтан ол аса жоғары жауапкершілікті талап етеді.

Сабақ жоспарының үлгісі:

Қазақ әдебиеті

Класы: 10-класс

Күні :

Сабақтың тақырыбы: Абай өмірі мен шығармашылығы бойынша қорытынды сабақ

Сабақтың мақсаты :

1. Білімділік: Ұлы ақын Абайдың өмірі мен шығармашылығы бойынша өткен тақырыптарды бекіту, қорытындылау.

2. Дамытушылық: Ақын шығармаларының кез келгенін талдай білу дағдысын одан әрі қалыптастыру, оқушының сөйлеу тілін дамыту.

3. Тәрбиелік: Сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық өситтерінен нәр алғызу, халықтың рухани байлығы-әдебиет арқылы оқушыларды инабаттылыққа, сұлулыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі : сайыс сабақ

Сабақтың әдісі : Сұрақ-жауап, көрнекілік, іздендіру, зерттеу, техникалық құралдар түрлерін пайдалану.

Сабақтың типі : Алған білімдерін жинақтау және дамыту.

Көрнекілігі: Ақын портреті, ақын туралы айтылған ұлы адамдардың сөздері, ақын өлеңдерінен үзінді, кітап көрмесі.

Пәнаралық байланыс: Қазақ тілі, тарих, бейнелеу, саз.

Сабақтың барысы :

I Ұйымдастыру кезеңі.

II Кіріспе. Мұғалім сөзі:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма, – деп ақынның өзі айтқандай, «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп», тар жол, тайғақ кешу өмірін кешті, өкініш пен өксігі көп, қайғысы, қасіреті мол қараңғы қапас өлкеде ел мұндарын жау жүрегінен ағыта, шабытты жыр ғып төккен ойын Абай туралы сабағымызды жыр алыбы Жамбылдың өлеңінен бастағанды жөн көріп тұрмын. Ақын Абайдың суретін көргенде:

Мына тұрған Абайдың суреті ме ?

Өлең сөздің ұқсаған күдіретіне
 Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған
 Әр Абайдың төтеген кім бетіне? –деп айтқан екен.

Бүгінгі сабағымыз Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын қорытындылау түрінде өтеді. Сол себепті, мен сіздерді 4 топқа бөліп отырмын.

Алғашқы топ «Тарихшылар» тобына берілетін тапсырмалар мынандай:

1-тапсырма. Абай қай жылы, қай жерде дүниеге келді? Оның азан шақырып қойған шын аты кім?

2-тапсырма. Абайды кім тәрбиеледі?

3-тапсырма. Абай неше ағайынды? Ол қай өлеңінде айтылған? Олардың аттарын атай аласың ба?

4-тапсырма. Абайдың ұл-қыздарының есімін ата. Оның неше әйелі болған?

5-тапсырма. Абайдың тұңғыш ескерткіші қай қалада, қашан қойылды? Абай музейі қай қалада орналасқан?

6-тапсырма. Алматыдағы Абай даңғылы бойындағы Абай ескерткіші қай жылы орнатылды? Мүсіншісі кім?

Екінші топ «Суретшілер» тобына тапсырма.

1-тапсырма. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіне сурет салу.

2-тапсырма. Абайдың суретін тұңғыш рет қарындашпен кім, қай жылы салды?

3-тапсырма. Абайдың суретін майлы бояумен тұңғыш рет қай жылы салды?

4-тапсырма. «Абай киіз үй жанында», «Абай», «Жас Абай» суреттерін салған кім?

5-тапсырма. «Абайдың суретіне» деген өлеңді кім жазды? Басқа қандай ақындардың Абайға арнаған өлеңдері бар?

6-тапсырма. Абайдың портретіне қарап отырып, мінездеме бер.

Үшінші топ «Әдебиетшілер» тобына тапсырма.

1-тапсырма. «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің шығу тарихы туралы не білесіңдер? Әнімен айтыңдар.

2-тапсырма. Абайдың 29-ншы қара сөзінде не туралы айтылған. Мысал келтір?

3-тапсырма. Абай қандай орыс ақындарының өлеңдерін аударған? Атап өт.

4-тапсырма. Тұңғыш рет Абайдың өлеңдер жинағы қайда, қай жылы, кімнің баспаханасында, кімнің басшылығымен басылып шықты?

5-тапсырма. Абайға арналған тұңғыш әдеби кеш қашан, қайда, кімнің басқаруымен өткізілді?

6-тапсырма. Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр, талап –
 Бұларды керек қылмас ешкім қалап.

Терең ой, терең ғылым іздемейді,

Өтірік пен өсекті жүндей салып, – деп аяқталатын өлеңнің

аты.

Төртінші топ «Жазушылар» тобына тапсырма.

1-тапсырма. «Әкенің баласы болма – адамның баласы бол» – дегенде, ақын не айтқысы келген?

2-тапсырма. Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
 Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспедім уысыма

Қолымды мезгілімнен кеш сермедім, – деген өлеңінде ақын не туралы айтқысы келді?

3-тапсырма. Қара сөздерін ақын қандай мақсатпен жазды?

4-тапсырма. Абай туралы қандай шығармалар бар?

5-тапсырма. Абайдың табиғат лирикасына жазылған өлеңдерін атап шық.


6-тапсырма. Қандай әндер жазған?

Барлық топқа **ортақ тапсырма.** Берілген сөздерді қатыстырып, шағын әңгіме құрастырыңдар: Абай, ақын, халық, ғылым, ұрпақ, кемеңгер, надандық, адамгершілік, үміт, сенім. Әр топтан бір оқушыорындаған тапсырмасына жауап береді.

Қорытынды сөз: Әр топ өзінің тапсырмаларына жақсы дайындалған екен. Енді сіздерге айта кететін тағы бір тапсырма бар. Ол Абай ағамыз күйші екенін білуіміз керек. Сол себепті, қазір дәптерлерімізді ашып, мәліметтерді жазып аламыз. Алдымен, біреулеріңіз осы күйлерді атай аласыздар ма?

Жақсы білмесеңіздер, мен өзім айтайын. Абай ағамыздың үш күйі бар. Олар: «Торы жорға», «Май түні», «Абайдың желдірмесі».

Сабақты бекіту: Топтастыру стратегиясы арқылы бүгінгі сабақты қорытындылаймыз.



Үйге тапсырма: Абайдың бір өлеңін жатқа айту.

Бағалау.

Сонымен, қазақ әдебиетін оқытудағы сабақ жоспарларының сан алуан түрі бар. Ол алдымен, уақыт талабына сай өзгеріп отырса, екіншіден әр мектептің білім беру ерекшелігіне қарай, үшіншіден, пән мұғалімінің өз қызметіне деген құрметі мен жауапкершілігіне байланысты түрленіп отырады. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәнінің сабақ жоспарлары бағдарлама мазмұны мен оқытуға қойылған талаптарға да сәйкес өзгеріп отырады. Оны құрастыруда хрестоматия мен оқулықтың өзіндік ерекшеліктері, мазмұны, әдістемелік аппараты да ескеріледі. Ең бастысы, олар педагогикалық-психологиялық оқыту әдістемесі ғылымдарының соңғы жетістіктеріне сай жетілдіріп, толықтырылып отырады.

Жалпы сабақ жоспары бұл –шығармашылық жұмыс. Үлкен ізденіс нәтижесі. Әдістеме ғылымында оның негізгі құрылымы тұрақты болғанымен, мазмұны мен формасы өзгермелі.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Күнтізбелік жоспар дегеніміз не?
2. Күнтізбелік жоспардың басты шарттары қандай?
3. Тақырыптық жоспардың әдебиет сабағына тиімді тұстарын атаңыз.
4. Күнделікті сабақ жоспары, оған қойылатын талаптар.
5. Сабақ жоспарын құрастырудағы басшылыққа алатын негізгі принциптер қандай?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Мектептегі оқу процесінде үш жоспар жүзеге асады. Олар:
 - A. Күнтізбелік. Тақырыптық. Сабақ жоспары.
 - B. Жылдық жоспар. Тоқсандық жоспар. Тәрбиелік жоспар.
 - C. Мақсаттық жоспар. Қызығушылық жоспар. Сабақ жоспары.
 - D. Сабақ жоспары. Тоқсандық жоспар. Тәрбиелік жоспар.
 - E. Кластан тыс жұмыстардың жоспары. Сабақ жоспары. Сабақ кестесі
2. Сабақтың құрылысына қойылатын талап:
 - A. Сабақтың тақырыбы бойынша мақсаттарын дұрыс анықтау
 - B. Бағдарлама бөлімдерін білу
 - C. Жаттығу жұмыстарын орындау
 - D. Әдістерді пайдалану
 - E. Көрнекілік әдістерін пайдалану
3. Мақсатқа бағытталған мұғалім мен оқушының ұжымдық шығармашылық еңбегі:
 - A. Сабақ
 - B. Білім беру
 - C. Оқу
 - D. Оқыту
 - E. Жоспар
4. Бағдарламадағы тақырыптың оқу топтарына және апталарға жіктелуін көрсететін жоспар түрі:
 - A. Күнтізбелік жоспар
 - B. Тақырыптық жоспар
 - C. Сабақ жоспар
 - D. Тәрбие жоспары
 - E. Оқу жоспары
5. Әрбір сабақтың құрылымында болатын бірліктер:
 - A. Логикалық, психологиялық, ұйымдастыру
 - B. Логикалық, диагностикалық, ұйымдастыру
 - C. Психологиялық, ұйымдастыру, педагогикалық
 - D. Психологиялық, диагностикалық, ұйымдастыру

Е. Логикалық, ұйымдастыру, педагогикалық

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Әбілкасымова А.Е., Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. – Алматы, 2003.-144 б.
2. Әрінова Б.Ә. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. – Алматы: Жазушы, 2009.-152 б.
3. Жұмажанова. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009.- 288 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту методикасының очерктері. – Алматы, Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1962, 210 б.
5. Тұрғынбаева Б.А., Шәбденов Б.Ш. Шығармашылық баспалдақтары. – Алматы, 2003.-112 б.
6. Педагогическое мастерство и педагогические технологии /под.ред. Л.К.Гребенкиной, Л.А.Байковой.– Москва, 2000.

II. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТПАЙТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ

1. Әдебиет сабақтары және оған қойылатын талаптар. Сабақтүрлері.

Сабақ – оқу ісін ұйымдастырудың негізгі түрі. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті өзге тілді оқушыларға оқытылатын болғандықтан, ол қазақша қарым-қатынас жасауға бағытталуы тиіс. Негізінен бұл мектептердегі әдебиет сабағының барлық кезеңдерінде өтілетін материал сөйлеуге үйретуге, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталады.

Қазіргі сабақтың түрлері мен құрылымы жөнінде түрлі пікірлер бар. Академик М.Махмудов «Қазіргі сабақ» атты еңбегінде сабақтарды былайша жүйелейді: жаңа оқу материалын оқып үйрену сабағы; білім, іскерлік пен дағдыны жетілдіру сабағы; білімді жүйелеу, жинақтау сабағы; аралас сабақ. Бүгінде, ғылым мен техниканың қарыштап дамыған тұсында қазақ әдебиеті сабақтарында түрлі жаңашылдықтар қолданылуы тиіс. Қалыптан тыс сабақтарды ұйымдастаруда мұғалімнің шығармашылық еркіндігі басты назарда болады.

Оқытудың кластық сабақ жүйесі дегеніміз – оқушыларды класқа топтастыра отырып, оқу процесін ұйымдастырудың түрі. Сабақ – белгілі бір класс оқушыларын, топ студенттерін белгіленген бағдарлама бойынша оқыту. Онда оқу материалын оқып үйрену, меңгеру жүзеге асырылады. Ол үшін сабақтың нақты мақсаты болу керек. Сабақ – оқу процесінің ең кішкене бөлшегі бола отырып, оның мақсатын, мазмұнын жүзеге асырады. Сабақтың тақырыбы, мақсаты, әдіс-тәсілі анықталғаннан кейін, оның дидактикалық материалы жасалады. Мектепте өткізілетін сабақтың қалыптасқан құрылымы бар. Олар:

- ұйымдастыру кезеңі
- үй тапсырмасын сұрау
- жаңа материалды түсіндіру
- сабақты бекіту, үйге тапсырма беру
- оқушы білімін бағалау.

Сабақтың әр кезеңіне уақыт белгіленеді. Сабақ үстінде оқушылардың білім дағдылары қалыптасады. Сабақтың ойдағыдай өтуінің алуан түрлі шарттары бар. Ең бастысы – мұғалімнің білімі мен әдіс-тәсілдерінің жан-жақтылығы. Сабақты жоспарлау, ұйымдастыру, өткізу үлкен нақтылықты қажет етеді. Сабақ – күрделі процесс. Шығармашылық процесс.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерінде өтілетін қазақ әдебиеті сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету. Өз елінің тарихымен таныстыру, өз ұлтының ақын-жазушыларымен, олардың шығармаларымен таныстыру. Қай ақын-жазушының шығармасы болмасын балаларға берер тәлім-тәрбиесі өте зор. Сондықтан да оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа технологияларды қолдана білу де керек.

Сабақ дегеніміз – 45 минутқа шақталған оқу материалы негізінде балалармен жұмыс істеуге лайықталған оқу жұмысының негізгі формасы. Әдебиеттік оқудың міндеттерін сабақ арқылы ғана нақтылап, сатылап орындауға болады. Сабақтың басты элементтерін біз жоғарыда атап өттік. Сабақ түрлерінің өз құрылымы, кезеңдері бар: кіріспе, текспен жұмыс істеу, қорытынды сабақтар. Кіріспе сабақтарда мұғалім шәкірт – оқырман назарын ақын, жазушы шығармашылығының соны қырына, қасиеттеріне аударуға тырысыды. Қорытынды сабақтар тексті талдаудың жауапты кезеңі, шыңы.

Сабаққа көптеген талаптар қойылады. Солардың бастылары мыналар:

- Оқушылардың сабақты бар зейінімен, ықыласымен тындауын ұйымдастыру;
- Мұғалімнің материалды жеткізу шеберлігі, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануы;
- Оқушының теориялық жағынан білімді меңгергенін іс-тәжірибеде, күнделікті сабақта қолдана алуы;
- Оқушы алдына проблема қойып, оны ізденіске бастау;
- Оқушының шығармашылық белсенділігін арттыратындай өз бетінше жұмыс беру;
- Көрнекі құралдың нақтылығы, әсерлігі, мазмұндылығы;
- Мысалдардың өмірмен байланыстылығы, оқушыны ойлантуға, сөйлеуге, тәрбиелеуге ықпалы;
- Сабақты басқа пәндермен, өнер салаларымен үйлесіміне, ұқсастығына қарай түрлендіру.

Бұл мәселелерге қоса, әр сабақта педагогикалық, психологиялық, физиологиялық талаптар ескеріледі. Бір кластағы оқушылар бірдей талап, әдіспен оқытылған сабақты бірдей қабылдай бермейді. Осыдан келіп, жеке оқушыларды зерттеу, олармен жеке жұмыстар жүргізу талабы туындайды. Яғни, сабақта оқыту, үйрету, тәрбиелеу, дамыту шарттары жүзеге асырылады. Осы бағыттағы жұмыстар білім беру салаларының барлығында дерлік жүргізіледі.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі әдебиет сабағы өз нәтижесін беру үшін ондатимді деген барлық әдістер сабақтар үстінде жүзеге асуы керек. Өзінің мақсаты мен құрылымына қарай мектептегі сабақ екі топқа бөлінеді:

- Оқыту-үйрету мақсатындағы сабақ.
- Бақылау мақсатындағы сабақ.

Оқыту-үйрету мақсатындағы сабақты мынадай төрт түрге бөлуге болады:

- Жаңа материалды үйрету, түсіндіру сабағы;
- Білім дағдыны қалыптастыру сабағы;
- Өткенді қайталау сабағы;
- Оқушылар жіберген қате, кемшіліктермен жұмыс сабағы.

Жаңа материалды үйрету, түсіндіру сабағы оқушыларды жаңа біліммен қамтамасыз етеді. Ол әрі қарай көрнекілік, баяндау, түсіндіру түрлерімен толықтырылады.

Білім дағдыны қалыптастыру сабағы алған білімді бекітіп, дамытады. Мұнда әр түрлі тапсырмалар орындалып, оқушыны жаңа материалды қалай игергені тексеріледі.

Өткенді қайталау сабағы бұрын өтілген тақырыптарды жүйелеп, қалай игергенін білу мақсатында жүргізіледі. Бұл сабақты тоқсан соңында, белгілі бір ірі тақырыптарды, тарауларды өткеннен кейін, жүргізуге болады.

Оқушылардың ауызша және жазбаша жауаптарында жіберген қателерге үнемі назар аударып, оларды түзеу жұмыстарын жүргізіп отыру да керек. Мәселен тіл дамыту, мәнерлеп оқу, стильдік кемшіліктерді түзеу т.б. жұмыстар жасалғаны жөн.

Бақылау мақсатындағы сабақта оқушының игеріп меңгерген білімдері тексеріледі. Бұл сабақты мынадай үш түрге бөлуге болады:

- *Оқу материалын игеруін бақылау;*

- *Ауызша жүйелі сөйлеуін, сөз, тіл байлығын бақылау;*

- *Жазбаша жұмыс түрлерін орындай алуларын қадағалау.*

Оқу материалдарын игеруін бақылауда оқушылардың сұраққа жауап беруі, өз ой-пікірлерін айта алуы, оны мысалдармен, мәтіндермен дәлелдей алуы талап етіледі. Ауызша сөйлеу кезінде оқушылардың ауызша жауаптарының жүйелі, нақты, толық болуы, ойларын көркем бейнелі жеткізуі бақыланады. Ал жазбаша жұмыс түрлерін орындау кезінде оқушылардың әдебиет сабақтарында мазмұндама, шығарма, мінездеме, пікір, тезис, конспект түрлерін жаза білуін тексеріледі. Мұнда класс оқушыларының жас ерекшелігі ескерілу керек.

Осы ұсынылып отырған сабақ формаларының негізгі түйіні оқушыны өздігінен білім алуға, ізденуге талаптандырып, еңбек етуге үйретеді. Дәстүрлі сабақ жоспарында мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіру, бекіту, қорытындылау жұмыстарын өзі атқарса, ұсынып отырған сабақ үлгілерінде баланың тақырыпты өздігінен немесе кластас құрбыларының көмегімен меңгереді. Қазіргі қоғам— жеделдетілген ғылыми-техникалық прогресстің дәуірі. Сондықтан да біз балаға жансыз техникадан гөрі, алдымен адамгершілік қасиеттің, ақыл-ой, парасаттың қажеттілігін ескере отырып, қоғамның даму үдерісінде ақиқат негізі көркем әдебиетте екендігіне сендіруіміз қажет.

Қазіргі кездемектепте сабақтың көптеген түрлері кездеседі. Оларды шартты түрде дәстүрлі(қалыпты) және дәстүрлі емес деп бөлеміз. Дәстүрлі сабақтан дәстүрлі емес сабақтың өзгешелігі жалпы сабақтың дәстүрлі құрылымы сақталғанымен, оны жүргізу, өткізу түрлері өзгереді. Дәстүрлі емес сабақтарға: дәріс сабақ, семинар сабақ, диспут сабақ, сайыс сабақ, көрнекілік сабағы, әңгіме сабағы, әдеби әуендік сабақ, сабақ викторина және т.б.

Дәріс сабақ. Мұғалімнің материалды баяндауынан, түсіндіруінен тұрады. Класқа жетекші, қорытындылаушы сауалдар қоя отырып, мұғалім оқу материалдарының негізгі тұстарын жаздыртады.

Машықтандыру сабақтары. Бұл сабақтың бірнеше ерекшелігі бар:

1. Оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша өз бетімен дайындалады.
2. Оқушы сол тақырып бойынша хабарлама жасайды.

3. Тындалған материалды талдайды.

4. Талқыланған мәселені мұғалім қорытады. Сабақтың мұндай түрі оқушылардың өзара ұқсас тақырыптарды қалай қабылдағанын тексеруге мүмкіндік береді. Мұғалім оқушыларға алдын ала тапсырма беріп, тиісті әдебиеттерді көрсетеді.

Диспут сабақ. Мұғалімнің сабақты пікірталасқа құруы оқушы белсенділігін арттырып, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Мұндай сабаққа мұғалім балама жауаптары болатын сұрақтар ойластыру керек. Сонда оқушылар әр түрлі пікірлер айтып, керекті дәлелдерін табады.

Сайыс сабақ. Бұл ортанғы кластарда өткізуге қолайлы сабақ. Оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша білімдерін сарапқа сала отырып, шапшаң, мүдірмей жауап таба білуі, өзінің пәнге деген ықыласын жан-жақты білдіре алуы, кластас оқушылардан ерекшелігін таныта алуы көзделеді.

Әңгіме сабақ. Бұл сабақты жаңа материалды түсіндіргенде де, өткен материалды қайталауда да жүргізуге болады. Әрине, бұл қалыпты сабақтың түрін ығыстыру деген емес. Әңгіменің көмегімен мұғалім неғұрлым маңызды сұрақтарды айқындап, оқушылардың ой белсенділігін жоғарылатады. Мұндағы әңгіменің дидактикалық мәні түрліше. Ол оқушының материалды қалай меңгергенін білуге ғана көмектеспейді. Сонымен қатар, олардың білімін жүйелеуге, жаңа ақпаратты меңгертуге де көмектеседі. Әңгіме жүргізуде қойылатын сұрақтар оқушыларға түсінікті, әрі нақты болу керек. Оның бір бөлігі оқушылардың есте сақтауын, қабылдауын, өткен материалды қаншалықты түсініп, меңгергенін білуге құрылса, екінші бөлігі жаңадан игеріп жатқан материалды қаншалықты түсінгенін анықтауға бағытталады.

Кейде жоғарыда көрсетілген осы сабақ түрлерін аралас етуге де болады. Мұнда оқыту, үйрету және бақылау сабақтарының элементтері аралас қолданылады. Мәселен, жеңіл бір сағаттық тақырып өткенде, оны шағын бақылау немесе өздік жұмыспен күрделендіріп, алдын ала дайындықсыз шығарма, мазмұндама, жеке жұмыс, ауызша сұрау түрлерін жүргізуге болады. Оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы мұндайда сабақта түрліше болады.

Аралас сабақ. Бұл сабақ қазіргі мектептерде кең тараған, көптеген сабақ түрлерінің алдында тұрған міндеттерге сүйенеді, бірнеше сабақтардан құралған, сондықтан оны аралас сабақ дейді. Аралас сабақтың құрылымы әр түрлі болады. Тәжірибелі мұғалімдер оқушыларға білімдерді өздік жұмыстар арқылы меңгертуді. Жаңа материалды оқытуда оны бірінше рет бекіту, қолдану жиі ұйымдастырылады. Материалды бекітумен қатар бұрын өтілген тақырыптарды тексеріп, білімдерді қалыпты емес жағдайларда қолдандырып, дағдыландырған жақсы. Сабақтың элементтерін осылай біріктіру оны оқушыларға қызықты етеді. Сонымен қатар аралас сабақтың өзіндік принциптері де бар. Олар:

1. Сабақ кезінде оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуі, оқуды қажетсіну.

2. Мұғалімнің жұмысындағы ең бастысы – оның әңгімелегені, көрсеткені, тапсырма беріп, оның орындалуын бақылауы емес. Қайта ол оқушыларды өнімді оқу іскерліктері мен дағдыларына машықтандыруы керек.

3. Жеке тұлғаны дамыту. Сабақты ұйымдастыруда және өткізуде оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сүйену, оқушылардың шамалары жететін қиындықтарды жөнуді сезуі, әр оқушының өзінің жеке қасиеттерін дамытуына жағдай жасау, сабақты әлеуметтік жағынан пісіп жетілген жеке тұлғаны қалыптастыруға бағыттау.

4. Ұжымшылдықты қалыптастыру. Ол үшін оқушылардың көп болып істейтін оқу жұмыстарын ұйымдастыру.

5. Жауапкершілік принципі.

Сабақтың типіне келер болсақ, ол дидактикалық тұрғыдан әр түрлі түсіндіріліп келеді. Б.П.Есиповтің айтуынша, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде бірнеше, ондаған әр түрлі сабақтар классификациясы берілгенімен, осы уақытқа дейін жалпы танылған, бір ауыздан қабылданған классификация жоқ.

Сабаққа қойылатын талаптар:

- Ұйымдастырушылық: сабақты өткізудің нақты жоспарының болуы. Сабақты ұйымдастыру және өтілетін сабақтың тақырыбын, мақсаты мен міндетін айқын, дұрысқойылуы. Сабақтың мазмұнына, тақырыбына, түріне сәйкес құрал-жабдықтарды, көрнекіліктер мен техникалық құралдарды сауатты тандап алып, тиімді қолдана білу керек. Сабақ үстінде оқушылардың тәртібі мен ұйымшылдығы, ынта-ықыласының сақталуы ескерілуі тиіс.

- Дидактикалық: сабақтың білімділік мақсаты мен сабақтар жүйесіндегі орнын нақты анықтау. Сабақта дидактикалық қағидалардың бәрін бірлікте, шығармашылықпен жүзеге асыру. Оқу бағдарламасы мен оқушылар дайындығына сәйкес сабақ мазмұнын анықтау. Оқыту, ынталандыру мен бақылаудың неғұрлым тиімді әдіс, тәсілдерін, құралын тандап алу. Сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін оятып, оқытудың көрнекілік, іс-тәжірибелік әдістерін тиімді ұйымдастыру.

- Тәрбиелік: сабақтың тәрбиелік мақсатын дұрыс анықтап, оның мақсатты өткізілуін қамтамасыз ету. Ғылыми білімдер негізінде оқушылардың дүниетанымын, жоғары адамгершілік, имандылық, әдептілік қасиеттерін, көркемдік, әсемдік сезімдерін қалыптастыру. Оқушылардың танымдық қызығушылығын, оқу-білімге деген жағымды қатынасын мен өз бетінше білім алу дағдысын қалыптастыру. Мұғалім жеке басының үлгісімен оқушыларға ықпал ету, ұстаздық әдеп сақтау.

Әдебиет сабақтарына қатысты мәселелердің бірі – пәнаралық байланыс. Әдебиет пәні басқа көптеген пәндермен, білім салаларымен байланысқа түседі: қазақ тілі пәнімен бірлесе отырып, оқушылардың өмірді эстетикалық қабылдауын тереңдетеді, қоғамдық циклдегі пәндермен байланысқа түсе отырып, адамның қоғамдық болмысын, қоғамдағы жеке тұлғаның мән-мағынасын айқындауға қатысты проблемалар бойынша ой, білім жинақтайды,

тарихи деректер, оқиғалар туралы көзқарасы тереңдеп, тарихи санасы байыттылады.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар, соңғы кездері қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологиялар да жиі қолданылуда. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, сол себепті қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан, жаңа ақпараттық технологиялардың тілін білетін мұғалім қажет. Негізінен сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы алдымен білім берушіге байланысты. Сондықтан сабақта жақсы нәтижелерге қол жеткізетін бірнеше жағдайлар бар. Олар:

- білімді тексерудің жаппай, жеке түрлерін қолдану;
- білімнің беріктігін, тереңдігін тексеру үшін қосымша сұрақтар беру;
- білімді қолдандыру үшін балаға таныс емес жағдаяттарды айту;
- жолдастарының жауабын тыңдап, дәлірек жауап беруге әзірлену үшін класс оқушыларына тапсырмалар беру;
- жұмыстың маңыздылығына оқушылардың көзін жеткізу;
- мұғалімнің шапшаңдығы, өз алдында тұрған мақсатқа жету үшін еңбектенуі;
- үй тапсырмаларын барлық оқушылардың қалай орындағанын анықтауға мүмкіндік беретін тәсілдердің жүйесін қолдану;
- үй тапсырмаларын орындау – оқытудың нәтижелеріне ықпал ететінін оқушылардың түсінуі;
- мұғалім мен оқушының жайдарлылығы;
- ұйымдастыру бөлімінің қысқалығы;
- кластың, сабақ жабдықтарының жұмысқа толық дайындығы;
- класты тез жұмысқа кірістіру;
- барлық оқушылардың назарын сабаққа аудару;
- мұғалімнің оқушылардың зейінін шоғырландыра білуі, өзін-өзі ұстауы, жинақтылығы;
- көп сөйлемей, жігерлілік;
- талап қойғыштық және оқушылардың жағдайына зейінін аудару және сабаққа кешікпей келуі;
- психологиялық үзіліс және сұрақтарды қолдану, сабақ тақырыбына зейінді шоғырландыру;
- жылы жүзділік және кең жүректілік;
- талапты тұрақты және жүйелі қою.

Сабақты талдау. Ол сабақтың сыртқы байланыстарын ашу; сабақтың үш бірлік мақсатын айқындау; сабақтың құрылымын бөлшектеу; Оның үлгісі төмендегідей:

САБАҚТЫ ТАЛДАУ

Күні _____ класы _____ пәні _____
 Мұғалімнің аты-жөні _____
 Сабақтың тақырыбы _____
 Сабақтың мақсаты: _____
 Сабаққа қатысу мақсаты _____

Сабақтың әрбір кезеңін төмендегідей бағалау керек

«4» өте жақсы; «3» жақсы; «2» қанағаттанарлық; «1» өте нашар. Барлық балдар қосылып 21-ке бөлініп, орта баға шығарылады.
 3,4-4,0— өте жақсы; 2,4-3,4— жақсы; 1,7-2,4— қанағаттанарлық; 1,0-1,7— қанағаттанарлық емес;

№	Көрсеткіштер	Балдар	Ескерту
1	Сабақтың мақсаты мен міндеттерінің қойылуы		
2	Өткен тақырыптың қайталануы		
3	Оқушылардың зейінін жаңа тақырыпқа тарту		
4	Жаңа материалды игерудің әдіс-тәсілдері		
5	Өткен сабақтың жаңа сабақпен байланысы		
6	Сабақта проблемалық мәселені қоя білуі		
7	Таным белсенділігінің дамуы		
8	Ауызша сөйлеу, тіл дамыту, жазу дағдысының қалыптасуы		
9	Бірыңғай орфографиялық ережелердің сақталуы		
10	Ұжымдық, жекелеп, саралап оқытуды ұйымдастыру		
11	Оқушының сабаққа және пәнге деген қызығушылығы		
12	Оқушының өз бетімен жұмыс істеу қабілеті		
13	Сабақтың ғылыми негізде меңгерілуі, түсінуге оңайлылығы, оңтайлылығы, жүйелілігі		
14	Пәнаралық байланыс		
15	Мазмұнының маңыздылығы, білімнің өмірмен байланысы		
16	Қойылған бағалардың нақты болуы		
17	Жабдықталуы, көрнекіліктің қолдануы		
18	Уақытты тиімді пайдалануы		
19	Білімді бақылау, бағалау		
20	Үй тапсырмасының берілуі, дәлдігі, мөлшері		

21	Сабақтың тәрбиелік мақсатының орындалуы		
	Балдар жиынтығы		

Қорытынды _____

Ұсыныстар _____

Қатысқан _____ Қолы _____

Әдебиет – заманалар тарихының, ұлы оқиғалардың, адамзат тіршілігінің, таным-нанымдарының көркем шежіресі. Әдебиет адам баласымен бірге жасап, оларға рухани күш-дем беріп, бірге дамып, өсіп келе жатқан өнердің бір түрі.

Орыс мектептерінде өтілетін қазақ әдебиеті сабақтарының мақсаты – оқушылардың сөздік қорын дамыту, дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, қазақ елінің тарихымен таныстыру, қазақ ұлтының ақын-жазушыларымен, олардың шығармаларымен таныстыру. Оқу орнының типі мен профиліне, аймақтық мәдени-этникалық ерекшеліктеріне және басқа да алғы шарттарға байланысты әдеби білім мазмұнының міндетті деңгейін сақтай отырып, сабақты күрделендіруге, тереңдетіп беруге де, әр түрлі вариантта құруға да болады.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Сабақ дегеніміз не және оның түрлері қандай?
2. Сабақ және оған қойылатын негізгі талаптарды атаңыз.
3. Сабақ құрлымының мақсаты, оның басты ерекшеліктері қандай?
4. Қазіргі әдебиет сабақтарындағы жаңалықтар мен тың ізденістер деп нені айтуға болады?
5. Мұғалімнің шығармашылық еркіндігі дегенді қалай түсінесіз?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Әдебиет пәнінің ерекшелігі:
 - A. Ойлы, ізденімпаз, өзіндік эстетикалық талғамы бар оқырман дайындау
 - B. Сөйлеу тілі арқылы ұғынысу
 - C. Дәлелденген заң жүйесі, бұлжымас ережелері бар
 - D. Ойдың тіл арқылы сыртқа шығуы
 - E. Эмоциялық, экспрессивтік, байланыстырушылық қызмет атқаруы
2. Мектепте өткізілетін сабақтың қалыптасқан құрылымы:
 - A. Үй тапсырмасын тексеру, жаңа материалды түсіндіру
 - B. Оқулықпен жұмыс, мазмұндама жазу
 - C. Көркем мәтінмен жұмыс, үйге тапсырма беру
 - D. Білім-дағдысын қалыптастыру, мазмұндама жазу
 - E. Көрнекі құралдармен жұмыс, үйге тапсырма беру

3. Оқу-үйрету мақсатындағы сабақты мынадай түрге бөлуге болады:

- A. Жаңа материалды үйрету, түсіндіру сабағы
- B. Бақылау мақсатындағы сабақ, қайталау сабағы
- C. Оқу материалын игеру сабағы, бекіту сабағы
- D. Пысықтау немесе қайталау сабағы
- E. Диспут сабағы, бекіту сабағы

4. Дәстүрлі емес сабақ түрлері:

- A. Дәріс, сайыс
- B. Экскурсия
- C. Дебат сабағы
- D. Семинар, әдеби әуендік сабақ
- E. Практикалық сабақ

5. Оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы:

- A. Сабақ
- B. Факультатив
- C. Экскурсия
- D. Олимпиада
- E. Тәрбие сағаты

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Есипов Б.П. Дидактика негіздері. – Москва, 1967.
2. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика.–Алматы: Дарын, 2004. -448 б.
3. Бітібаева Қ.Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997.-282 б.
4. Құтқожина Р. Әдебиет оқулығына әдістемелік нұсқау.–Алматы: Рауан, 1994. -94 б.
5. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. – Алматы, 1999.
6. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту.–Павлодар, 2003.-252б.

2.Әдебиет сабағындағы көрнекіліктер

Көрнекілік оқушылардың материалды тез және саналы түрде түсінуіне әсер етіп, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға әсер етеді. Алдымен көрнекіліктің маңызы мен тиімділігіне тоқталып өтсек.

- Көрнекілік білім мазмұнын байытпа түседі;
- Есту арқылы алған білімін көру арқылы бекіте түседі;
- Көрнекіліктер оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырады, ойлау, таным белсенділіктерін, көркем тілін дамытады;
- Эмоциясына әсер етеді;
- Алған білімдерін тәжірибеде жүзеге асыруға жетелейді.

Көрнекілікті сабақта тиімді қолдану – оқытушының пәнді үйретуде қосымша материалдарды, көрнекілікті тиімді қолдана алуы сабақты түрлендіре түсуге септігін тигізеді. Мәселен, белгілі бір тақырыпты аяқтаған

соң, дағдылы жазба жұмысы, қайталау сабақтарының орнына класс ішіне сол қаламгердің шығармашылығына байланысты мәлімет беретін көрнекілік түрлерін іліп, еске түсіру, қорыту мақсатындағы сабақты ұйымдастыруға болады. Көрнекілік негізінен ақын-жазушының шығармашылық өмірбаянын ретімен қамтып, суретті, иллюстративті, фильм материалдарын, ұнтаспа, басқа да көру, есту құралдарынан тұрады. Оқушы тек мұғалімнің басшылығымен әр көрнекілікке байланысты өтілген тақырыптарды пысықтайды, жеке тапсырма, ауызша және жазбаша жұмыс түрлерін орындайды. Әрине, қай сабақтың түрі болсын негізгі мақсаты оқушыларға білім дағдыларын беру, жаңа ақпаратпен қамтамасыз ету. Ең бастысы оқушыларға түсінікті, айқын білім мазмұны берілуі керек.

Алдымен, көрнекіліктердің түріне тоқталып өтсек. Оларды төмендегі кестеден көруге болады.

КӨРНЕКІЛІК ТҮРЛЕРІ

Көруге негізделген	Естуге негізделген	Көру мен естуге жататындары
Иллюстрациялар, бейнелеу өнерінің туындылары, мүсін, сәулет өнерінің шығармалары, графикалық материалдар (сызба, кесте), портрет, фотосуреттер, үлгілер, альбомдар.	Ақын-жазушылар шығармалары жазылған аудио, бейне таспалар, олар туралы жазылған естеліктер, ертегі, батырлар жыры, әңгіме, өлеңдер, әрісттер оқуындағы басқа да шығармалардың түрлері жатады.	Кино, телехабарлар оқу фильмдері, роликтер және т.б.

Көрнекілікке қойылатын талаптар келесідей:

- Қолдануға оңай әрі мазмұнды, сабақ процесінде мұғалімнің іс-әрекеті мен қызметіне тиімді, бірден-бір көмекші құрал дәрежесінде болуы керек.
- Оқушыға беретін білім мазмұнын байытып, танымын арттыратындай, әрі қосымша хабарлама беретіндей жасалуы да басты талаптардың бірі.
- Тұжырымдылық, нақтылық, ғылыми жағынан тереңдік болғаны дұрыс.
- Жазуын соңғы партада отырған бала да оқи алатындай болуы керек.
- Көркемдеуі, безендіруі, бояулары әлем-жәлем емес, қарапайым, оқушы жан жүйесіне, көру қабілетіне кері әсер етпейтіндей, мектеп гигиенасына сай болуы керек.

Қолданылатын көрнекіліктер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады, түсіндірілген материалдарды саналы меңгертуге ықпал жасайды. Оқушылардың білім сапасының көп жағдайларда төмен болуы, осындай түрлі ойлау әрекеттеріне бейімделмеуден, дағды бермеуден деп айтуға болады.

Көрнекілік құралдарды сабақ барысында пайдалану ерекшелігі – оқушылардың байқау, көру, есту қабілеттерін дамытады. Көрнекілік мұғалімдердің көп шығармашылық ізденісін, әдістеме жаңашылығына сергектікті, оны сабақ өткізу барысында шебер пайдалана білуді талап етеді. Мұның өзі сабақ көрнекілігіне жеңіл-желпі қарауға болмайтынын байқатады.

Оқу құралдарына оқу кітаптары, көрнекі және техникалық құралдар жатады. Олар келесідей топтастырылады:

1. Оқу кітаптары – оқулықтар, көрнекі және техникалық құралдар жатады.
2. Көрнекі құралдар – кестелер, сызбалар, суреттер, альбомдар, фотосуреттер, тарихи, экономикалық, географиялық карталар т.б.
3. Техникалық құралдар – ұнтаспа, телеарна, бейнетаспа, компьютер т.б.

Көрнекі әдістерді пайдалану барысында ақпараттық материалды игеру процесінде көрнекі құралдар сұлбе (схема), кесте, сурет, модельдер, приборлар, техникалық құралдарды тікелей қолдануға тәуелді. Бұлардың бәрі оқушының сезім тетіктеріне ықпал жасауға негізделіп, сөздік және практикалық әдістермен бірге пайдаланылады.

Әдістердің екінші тобына көрнекілік әдісі жатады. Олар бақылау және эксперимент, демонстрация, иллюстрация. Кейбір әдістемелік еңбектерде көрнекіліктің түрлері келесідей топтарға бөлінеді:

- табиғи /сан түрлі табиғи объектілер, заттар/;
- жасанды /макеттер, муляждар, тұлыптар, карталар, суреттер, фотографиялар, плакаттар, портреттер т.б./;
- графикалық /схемалық, графикалық бейнелер, сызулар, диаграммалар, таблицалар, кестелер т.б./;
- дыбыстық /таспаға жазылған көркем сөз, әдеби текстер/ өлең, проза, музыка, ұлы адамдардың ойлы сөздері, халықтың мақал-мәтелдері, жаңылтпаштары, жұмбақтары жазылған магнитофон таспалары, күй табақтары т.б./;
- техникалық /киноаппараттар, диафильмдер, диапозитивтер, диопроэкторлар, эпидиаскоптар, телевизор, радио, интернет желісі, пәндік-әдістемелік Web сайттар т.б./ көрнекіліктер.

Оқытудың көрнекілік әдісінің толық мәнді сабақ өткізіп, берік білім беру қиын. Сондықтан оқушыларға білімді сапалы меңгертуде көрнекілік әдісін пайдаланудың маңызы зор. Жоғарыда аталған көрнекіліктерді қолданылу ретіне жекелей тоқталсақ.

Қазақ әдебиеті сабағында техникалық құралдарды пайдаланудың жолдары сан алуан. Техникалық құралдар дыбыстық, проекциялық болып бөлінеді. Соңғы кездесіністе мұғалімге өзінің немесе маман дикторлардың өнер қайраткерлерінің орындауындағы мәтін тақырыптарын, мақал-мәтелдерді де тыңдатып жаттықтыру жұмыстарын кеңінен қолдануға болады. Ал магнитофонды қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде мынадай мақсатта пайдалануға болады. Ерекше дыбыстарды тыңдату, қазақша ән үйрету, өлеңді оқуға және жаттауға үйрету, қысқа өлең, тақпақтарды тез жаттауға болады.

Көптеген жаңа технологиялармен қатар, соңғы кездері қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технологиялар да жиі қолданыс табады. Жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға беру процесі. Бұл процесті іске асырудың негізгі құралы компьютер болып табылады, ал мұғалім оның тілін меңгеруі керек.

Ақпараттық технологиялардың бірі – интерактивтік тақта, мультимедиялық және он-лайн сабақтары.

Қазіргі таңда мектептерде жаңа ақпараттық технологияларды қолдану кеңінен қарастырылған. Мектеп кабинеттерінде интерактивтік тақта орнатылған. Сондықтан бұл тақтамен әр сабақты қызықты өткізуді ойластырып, жоспарлай білу керек, себебі қолда бар мүмкіндіктерді пайдалану арқылы оқушыларды жаңа заман технологиясымен жұмыс жасауға үйретеміз. Енді нақты қазақ әдебиеті сабақтарына тоқталып өтейік. Мәселен, 5-класста әдебиетпен танысу халық ауыз әдебиетінен басталады. Бұл блокта оқушылар тұрыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, ертегілер сияқты ауыз әдебиет үлгілерімен танысады. Оқушылардың мақалдарды түсініп, есте сақтауын қамтамасыз ету мақсатында интерактивті тақтаның көмегі зор. Мұғалім тақтаның сурет салу редакторы арқылы тақтада мақалдарды ребус түрінде береді, оқушылар сол ребустарды шешеді. Келесі сабаққа өздері де ребус ойлап тауып, тақтаға салып, басқа оқушылардың шешуін сұрайды. Немесе, ертегілерді басқа ұлт балалары бір оқығаннан түсіне алмайды, олар үшін интерактивті тақтаға таныс емес сөздерді жазып қойсақ, сол сөздермен сөйлем құрастырып, алдың-ала жұмыстар жүргізсек, онда ертегіні оқу барысында олар көптеген қиындықтарға кезікпес еді. Бұл бір жағынан оқушылардың сөздік қорын да байытады, осы тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады.

Енді, лирикалық шығармаларды оқытуға тоқталатын болсақ, бұнда да ақпараттық технологиялардың алар орны зор. Оқушыларды әуелі слайд көрсету арқылы өлең авторының өмір жолымен таныстырып, осы өлеңнің шығу тарихына ерекше тоқталып, өлең мазмұнын балаларға түсіндіріп, содан соң оқушыларға компьютер немесе магнитофон арқылы өлеңді тыңдату басқа ұлттың балаларының жүрегінде жағымды әсер қалдыратыны сөзсіз. Осындай жұмыс түрлері оқушылардың қазақ поэзиясына деген сүйіспеншілігін оятады.

Жоғары кластарда роман сияқты көлемді туындыларды оқыту тіпті үлкен қиыншылықтарға әкеп соғады, себебі балалар кітап оқып отырғаннан гөрі, компьютер алдында көбірек отырғанды қалайды. Осы мәселенің шешуін де ақпараттық технологиялар көмегімен табуға болады. Мәселен, романды оқуға екі немесе үш сағат берілсе, оның бірінші сабағында мұғалім қысқаша роман кейіпкерлерімен, мазмұнымен слайд арқылы таныстырады. Екінші сабақта осы роман сюжеті бойынша түсірілген кинофильм болса, содан үзінділер көрсетіледі. Ал, үшінші сабақта алған білімді бекіту мақсатында электрондық оқулық бойынша тест және т.б. бақылау түрлерін өткізіп, оқушылармен пікірталас жүргізуге болады. Үй тапсырмасы ретінде бір шығармашылық топ құрып, оларға осы роман немесе әңгіме үзіндісі бойынша видеобейне түсіріп, келесі сабақта интерактивті тақта арқылы сол видеобейнені класқа көрсетуге де болады. Міне, ақпарат құралдарының көмегімен сабаққа қатысу белсенділігі төмен оқушылардың да қызығушылығын арттыруға болады.

Ақпараттық технологиялардың оқу-тәрбие үрдісінде қолданылуы мұғалімдердің де, оқушылардың да мүмкіндіктерін де кеңейтеді. Ендеше, ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану қазіргі таңда өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны даусыз. **Интерактивті тақта** – көрнекілікті қамтамасыз ететін мультимедия құралы ғана емес, оның негізгі мүмкіндігі мен ауқымы кең. Интерактивті тақтаны, компьютерді пайдалану сабақ сапасын көтерумен қатар, оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыруда да ерекше орын алады. Оқушылардың назарын пән мазмұнына аударып, өз бетінші практикалық жұмыстарды орындауға жағдай жасалынады. Ақпараттық технологиялар пайдаланылған сабақ үлгісін көрсетейік.

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі екі сағатқа берілгендіктен, бірінші сағатын дәстүрлі сабақ бойынша, екінші сабағымызды практикалық тапсырмаларды орындау мақсатында интерактивті тақтаны көрнекілік ретінде пайдалана отырып, Activstudio Professional Edition программасы арқылы слайд-шоу қолданған тиімді.

Activstudio Professional Edition бағдарламасы – мұғалімнің интерактивті тақта арқылы сабақты өткізу барысында Aktiv тақтаны қолдануға негізделген программалар құрылғысы. Оны арнайы презентация өткізгенде және сабақ барысында қолдануға болады.

Слайдтың бірінші бетінде ассоциация әдісін пайдаланып, өткен сабақта автордың өмірі мен шығармашылық қызметі төңірегінде берілген үй тапсырмасын орындаймыз. Оқушылар актив қаламның көмегімен жұмыс жасайды.

2-слайдқа сабақтың бірінші сағатында оқушылармен бірлесе отырып құрған жоспарды енгіземіз. Ертегінің мазмұнын жоспар бойынша оқушылардан тізбектей сұрап шығу арқылы кластың сабаққа дайындығын білуімізге болады.

3-слайдта топтастыру әдісі арқылы ертегідегі кейіпкердерге мінездеме береміз. Мектеп қабырғасында төменгі сыныптардан бастап әдеби шығармаларды талдау барысында көркем кейіпкерлер тұлғасына ерекше көңіл бөлінеді. Мұнда оқушылар кейіпкер мінезінің сыр-сипатын, ерекшелігін аңғаратын анықтамалар, мінездеmeler арқылы оның әлеуметтік саяси жай-күйін, іс-әрекетін, мінез-құлықтарына назар аударып отырады. Бұл олардың дүниетанымдық көзқарастарының негіздерін қалыптастыруға және оларды адамгершілік игі мақсаттарға тәрбиелеуге көмектеседі. Төменгі буында мұғалім басшылығымен шығарма кейіпкерлеріне берілетін салыстырмалы мінездеmeler де осы мақсатқа негізделеді.

4-слайдта сабағымызды өткен сабақпен байланыстыру мақсатында Венн диаграммасын құруымызға болады. Мысалы, әңгіме жанры мен ертегі жанрының ерекшеліктері мен ортақ ұқсастықтарын салыстырып, алдыңғы сабақтарымыздың бірінде өткен Ы. Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесі мен «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін салыстырамыз.

5-слайдта Activstudio программасында орналасқан суреттер кітапханасының көмегімен ертегінің бірнеше эпизодын бейнелейміз. Біздің ойымызша, оқушыларға «Суретте ертегінің қандай көрінісі бейнеленген?» деген сұрақ қою арқылы олардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта

6-слайдта оқушылардан ертегі туралы интервью аламыз. Интервьюда берілетін сұрақтар тақтаға енгізіледі, сол бойынша әр оқушы өз ойын айтады. Мысалы, Сүлеймен деген кім? Патша қандай жарлық берді? Қарлығаш қандай әрекет істейді? және т.б.

Сонымен қатар, интерактивті тақтаның көмегімен бағдарламадан тыс материалды жинақтап, мультимедия бағдарламасы бойынша репортаж, бейне сюжет т.б. дайындауға болады. Мәселен, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмін тақтаның көмегімен оқушыларға көрсете аламыз. Осы арқылы оқушыны сабаққа қызықтырып, ертегіні ұмытылмастай есте қалуына мүмкіндік жасаймыз.

Өткен ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, қазіргі кезеңде компьютер де оқушы үшін қоршаған әлемді тану құралы болып табылады. Олай болса, қазақ әдебиеті сабақтарын интерактивті тақта мен компьютердің мүмкіндіктерімен жүргізуді үйрену – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Сабақта қолданылатын көрнекілік әдеби ұғымдарды (материалдарды) түсіндіруді жеңілдететінін, көрнекілік арқылы түсіндірілген тақырып оқушының ойында берік сақталатынын, оқушының елестету қабілетінің дамитынын, теориялық білімінің практикамен байланысын нығайтатынын көреміз.

Оқушылардың ана тіліне деген ынтасын арттырып, оны дамыту көптеген методикалық жұмыстардың нәтижесінде ғана іске асады. Соның ішінде сабақтың қызғылықты өтуін қамтамасыз ететін әдістің бірі сабақта пайдаланылатын көрнекілік. Көрнекілік сабақтың кез келген бөлімінде (жаңа сабақты түсіндіру, бекіту, шығармашылық жұмыс, қайталау кезеңдерінде) қолдана беруге болады. Теориялық білім арқылы практикалық дағдыны қалыптастыруда мұғалім сөзі мен көрнекіліктің бір-бірімен қабысып жатуы оқыту жұмысындағы негізгі мәселелердің бірі болып саналады.

Оқытудағы көрнекілік әдістері сезімдік танымның белсенді формасы болып табылады. Бұл әдісті қолдану жан-жақты дайындықты қажет етеді. Бақылаудың сызба-нұсқасын өңдеу, оқушыларды бақылау нәтижелерін өңдей білуге және оны тікелей өздері құрастырып, талдай білуге үйрету болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың өзіндік жұмыс істей білу дағдыларына көмектеседі, сонымен қатар оның танымдық, ұйымдастырушылық, тәрбиелік мәні де зор.

Демонстрация. Оқушылардың сезіміне көрнекілік арқылы құбылыстарды, процесстерді, объектілерді елестетіп, олардың ой-санасына, ой қорыту сапасына әсер етеміз. Бұл әдіс игерілетін құбылыстың динамикасын ашып көрсетуде, заттарды сыртқы пішінімен таныстырғанда кеңінен қолданылады. Берілген әдіс оқушылардың заттар, құбылыстар мен

процестердің, керекті өлшемдерін жасап, өзара байланысын, танымдық белсенділігін іске асырып, заттардың құбылысы мен мәнін, сапасын анықтайды.

Иллюстрация әдісін қолдана отырып, оның көрсетілу әдісіне көп мән беру керек. Көрнекті құралдың дидактикалық ерекшелігін, оның танымдық процестегі рөлі мен орнын ойластырған жөн. Мұғалімнің алдына қойған мәселесі – иллюстрациялық материалдың оптималды көлемін анықтап алу. Иллюстрация алдын-ала дайындалады. Берілетін фотография, диаграммалар, таблицалар мақсатты түрде қолданылады. Қазіргі мектептерде иллюстрацияны пайдалану үшін экранды техникалық құралдар кенінен қолданылуда. Мұғалім қандайда көрнекілікті қолдануда оқытылатын мәселе төңірегінде оқушыларды қатыстыра отырып, оқушы біліктілігін, олардың іс-әрекетін бағыттап отырып, жалпы қорытындылар жасап, өзіндік жұмыс процесінде жеке дара көмек көрсете алады.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті сабағында көрнекіліктерді қолдану келесі нәтижелерге қол жеткізеді:

1. Оқушылардың еркін ойлауына мүмкіндік береді;
2. Тіл байлығын дамытады;
3. Өз ойын жеткізуге, жан-жақты ізденуге үйретеді;
4. Шығармашылық белсенділігін арттырып, ұжымда бірігіп жұмыс істеуге тәрбиелейді.
5. Өз бетімен білім ала алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, жеке, шығармашыл тұлғаны қалыптастырады.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Көрнекілік және оның түрлерін атаңыз?
2. Көрнекілік жасауға қойылатын талаптар қандай?
3. Әдебиет сабақтарында техникалық құралдарды пайдаланудың тиімділігі неде?
4. Сабаққа жаңа ақпараттық материалдар мен интернет ресурстарын қолданудың жағымды тұстары бар ма? Болса қандай?
5. Үлестірме, кеспе қағаздардың әдебиет сабағында қандай жағымды тұстары бар? Оларды жасауда қандай талаптарды ескеруіміз керек?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Көрнекілік әдісін қолданудағы мақсат:
А. Ақпараттық мағлұмат беру
В. Оқушы психологиясына әсер ету
С. Әдеби білімді қалыптастыру
D. Уақытты үнемдеу
E. Жаңа ұғымды оқушыларға жеткізу
2. Әдебиетті оқытудағы ең негізгі әдіс не?
А. Мәтінмен жұмыс
В. Жоспар құру

С. Көркемдегіш сөздерді табу

D. Мәнерлеп оқу

E. Жаттау

3. Әдебиет сабағында көруге негізделген көрнекіліктер қатарын көрсетіңіз:

А. иллюстрациялар, мүсін, портрет

В. музыка туындылары

С. күйтабақ

D. ұнтаспа

E. телехабар

4. Лирикалық шығармаларды оқыту кезінде қолданылатын көрнекілік мына таным процесіне негізделеді:

А. Есту

В. Көру

С. Сезу

D. Қабылдау

E. Қиялдау

5. Көрнекілік әдісіне тән негізгі формаларды көрсетіңіз:

А. Демонстрациялау, бақылау

В. Көру, бақылау, есту

С. Қызығушылық

D. Эмоция

E. Салыстыру

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Досжанова Б.А. Мультимедиа және оның техникалық құрамы – Қызылорда: ҚМУ, 2004.-82 б.
2. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жж. арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2001.
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. – Алматы: Ғылым, 2001.-350с.
5. Хмель Н.Д., Лук А.Н. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. – Алматы: АГУ им. Абая, 2002-90 с.

3. Әдебиет сабағында көркем шығармамен жұмыс істеу және оны талдау жолдары

Мектептердегі әдебиет сабақтарында істелетін жұмыстардың күрделісі – көркем текстпен жұмыс істеу. Ортаңғы класс оқушыларының білім дағдыларына қойылатын талаптардың бірі – көркем текст құрылысын талдай білу. Осы талапқа орай эпикалық шығармаларды /ертегі, аңыз, әңгіме тарихи жыр, шешендік сөз, мысал өлең, поэма, повесть/ оқытуда оның құрылысындағы суреттеу, баяндау, аңыздау, естелік, кейіпкерлер қақтығысы,

диалог, монолог, портрет, мінез, ішкі монолог, табиғат суреті, интреьер, белгілі орта, кәсіпкерлік жағдай, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, авторлық шегініс, кайталаулар сияқты компоненттердің көркемдік қызметін білгізудің әдістемелік амал-тәсілдері жазылады. Ол үшін жазушының өмірбаяны мен шығармашылығына арналған сабақтардан соң, көркем тексті талдауға байланысты жүргізілетін жұмыстардың жоспарын жасау керек.

Алдымен, мектепте әдеби білім беру мен оқытудың жүйелі, жалғаспалы, бірізділік принциптерін білу шарт. Олар мынадай кезеңдерден тұрады:

1-кезең: I - IV кластар;

2-кезең: V-VIII кластар;

3-кезең: IX- XI кластар;

Бірінші кезеңнің негізгі мақсаты мен міндеті – оқуға, жаза білуге, мазмұндауға үйретумен, көркем туындыға оқушы ынтасын қалыптастырудың алғашқы баспалдағы болуымен айқындалады.

Екінші кезеңде көркем сөздің көркем туынды мен көркем шығармадағы рөлі мен маңызын танып білу жұмыстары жүргізіледі. Көркем туындыға авторлық көзқараспен қарау үйретіледі. Оқу бағдарламасында оқуға, талдауға, ұсынылатын шығармалар жанрлық жағынан қамтылуы тиіс. Оқушылардың көркем шығарманың әр жанрдан тұратын түсініп білуі осы кезеңнен басталады. Көркем туындылар туралы өз ойларын айта білуге дағдыландыру, шағын әдеби айтысқа жетелеу. Әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру осы кезеңнің негізгі міндеті болмақ.

Үшінші кезеңде әдебиетті оқыту ауыз әдебиетінен басталады, әдебиет тарихымен жалғастырылады. Оқушыларды өз беттерімен көркем туындыны оқуға, талдай білуге баулу, әдебиет тарихы, сыны, әдебиет теориясы ғылымнан білім беру, көркемдік шындық, өмір шындығы, ақын-жазушылар тілі, стилі, әдеби тәсілдер т.б. көркем шығарманы талдауда қолданылатын әдебиет ғылымының салалары басшылыққа алынады.

Сонымен, әдебиет сабағында көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері мен жолдарына тоқталып өтсек. Жазушы көркем туындының болмысын танытуда, ондағы оқиғаларды бір-бірімен байланыстырады. Кейіпкерлер автор қиялымен тіршілік кешеді, өмірге араласады, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, тартысқа да барады. Соңында уақыт пен кеңістікке сіңісіпорнығады. Осы кезде ең бірінші көзге түсетіні – автор баяндайтын оқиға. Ол жекелеген эпизодтардан құралып, шығарманың тақырыбын, идеясын, жанрлық ерекшелігін ашады. Автор өз шығармасында өмірдің элеуметтік-қоғамдық жағдайын, бір кезеңдегі адамдардың өмірін суреттейді. Көркем шығармада адамның адамгершілік, моральдық жағы іс-әрекеттер арқылы көркем бейнеленеді. Көркем мәтіннің осындай ерекшеліктері әдебиет сабақтарында игертіледі. Оқушы көркем шығарманы тек өтілген материалды баға алу үшін қажет, міндетті оқу деп түсінбеуі керек. Көркем шығарманы оқушы жан дүниесімен ұғып, одан алған әсерін, көркем танымын одан әрі өмірде қолдана алуы керек. Яғни, көркем дүние оқушы жанына эстетикалық жарасымды ықпал

тудырып, таным көкжиегін кеңітуі, мінез қасиетін қалыптастыруға жәрдем етуі, ой пікір қалыптастыруы тиіс.

Көп ретте көркем шығарма, оның ішінде көлемді туынды үстірт қана өтіледі. Оған себеп, біріншіден, шығарманың ауқымдылығы, мазмұнының көпқырлылығы, мәтіннің психологиялық жағынан күрделілігі; екіншіден, шығарманы оқып үйренудегі уақыттың аздығы, бір сарынды әдіс-тәсілдердің қолданылуы. Көркем мәтінге барудағы жол – мазмұнды игеруден басталады. Көркем мәтіннің мазмұнын меңгерудің бірнеше жолдары бар. Олар келесідей:

1. *Шығарманың таңдап алынған тұстарын, яғни, мейлінше әсерлі тұстарын мазмұндау.* Бұл мәтінді үстірт оқу дегендік емес. Оқушы шығарманы толық оқығаннан соң, оның ең қызықты тұстарын есіне көбірек сақтайды. Осы дағдыны пайдаланып, мұғалім оқушыларға шығарманың маңызды сәттері бойынша сұрақтар қойып, олардың жауабын тыңдайды. Сол тұстардың мазмұнын ашуды сұрайды. Оқушы әңгімелеу барысында, өзінің мазмұндайтын бөлігін неғұрлым қызықтыра, өз сөзімен беруге талпынады. Мұның өзі оқушының мәтіннен алатын әсерін қалыптастырады. Осындай әсерлі тұстарды басқа шығармалардан алуға ұмтылады. Соның арқасында көркем мәтін оқуға деген ықыласы қалыптасады.

2. *Логикалық тізбекті мазмұндау.* Бұған шығарманың мазмұнын қуалай отырып, жүйелі мазмұндауды жатқызамыз. Бұл оқиғаларды ретімен, ішкі байланыстарын сақтай отырып мазмұндауға жол салады. Екінші бір тиімді жағы көркем шығарманы класта мазмұндатқанда, тек бір оқушыдан ұзақ сонар сұрай алмаймыз. Осы кезде сөйлеп тұрған оқушының жауабын тиянақтатып, әрі қарай екінші оқушының жалғастыруын сұрағанда, ол сол тоқтаған жерден, әрі іліп әкету керек. Бұл сабақ үстінде оқушының ықыласты отыруына, бір-бірін тыңдауына, ой қосуына дағдыландырады. Бір жағынан бірінің мүдірмей бастап, соны екіншісінің кідіріп қалмай, жалғастырып әкетуі жарыс секілді әсер етеді. Логикалық тізбекті мазмұндауда қазір қолданып жүрген түрлі интербелсенді оқыту әдістерін пайдалануға болады.

3. *Бүкіл мазмұны немесе жекелеген эпизодты шығармашылық түрде мазмұндау.* Мұнда ең маңыздысы оқушының өз көзқарасын, ойын айта білуі. Оқушы мәтін мазмұнын сақтай отырып, оны өз атынан жеткізеді. Бұл тәсіл оқушының ой-өрісін ұштайды, шығарма мазмұнын жақын қабылдауға, кейіпкерді айқын елестете алуға шақырады.

4. *Автор тақырыбына өзінің қиялын (фантазиясын) қоса отырып мазмұндау.* Бұл оқушының шығармашылық белсенділігін өсіреді. Мәселен, ортаңғы класс оқушыларына белгілі бір мәтінді мазмұндатқызу барысында, оларға төмендегідей сұрақтар қойып, ой-қиялдарына қозғау салуға болады:

- егер көп уақыттан соң, сен осындағы кейіпкердің орнында болатындай жағдайға кездессең, не істер едің?

- осы шығармадағы ең қызықты оқиғаға не қосар едің?

- егер сен автор болсаң, шығарма оқиғасын қалай аяқтар едің?

Әрбір көрнекті ақын немесе жазушының шығармаларын мектепте оқытқанда, біз оны ақынның өз заманымен, сол кездегі әдеби процеспен тығыз бірлікте, диалектикалық бүтіндікте оқыту принципін ескереміз. Сол кезде ғана оқушылардың алған білімі баянды, негізді болады.

Жеке тұлғаны қалыптастыруда әр пәннің өзіндік орны бар болғанымен, барлық білімнің негізі, оны игеру құрамы болып саналатын әдебиет пәнінің атқаратын қызметі ерекше. Ғылымның қай саласына қатысты болса да білімді меңгеруге қажетті ой қорыту, оны дәлелді түрде дәйектілікпен айта білу, оқығанын жүйелі баяндау секілді іскерлік дағдыларды, тілдік фактілерді, оның ішкі заңдылықтарын оқушы тану арқылы игереді. Қоғамды дамытушы күш жастар болғандықтан, оның бойында ұлы істі жүзеге асыра алатындай күш, қабілет болуы керек. Ол күш – білімде, тәрбиеде, іс-әрекетте. Демек, жаңа кезеңде адамды өмір сүруге баулу үшін бұрынғыдан да мол деңгейде білім беру керек деген сөз.

Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жастағы балада шығармашылыққа баулуға өзек болар ерекше қабілет, бейімділік бар екен. Орта буын оқушыларының шығармашылық дамуын бағыттап бағдарламаса, онда жоғары класқа келгенде көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқтап қалады. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі әдебиет пәні алдымен, қазақтың халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Жалпы баланың тұлғалық қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін, ойлауын, қиялын дамытуда осы – халық ауыз әдебиетінің ықпалы өте зор. Мәселен, ертегілердің маңызы, тәрбиелік мәнімен қоса, оны оқыту, талдау арқылы біз оқушының кез келген әдеби нұсқаларды талдай алу қабілетін дамытамыз.

Оқулықтарда ертегілердің қара сөзбен жазылған түрлерімен қатар, өлеңмен жазылған түрлері де берілген. Қай жанрда жазылған ертегі болмасын, балалар оны ерекше қызығушылықпен оқиды. Балаларды тартатыны – оның қиял-ғажайып оқиғалары, бас кейіпкерлердің басынан кешетін небір қызықты істері, батырлығы, жүректілігі сияқты қасиеттері. Балаларға ертегі арқылы қандай білім беруге болады, икем-дағдысына қарай талаптар қою керек? Міне, бұл мәселелер әр мұғалімді толғантуы, ойландыруы тиіс.

Ертегілерді оқытуда ең бастысы мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

- Ертегілердің жанрлық ерекшелігін таныту. Яғни, әдеби-теориялық ұғымдар беру;
- Сюжет пен композициясындағы тұтастық, өзіндік ерекшеліктерді таныту;
- Тіл құрылысы ұйқаспен, тақпақпен келуі, баяндау, суреттеу, портреттеу шеберлігі, бейнелі сөздердің мол келуі, оқиғаларының қызықтылығы, жатықтығы. Ертегінің бай тілі – халқымыздың ғасырдан-ғасырға келе жатқан байырғы, тарихи тілі екендігі;

Қазақ ертегілерінде халқымыздың асыл арманы, ұшқыр қиялы, гуманизмі, адамдық биік мінез-құлқы, тыныс-тіршілігі көрініс тапқан. Қай ертегі болмасын, халық арманына, тілегіне сай, тек жақсылық пен бақытқа

жетумен аяқталады. Ең алдымен оқушыларға ертегіні оқытуда мазмұнын толық меңгерту мәселесін ойластыру керек. Мазмұнын меңгерте отырып, оның негізіндегі идея, айтайын деген терең ой туралы сөз қозғау қажет. Мазмұнын меңгертуде мәнерлеп оқу, әңгімелеу, баяндау, мазмұны тұтас сақталынған толық жоспар, ең басты оқиғаларға негізделген тұжырымды жоспар, эпизодтарға бөлу, әр эпизодқа ат қою, сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін ойластыру, оқушылардың қабілеті, икем-дағдысын арттыруға байланысты жұмыс түрлерін жүргізу, соның ішінде өтілгелі отырған ертегіге сәйкес ертегілер құрастыруға баулу, пікір айта білу, өз беттерімен талдауға дағдыландыру, мәтінге жуық мазмұндату, басты оқиғаларды ғана қамтып мазмұндату мәселелерін ойластыру сияқты жұмыстар атқарылуы керек.

Ертегі мазмұнын толық меңгерту, мәтінді оқыту мақсатында, мұғалім көлемді ертегіні эпизодтарға бөліп, көрнекі етіп жазып іліп қоюына болады. Оқу, талдау барысында сол бөліктерге оқушыларға ат қойғызады. Эпизодқа тақырып қою жұмысында балалардың өз пікіріне жол ашқан жөн. Мұғалім эпизодқа тақырып қоюдың негізгі шарттарын балаларға түсіндіреді, яғни тақырып сол бөліктің ең басты, негізгі оқиғасы айналасында қойылатынын ескертеді. Ертегі мәтінін оқу да бірнеше әдіс-тәсілмен жүргізіледі. Мұғалім өзі мәнерлеп оқып, балаларды да қатыстырып отыруы керек. Ертегіні бүкіл класс болып кезектесе оқуға немесе жекелеген балаларға оқытуға да болады. Ертегі мазмұнын меңгерту кезінде өзге ұлт балаларына ертегіде кездесетін архаизм, неологизм сөздерге түсінік беріп, сөздік жұмысын жүргізу – басты тәсілдердің бірі. Сонан кейін ертегі мәтінін мазмұндату жұмыстары басталады.

Мазмұндату да бірнеше әдіс-тәсілдермен жүргізіледі. Мысалы:

- а) мәтінге жуық толық мазмұндату;
- ә) эпизодтарға байланысты басты оқиғаларын теріп мазмұндау;
- б) өздеріне ғана ұнаған оқиғаларды мазмұндау;
- в) мұғалім сұрағына жауап ретінде мазмұндау.

Мазмұнын толық меңгерткеннен кейін ертегіге әдеби талдау жүргізіледі. Оған келесідей жұмыс түрлерін өткізуге болады:

- а) проблемалық баяндау;
- ә) сұрақ-жауап;
- б) практикалық тапсырмалар;
- в) әңгімелесу;
- г) пікірлесу, т.б. әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың өзін қатыстыра отырып талдау жүргізген дұрыс.

Мәтінмен жұмыс істегенде оқушыларды ертегінің негізгі мазмұнын айтуға, қорытынды мен тұжырымдар жасауға үйрету керек. Мұндай жұмыстар оқушының тілін дамытады. Егер оқушы осындай тәсілдерді қолдана білмесе, онда ол оқығандарын тек жаттап алуға дағдыланады.

Оқушыларға қойылатын сұрақтар да проблемалық сипатта болуы керек, себебі ол оқушылардың ойлау белсенділіктерін арттырады, білімді өз ынталарымен алуға жағдай жасайды. Оларды оқып, талдап болған

соң, қорытынды сабақ ретінде салыстыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Мұндай жұмыс оқушылардың ертегілерді жанрлық жағынан бір-бірінен ажырата білулерін, ортақ, ұқсас мәселелерін, үндестіктерін, өзіндік ерекшеліктерді тереңірек түсінуге көмегін тигізеді.

Халық ертегілерімен қоса, оқулықта әдеби ертегілерді оқытқанда, мына мәселелерге көңіл бөлу керек:

-Әдеби ертегінің халық ертегісінен басты-басты айырмашылығы (авторының бар екені, кейде халық арасында тараған аңызға құрылатыны);

-Ұқсастық, үндестік жақтары;

-Көтеретін негізгі мәселелері;

-Көркем поэтикалық тілі;

-Ертегінің маңызы, тәрбиелік мәні;

Ертегіні балалардың қалай түсінгенін сұрақтармен анықтап, толықтырып, керекті жеріне мұғалім мәтінді пайдалана отырып, түсіндіріп, кей сұрақ тапсырмаларды практикалық жұмыс арқылы, яғни оқулықпен жұмыс істей отырып орындап, әрі қарай әдеби талдау жасауға көшу керек, онда да оқушыларды үнемі қатыстырып, ең алдымен оларды тыңдап отырудың тиімділігі ерекше болмақ.

Әдеби талдау сұрақтары (оқушылардың ойлау белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі):

1. Қалай ойлайсындар, автор осы ертегі арқылы не айтпақшы болған?

2. Ертегі негізінде қандай ой жатыр?

3. Кейіпкерге мінездеме бер.

4. Кейіпкер мінезін жасауда ақын қандай бейнелі сөздер, көркем тіл пайдаланған?

5. Кейіпкерлердің ұқсастығы бар ма?

6. Қайсысы өзіңе көбірек ұнайды? Ұнау себебін түсіндір.

7. Ертегідегі келеңсіз жағдайлар не себепті берілген?

8. Қалай ойлайсындар, ертегінің қай оқиғасы шындыққа сәйкес, әлде аңызға жақын ба?

9. Қалай ойлайсындар, автор ертегі кейіпкерлерінің тағдырын дұрыс шешкенбе?

10. Өзің осы ертегіні қалай аяқтар едің?

Ал ертегі құрылысы, тілі, көркемдік ерекшелігі көбіне практикалық жұмыстар, яғни оқулықпен жұмыс арқылы ашылады.

Көркем туынды дегенде әдеби шығармалардың барлығына қатысты айтылады. Оның жанрлық ерекшелігі, өзіне тән көркемдік сипаты, формасығана болмаса, аса үлкен айырмашылығы жоқ. Оларды талдағанда басты назарда болатын нәрсе — оқушылардың әдеби білімін арттыру, өз бетінше жұмыс істеу қасиетін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту және қазақша сөйлеу дағдысын жетілдіру болып табылады.

Оқушыларының білуге деген ынтасы мен мүмкіндігін толық пайдалану және сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін көркем шығармаларды оқытуда тапсырма түрлерін

пайдаланудың орны ерекше. Берілген тапсырмалардың түрлері баланың ойланғыштық, ізденімпаздық қабілеттерін арттырады, сөздік қорларын молайтуға көмектеседі. Мұнымен қатар, сабақ үстінде шығармашылық тапсырмаларды қолдану оқушылардың оқып отырған сабағына деген қызығушылығын арттырады, оған белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Көркем шығармамен жұмыс түрлері және оған қойылатын негізгі талаптарды атаңыз.

2. Көркем шығарманы талдау әдістемесі дегеніміз не?

3. Көркем туындыны талдау арқылы қандай нәтижелерге қол жеткізуге болады?

4. Оқушы дүниетанымына көркем шығарманың әсері неде деп ойлайсыз? Мысал келтіріңіз.

5. Көркем шығарманы талдау арқылы баланың қандай жеке қасиеттерін дамытуға болады?

6. Ертегіні оқыту жүйесі негізінде басқа жанрдағы шығармаларға да талдау жасаудың үлгісін жасаңыз.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Көркем шығарманы оқытудағы ең маңызды тәсіл

A. Талдау

B. Аудару

C. Оқыту

D. Салыстыру

E. Жаттау

2. Сыршыл өлең-жырлардағы ақынның мың иірім көңіл-күйінен — нәзік сыры мен сылқым сезімінен өріліп жасалған кейіпкер:

A. Лирикалық образ

B. Эпикалық образ

C. Юморлық образ

D. Драмалық образ

E. Жағымсыз образ

3. Әдеби шығарманың мазмұны деп нені айтамыз?

A. Тақырып пен идея

B. Мазмұн мен пішін

C. Идеясы

D. Сюжеті

E. Композиция

4. Көлемді шығарма жазу кезіндегі жазушының жүйелілік құралы:

A. Шығармашылық жоспар

B. Арнайы жолжазба

C. Тақырып таңдау алу

- Д. Кейіпкерлерді жинақтау
 Е. Образды типтендіру
 5. Сын-зерттеу еңбектерін оқытудың жолдары?

А. Өтіліп жатқан шығармаға ғана байланысты ішінара керекті пікір, ойларын теріп алып оқыту

- В. Сабак түріне қарап оқыту, еңбекті толық оқыту
 С. Ғылыми еңбектерді арнайы оқыту оқыту
 Д. Ең негізгі түйінін, пәнін бөліп ала отырып оқыту
 Е. Әдебиетті тереңдете оқыту

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ақшолоаков Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1993.
2. Бадыраков Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі. – Алматы, 1977.-102 б.
3. Байсақалова Ұ. Әдебиет сабағында творчестволық жұмыстың түрлері. – Алматы, 1984.
4. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009.- 288 б.
5. Тұрғынбаева Б.А. Кіші жастағы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. – Алматы, 1998.

4. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемесі. Эпикалық шығармаларды оқыту

Әдебиетті оқытудың барлық сатыларындағы сияқты шығарманы талдау жұмысы да оқытушының басшылығымен жүргізіліп отырады. Оқушылар өздігінен жұмыс істеуге үйренеді, көркем шығарманы оқып, түсініп, талдап, бағалай білуге дағдыланып жаттығады. Жоғары кластарда әдеби көркем шығарманы талдау мәселелері негізінен орталау кластардағы сияқты болғанымен, тарихи әдебиеттік курстың мақсат, міндеттеріне байланысты бұрынғыдан едәуір күрделене түседі. Жоғары кластарда көркем шығарманың талдау объектісіне жататын құрамды элементтері мыналар болып есептеледі: шығарманың жазылу және шығу тарихы, варианттары, тақырыбы, идеялық мазмұны, композициясы, сюжеті, суреттеу құралдары, жанры, образдары және олардың өзара қарым-қатынастары сияқты детальдар талданып отырған шығармадағы мәселелерді ақын, жазушының қандай жағдаймен байланысты шешкенін айқындауға, түсінуге мүмкіндік береді. Шығарманың идеялық мазмұнын айқындауда шығарма мазмұнындағы негізгі мотивті (жетекші ой) табу қажет. Осыдан барып шығарманың негізгі идеялық бағыты айқындалғаннан кейін ғана образдар талданады.

Жазушы Ә. Кекілбаев жас ұрпақтың тәрбиесі туралы былай дейді: «Өмірдегі бүгінгі өзгерістер қауырт әрі түбегейлі. Қазір бір орында қалып тұрып, ілгері басу қандай мүмкін болмаса, бір нәрсені сол қалпында қалдырып жаңа сапаға көтерілу де сондай мүмкін емес. Осындай өзгеріске бірден-бір зәру жер – мектеп. Өйткені, мектеп өзгермей тұрып, адам өзгермейді. Бүгінгі

мектеп өсіп-өніп жатқан адамзаттың кезекті бір жаңа буынын көзқаракты етумен қатар, дүниені сын кезеңнен алып шыға алатындай жаңа парасатты ұрпақ тәрбиелеуге тиіс». Ендеше, оқушы көркем шығарма арқылы көптеген жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, көркем ойлауға, одан алған тәлімін өмірде қолдануға үйренеді.

Зерттеуші С.Әшімбаев: «Көркем шығарма негізінен үш компоненттен тұрады. Олар: ой-идея, тіл және образ немесе характер. Осы үшеуі бар шығарманың ғұмыры қашан да ұзақ әрі абыройлы. Бұларды ешуақытта бір-бірінен бөлуге болмайды.», - дейді.

Эпикалық шығарма көбіне сюжетке құрылатындықтан сюжеттің өзіндік жүйесін: оқиға болар алдындағы жағдайды, оқиғаның басталуын, байланыса дамуын, шиеленісін, шарықтау шегін, шешілуін ажыратуда аталған компоненттердің қызметін көрсетуі керек. Мәселен, оқиға болар алдындағы жағдай баяндау түрінде ме, суреттеу түрінде ме, оқиғаның басталуы диалог түрінде ме, монолог түрінде ме деген сияқты. Кейіпкердің портреті, сөзі, мінезі, ішкі монологы көркем бейненің өзіндік жасалу құрылысы болады. Эпикалық шығарма құрылысын талдау дегенді сюжеттің өзіндік даму жүйесі ғана деп түсінуге болмайды. Аталған компоненттер сюжетсіз шығарма құрылысында да болады. Нақтылы шығарманы мысал ету арқылы дәлелдеу керек.

Әңгіме жанры – прозаның шағын түрі. Онда оқиға, кейіпкердің іс-әрекеті қысқа болып, уақыт жағынан да аз мерзімді қамтиды. Әңгіме жанрының осы қасиеті тыңдаушылардың оны тез игеріп, түсінуге жағдай жасайды. Алайда, бұл әңгімені жеңіл деп, үстірт оқыту дегендік емес. Керісінше, оқушылар әңгіме жанрынан бастап, көлемді прозаларымен танысады. Ендеше, әңгімені мұқият меңгерген оқушы повесть, роман жанрларын талдауды да тез игереді. Мұғалім осы үлкен прозаның бастауы болатын әңгімені меңгертуге көп көңіл бөлгені жөн. Оқушылардың мәтінді түсініп, нақты сюжетті меңгеруінде жоспардың атқаратын рөлі айталықтай. Мұғалім жоспарды екі жолмен ұсына алады. Жоспарды оқушыларға дайын күйде алдын-ала беріп, сол арқылы әңгіменің сюжетін ашып, рет-ретімен баяндауға жол салуына болады немесе мұғалім мәтін мазмұнын аша отырып, оқушылармен бірлесе жоспар құрады. Мәселен, Ыбырай Алтынсариннің әңгімелері бойынша жасалған үлгі жоспарға назар аударсақ:

«Бақша ағаштары» әңгімесі.

Жоспар.

- ✓ Әке мен бала.
- ✓ Баласының әкесіне қойған сауалы.
- ✓ Әке сөзінің ғибраты.

«Таза бұлақ» әңгімесі

Жоспар.

- ✓ Жолаушылардың бұлақ басында кездесуі.

- ✓ Бұлақ басындағы сөздің мәнін ашуы: саудагердің сөзі, молданың сөзі, жас жігіттің сөзі.
- ✓ Сөздің тәлімдік мәні.

«Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі.

Жоспар.

- ✓ Асан мен Үсеннің адасып кетуі.
- ✓ Үсеннің әрекеті.
- ✓ Үсеннің әкеден алған тәлімі.
- ✓ Балалардың ауылды табуы.

Осы әңгімелердің көлемі шағын болса да, маңызы аса терең. Жалпы, Б.Алтынсарин шығармаларына тән қасиет қандай да бір мәселенің тәрбиелік, гибраттық мәнін жете ашады. Әңгіме сюжетін терең береді. Алғашқы әңгімеде бақша ағаштарына қатысты баласы қойған сауалға әкесі ұрпақ тәрбиесімен сабақтастыра жауап береді. Ағаштың екі түрлі өсу себебін балаға беретін тәрбиенің оң, терістігімен байланыстырады. Айнала қоршаған табиғаттың әдемілігін тануға, оны қорғауға үйретеді, ой салады. Сол арқылы айнала жаратылыстың көркемдігі адамға қаншалықты маңызды болса, сол табиғат ортасында жасайтын адамның оны қорғап, сақтауы соншалықты мәнді екенін ұғындырады. Мұғалім осы әңгіменің жетегінде өз оқушыларына табиғаттың жанды, жансыз құбылыстарын сақтап, қорғауға деген ойларына қозғау салады. Табиғат кереметіне байланысты аңыз, мақал-мәтел айтып, оның мәнін ашады.

Екінші әңгімеде бұлақ басында кездескен үш жолаушының ондағы тасқа жазылған «Әй, жолаушы болсаң, осы бұлақтай бол» деген сөздің мағынасын ашуда айтқан уәждерін келтіреді. Саудагер де, молда да өз түсініктерінің, жасап жүрген кәсіптерінің төңірегінде пікір білдірсе, әлі жас, ой-көңілі таза жас жігіт ойын сол таза қалпында береді. Бұлаққа көптің аялдайтын себебінің өзі оның кіршіксіз таза екендігінде. Ендеше, жазушы осы әңгімелері арқылы жас ұрпақтың санасына жер бетіндегі, айнала қоршаған ортадағы жақсылықты, мейірімділікті, еңбекқорлықты, тазалықты сіңіргісі келеді.

Үшінші әңгімеде автор екі түрлі әлеуметтік ортада өскен балалардың ауылдан (ата-анадан) көз жазып қалғандағы әрекеттерін суреттейді. Асан мұндай жағдайда не істерін білмей, дәрменсіз болып қалса, Үсен саспастан, ескі жұртты қарап, тауып алған заттарды балық аулауда, құсқа тұзақ құруда кәдеге жаратады. Соның бәрін әкеден көрген, естіген тәлімдерін жадында ұстап, солардан түйгендірін пайдаланады. Тіпті, құсты ұстап алғанда, онымен ойнап барғысы келген Асанға тыйым айтып, әкесінің тірі жан иесінің обалы болатындығын айтқанын еске алады. Автор алдымен екі баланың екі түрлі жағдайда өскен әлеуметтік ортасынан хабар берсе, екіншіден еңбектің рөлін дәріптейді. «Еңбекпен табылған дәмнің тәтті» болатыны сияқты, Үсен әке қасында жүріп, күнделікті тамағын әрекетпен табумен бірге, әкесінің айтқандарын құлағына құйып өскендігін, оның керек жерде пайдаға асқанын көрсетеді. Осы әңгіме арқылы ата-ана кәсібіне құрметпен қарап, еңбек етуге

жақын болу керектігін, халықтың салт-дәстүрін сақтау қажеттігін айтудың артықтығы жоқ.

Повесть— орыстың көне дәуірден келе жатқан сөзі. Бұл өмірде болған оқиғаларды жылнама, шежіре беттерінен тізіп жазу дегенді білдіреді. Повестің жанрлық ерекшелігі туралы ұғымды әңгімемен салыстыра отырып беруге болады. Повесте бірнеше эпизодтық әрекеттер суреттеледі, сюжет желісі күрделі, кейіпкерлер саны көп.

Әдеби шығарманың мәні оқырманға оны оқу, түсіну үстінде әсер етеді, жана, көркем дүниені танытады. Көркем шығарманың идеясы мен мазмұны, образдары оқырманға ықпал жасайды, ойландырады, тағылым береді. Өз кезегінде жазушы да өмірге әкелген туындысын шынайы, көркем етіп жасауға тырысады. Көркем шығармашылықтың бөлінбейтін ерекшелігінің бірі— адамдардың әрекетін, сезім түйсігін, өмір құбылыстарына көзқарасын тұтас көрсету болып табылады.

Жоғары кластарда қазақ әдебиеті тарихының қысқаша курсың өтуде маңызды орын алатын әдеби білім салаларының бірі болғандықтан, **роман** жанрының да өзіндік ерекшеліктері бар.

Көркем шығарманы оқып-үйрену, яғни талдау жұмысы көркем шығарманың тексін оқу, оның мазмұнын ұғынудан басталады. Бағдарламаға сәйкес әдебиеттің үш тегі эпостық, лирикалық, драмалық шығарманың ауан түрлі жанрлары өтеледі. Шебер ұстаз көркем тексті оқушыларға күні бұрын меңгеруді көздейді. Жоспар бойынша міндетті түрде өтілетін шығармаларды оқытудың, идеялық-тақырыптық мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етудің бірнеше жолдары бар. Мәселен, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиеті пәні бойынша II-класта келесідей шығармалар оқытылады: Ж.Аймауытов «Ақбілек», Б.Майлин «Шұғаның белгісі», I. Жансүгіров «Құлагер» поэмасы, М.Әуезов «Абай жолы», С.Мұқанов «Балуан Шолақ», Ғ.Мүсірепов «Қазақ солдаты», Ғ.Мұстафин «Шығанақ», I.Есенберлин «Қаһар», Т.Ахтанов «Шырағың сөнбесін» және т.б.

Осы аталған шығармаларды оқыту барысында, көркем тексті талдаудың келесідей түрлерін қолдануға болады:

1. Авторға ілесе отырып тұтастай талдау;
2. Образдар бойынша талдау;
3. Проблемалы тақырыпты талдау;

Бұл талдау түрлерін жүргізгенде ескерілетін мәселе:

- ✓ көркем шығарманың көлемі
- ✓ жанрлық табиғаты
- ✓ оқушының жас ерекшелігі, талдау түрлерінен алған дағдысы, қалыптасқан жұмыс жүйесі, баланың даму дәрежесі.

Авторға ілесе отырып талдау шағын көлемді шығарманы талдағанда, көркем шығарманы баяу қабылдайтындар үшін тиімді. Онда текстологиялық жұмыс басым жүргізіледі. Бұнда кейбір эпизодтар, сахналық көріністер айқындалып, кейіпкердің мінез әрекеті оқушы көз алдында өтіп жатқандай болады. Орталық эпизодтар ашылады да авторлық позиция танылады.

Образдар бойынша талдау. Оқулықта жеке образдарға бөлек сипаттама беріледі. Шығарманы образдар тобына қарай, негізгі кейіпкерлерді даралап талдау жүргізіледі. Жоғарғы класс оқушылары кейіпкерлер жүйесін талдау үстінде әр образға сипаттама, түсінік берумен бірге, типтілік, характер, кейіпкер табиғаты, олардың мәнін айқын ашуда қолқабыс ететін әдеби-теориялық категориялардың (ұнамды, ұнамсыз) қызметіне ерекше мән беріледі. Кейіпкер «Неліктен ұнамды?», «Не себепті ұнамсыз?» деген сұрақтарға жауап беру үшін шығарманың сюжеттік композициялық құрылымына көз жүгіртеді. Ол үшін алдымен оқушы шығарманың мазмұнын білуі қажет.

Көптеген адамдар тобына тән мінез-құлықты, әдет-дағдыны бір адамның бойына жинап көрсетуді типтілік дейміз, ал кейіпкерді типтік бейне дейміз. Типтік қасиетпен бірге даралық мәні болатынын, ол характерге апаратынын, жазушы образды типтендіре жинақтау мен даралауды егіз өріп отыратынын айтамыз. Әдеби шығарманың образдар жүйесін талдағанда, мына жағдайлар характердің қалыптасуына ықпал ететінін ескертеміз:

- а) Қоршаған әлеуметтік орта, қоғамдық - саяси жағдай.
- ә) шығарма кейіпкерлерінің өзара қарым-қатынасы.
- б) кейіпкер қатысатын сюжеттік оқиғалар.
- в) қаһарманның үй-іші, тұрмыстық хал-жайы.

Бұл жағдайлар көркем кейіпкер бойындағы адамгершілік қасиеттердің дәрежесін айқындайды. Көркем шығарманың образдар жүйесін талдағанда, міндетті түрде бас кейіпкерден бастау қажет пе деген сұрақ туындайды. Туындыдағы өрілген тәлім-тәрбиелік ойды қосалқы кейіпкерлер байланысы арқылы да, ұнамсыз бейнелердің жағымсыз мінез-құлқын таныту арқылы да білдіруге болады.

М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының «Қайтқанда» бөлімінде оқудан ауылға қайтқан бала Абайдың туған жер табиғатына сұқтана зер сала қарауы көркем баяндалады. Туған жердің көркем табиғаты бала жанын рахатқа бөлейді. «Мен сені сағындым. Өзгелер жаман жер десе, мен олай демеймін, тіпті, қойныңа тыққан ұры-мұрынмен де жатсың, бөтенсің демеймін» деген жолдағы суреттеуді келтіру арқылы мұғалім туған жер топырағына ынтыққан риясыз мөлдір сезімді, құштар көңіл, ләк жүректі бала Абайдың, болашақ тұлғасының қалыптаса бастауы деп көрсетсе дұрысырақ болар еді. Жас кейіпкердің туған даласына, еліне, жұртына сүйіспеншілігі шәкірттер бойында патриоттық сезімін оята алады. Табиғат көрінісін суреттеуде қолданған эпитет, теңеу, метафоралар оқушыны рахат сезімге бөлейді. Мәселен, дала – теңіз, әдемі, салқын қоңыр жел, көкшіл қолы, әдемі өлке, жазықсыз сары, биік т.б. Бұл деталь негізгі кейіпкер Абай жүрегінің таза, адалдығы мен ақтығын, пәктігін көрсетуге себеп болып тұр.

Тағы ескеретін жағдай: көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін талдау барысында:

1. Талданатын туындыдағы образдар жүйесінің ішінен орталық кейіпкердің орнын, мәнін анықтау. Негізгі қаһарман бейнесі арқылы жазушы нені айтқысы келді? Қандай идея айтылды, соны анықтау.

2. Шығармада талданатын кейіпкер бейнесі арқылы, жазушы мысалдарынан бүкіл әдебиет тарихынан шығарманың алатын орнын шәкірттерге аңғарту.

3. Кейіпкерлерге мінездеме беру, олардың характерлеріндегі ерешеліктерді анықтау.

4. Образ композициясын талдау – кейіпкер тұлғасын құрап тұрған көркем компоненттерді анықтау.

Көркем шығарманың кейіпкер әлемін бұлайша саралау, талдау жұмысымыздың нәтижелі болуына жетелейді. Көркем шығарманың образдар жүйесін талдау үстінде сабақтың білімдік, тәрбиелік, оқушы ойын дамытушылық мәні де жүзеге асады. Ескеретін детальдар: шығармадағы басты және жанама кейіпкердің қарым-қатынасы, көзқарасы, кейіпкердің іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, ой-арманы, тілек-мүддесі, ниеті, өмірге көзқарасы, портреті, авторлық және жанама мінездемелер және т.б. Сол сияқты, көркем шығарманың кейіпкерлер жүйесін саралағанда, оқушыларға оқу материалы бойынша жоспар жасату да пайдалы.

Көркем шығарманы талдаудың аталған әдістемелік жолдарының барлығы да тиісінше міндеттерді атқарады, әрі олардың әрқайсысының артықшылығы мен кемшілігі де бар. Бұларды бөле-жармай мүмкіндігінше түрлендіре, алмастырақолдану мұғалім шеберлігіне байланысты. Бұл туралы педагог ғалымдар Н.И. Кудряшев, Т.Т. Броже, В.Г. Мерамцман, З.Я. Рез және т.б. еңбектерінен кездестіруге болады. Расында, кез келген талдауымызда тұтастық сақталып, проблемалы мәселелер келтіретіні анық. Кейіпкер бейнесін, оның дамыған, не даму, өсу үстіндегі характерінің қалыптасу жайын, бүкіл образдар жүйесін қарастырамыз. Сондықтан көркем шығармаға талдау жасаудың жолдары – тұтастай (авторға ілесе отырып, проблемалап, образдар бойынша деп шартты аталғанмен) мәселенің қай қырынан көрсек те, кейіпкер бейнесін оқып-үйрену ең басты нысана болуы керек. Әдеби туындыны қалай қарастырсақ та, біз ондағы көркем бейнелілікке, кейіпкерлер әлеміне олардың қарым-қатынасына мән береміз. Себебі, адам – көркем шығарманың негізі.

Орыс мектептерінде оқушылардың тіл үйретуде көркем шығарманың мәтіндерімен жұмыс істеудің атқаратын рөлі өте зор. Мәтін – дербес тұтастық. Оны түсіну дегеніміз – сол мәтіндегі дәйекті ақпараттарды ала білу және оның мазмұнын түсінуі, сонымен қатар оларды біртұтас бірлікке жинақтай білу. Көркем шығарма оқушының тілін ұстартып немесе оқу дағдысын қалыптастырып қана қоймай, оның тілін де дамытады. Оны оқығанда оқушы оның ішіндегі сөздерді анық айтып үйренеді, сөз екпінін дұрыс қояды, сөйлеу мәнері қалыптасады, аудару арқылы оқушы оның мазмұнын түсінеді, мазмұндап үйренуде ойды қазақша білдірудің үлгісіне жаттығады, өзі сұрақ даярлау арқылы өз ойын еркін жеткізе алу дәрежесіне жетеді. Сондай-ақ

белгілі бір шығарма бойынша даярланған сұрақтарға жазбаша жауап жаздырту арқылы оқушының жазбаша тілін дамытуға болады.

Қазақ әдебиетінде де басқа халықтар әдебиетіндегідей, көркем шығармалардың мазмұнында халық өмірінің келешегі мен бүгінгі оқиғалары, адамдардың тіршілігі, салт-дәстүрлері, бір-бірімен қарым-қатынасы суреттелінеді. Қазақ әдебиетін оқып-білу арқылы осы қазақ жерінде болған маңызды жағдайларды, адамдардың соларға деген көзқарастарын байқауға болатындығына баса назар аударамыз. Ол үшін әдеби шығармаларды асықпай, мұқият оқып, дұрыс түсінуге талпынудың қажеттілігін атап айту керек. Көркем шығарманы оқытуда талдау компоненттері басты қызмет атқарады. Оқу мен талдау барысында, мұғалім әдебиеттен білім беру заңдылықтарын берік сақтауы керек. Қорыта айтарымыз, талдау – оқушылардың танымдық қабілетін дамытып, аналитикалық ойлау жүйесін жетілдіреді.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай оқытудың әдістерін атаңыз.
2. Эпикалық шығармаларды оқытудағы басты ескеретін мәселелер қандай?
3. Әңгіме жанрын талдағанда басты негізге алынатын принцип қандай?
4. Проза жанрын оқытудың мақсат-міндеттері қандай?
5. Роман жанрын талдаудың маңызы, оның білімділік және тәрбиелік мәніне мысал келтіріңіз.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Роман, эпопея сияқты күрделі жанрларды оқытуда маңызы зор көрнекі құрал:
 - А. Кесте-сызба
 - В. Кинодан үзінді
 - С. Портреттер
 - Д. Кітаптар
 - Е. Кеспе қағаздар
2. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептеріндегі 9-11 кластарда оқытылатын қазақ әдебиетінің негізгі сипаты неде?
 - А. Тарихи-әдеби
 - В. Әдеби
 - С. Әдеби-оқу
 - Д. Мәдени-әдеби
 - Е. Шығармашылық
3. Ертегілерді оқытуда оқушыларды қызықтыратын жайттарды белгілеңіз:
 - А. Ғажайып оқиғаларға толы болуы
 - В. Ұзақтығы
 - С. Нақты өмірмен байланысты болмауы
 - Д. Идеяның жоқтығы
 - Е. Күрделі талдаудың қажетсіздігі

4. Мысал жанрын талдаудағы ең тиімді әдісті көрсетіңіз:

- А. Рөлге бөліп оқыту
 - В. Тест құрастыру
 - С. Хронологиялық кесте жасау
 - Д. Слайд дайындау
 - Е. Аудару
5. Қазақ әдебиеті пәнін оқытудағы негізгі құралдарды белгілеңіз:
- А. Сөз, бейне, іс-әрекет
 - В. Көрнекілік, сөз
 - С. Сөз, мұғалім сөзі
 - Д. Еңбек
 - Е. Қарым-қатынас, көрнекілік

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ақшолоақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1983.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.-242 б.
3. Жұмажанова. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009.- 288 б.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту методикасының очерктері. – Алматы, Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1962.-210 б.
5. Мәшһүр-Жүсіп Қ. Мектепте қазақ әдебиетін оқыту. – Павлодар, 2003.-252б.
6. Шәбжантайқызы М. Әдебиет теориясы-көркемсөз ғылымының айнасы. – Көкшетау, 2002.-186 б.

5. Лирикалық және драмалық шығармаларды оқыту

Поэзия – адам сезімінің айнасы. Ол адамзатты поэзияға тән белгісіз жұмбақ күш пен сезімнің алуан түрлі рахатына бөлейді, жақсы көру, жек көру, сүйсіну, қуану, мұңға бату – осының бәрі тұтастай алғанда адам жанының табиғи нәрі, рахат сәттері. Өйткені, мұңның да, қуаныштың да өзіндік ләззаттары бар. Бір сөзбен айтқанда, сезінуге, сезім шабытына тәрбиелейді, адам жүрегінің кез келген қарабайыр құбылысқа үн қоса бермейтін нәзік қылына жан бітіреді. Поэзияның жұмбақ та керемет күші, міне осында. Ал, сезінудің өзі – адамның жан-дүниесі үшін ең басты ерекшелік, сезіну бақыты кім көрінгеннің еншісіне тие бермеген. Кез келген адамның поэзияны түсіне бермейтіні де осыдан болса керек.

Қалыптасқан ұғым бойынша, лирика дегеніміз – ақынның ойы мен сезімінің ұштасып, ұласып келіп, тұтас көрінуі. Лириканың мәні де, бейнелеп көрсетері де, ақынның өз көңіл-күйі. Жазба әдебиетіміздегі сыршыл поэзияның, яғни әдеби мағынасындағы нағыз лириканың болмыс-табиғаты туралы кемел пікір танымды төл әдебиеттануымызда алғаш негіздеген А. Байтұрсынов: «Толғау сөз өнерінің барып тұрған жері, яғни ең биік шыңы. Толғау көңілдің көркем сырларын өрнекті сөздермен білдіріп, адамның көрік сезімін күшейтеді. Әдемі толғаудан алатын адамның көрік ләззаты басқа сөздердің бәрінен де артық болады», – дейді.

А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінде лирикалық өлеңде шертілетін сырдың шыншыл, терең болуы керектігі, сонда ғана ақынның көңіл-күйі, ой-сезім әлемі оқырманның жан қазынасына айналатындығы туралы құнды ойлар бар. Лирикада бейнеленетін сезім реңіне қарай: сап толғау, марқайыс, налыс, намыстаныс, сұқтаныс, сөгіс, күліс толғаулары деп бірнеше топқа бөлінуі де шынайы лириканың мазмұндық кеңістігін мейлінше толық сипаттауға дегу ұмтылыстың үлгісі.

Шындығында, біз заманды, қоғамды адамның оған деген нәзік қатынасы арқылы бағалап, белгілі бір тұжырым жасаймыз. Міне, адам баласына тән осынау күрделі сезім әлемін, жан-дүниесін тоқсан толғауы, сыры мен шыны замана болмысы, уақыт тынысымен астастыра өріп, оны дара шығармашылық тұлғаның өз көзімен парақтаған, өз болмысымен қайнастырып, қайта қорытқан шынайы лирика қазақ топырағындағы тұрпаты өзгеше алғашқы поэтикалық ғалам – Абай поэзиясы болды.

Қазақ әдебиетінде қай кезде де жақсы қасиетінен арылмаған поэзия жанры соңғы жылдары айрықша түлеп, түрленіп шыға келді. Біз өзіміз кейде айтып қоятынымыздай, лириканың «еркіндік» алуымен ғана биіктеп кеткен жоқ. Бұрын да болған, ұлпа гүлдей лирика қазір де бар. Желпілдек ақын, жеңіл мінезді лирика қураған қамыс шашағының үлпілдегіндей тез ұшып, тез көрінеді де, жоғалып кете береді, уақыт желіне табан тірей алмаған олар көзден де, көңілден де жылдам ғайып болады. Бүгінгі қазақ лирикасының алыстан көрінер өз мұнарасы, көз тартар бояулары бар, нақышты өрнектері бар. Міне, осының барлығы орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні бойынша лирика тақырыбын өткенде қамтылуы тиіс. Сөзіміз нақты болу үшін, II-класта оқытылатын М.Жұмабаев шығармашылығы, оның ішінде ақын лирикасын қалай оқытамыз деген мәселеге тоқталып өтейік.

1. *Сабақтың тақырыбы.* Кез келген көркем туындыны оқытар алдындағы жұмыс оған берілген атаудан басталғаны дұрыс. Мәселен, «Сен сұлу» өлеңіне берілген атаудан нені түсінуге болады? «Бұл шығармада не айтылуы мүмкін?» Осындай үлгідегі сұрақтарды қоя отырып, біз орыс тілді баланы ойлау, шығармашылық қиял сияқты қабілеттерін, қазақша сөйлей білу дағдыларын дамытып, баланың тақырыпты игеру талпынысын, сабаққа қызығушылығын арттыра аламыз. Шығарманың авторы туралы мәліметтерге де осы кезде тоқталып өтеміз.

2. *Сөздік жұмысы.* Сөздік жұмысы тақырыпты меңгерудегі ең маңызды деген жұмыс түрі болып есептелінеді. Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуы, сөз мағынасын түсіндіру бір ғана лирика жанрын оқытуда ғана емес, әдебиет сабағының барлық сабақ түрлерінде күнделікті ескеріліп отырғаны дұрыс. Мәселен, өлеңдегі «сұлу», «жарқ-жүрк», «хос иіс», «қаңқылдаған», «жымындаған» сөздерінің мағынасын түсіндіру үшін, олар туралы сәл де болса баяндап берсе, сабақтың тартымды өтуіне ықпал ететіні анық.

3. *Мәнерлеп оқу.* Қандай да бір көркем шығарманы болмасын, мұғалім алдымен оны өзі мәнерлеп оқып беруі керек. Біріншіден, басқа ұлт мектептеріндегі әдебиет оқулығындағы өлең, әңгіме мәтіні қысқартылып,

шағын көлемде беріледі. Екіншіден, мұғалім мәнерлеп оқудағы әуезділік, ырғақ, мәнер, эмоцияға ден қойып оқыса, баланың да сол деңгейде оқуы қалыптаса бастайды. Осыдан кейін ғана мұғалім кластағы оқушыларға мәнерлеп оқытады.

4. *Абзацқа немесе шумаққа бөліп оқыту.* Бұл кезеңде өлеңді оқыған оқушыны өзге оқушылар тексеріп, қатесіз оқилуын қадағалап отырады. Сол себепті мұғалім оқушыны бақылап отыруы тиіс.

5. *Аудару.* Мағыналық жағынан немесе өлеңнің желісіне қарай бөлінген бөлімдерді бірнеше оқушы қайта оқып, аударады.

6. *Сұрақ қою.* Мұғалім алдын-ала әзірлеген жалпы сұрақтарды қоя отырып, оқушылардың тақырыпты қашалықты меңгергенін тексереді. Бұл тұста эвристикалық пікірталас түрін қолдануға болады.

Мұғалім осы өлеңдерді оқытуда ең тиімді деген әдіс-тәсілдермен қоса, оқушылардың қызығушылығын, ынтасын, таным белсенділігін арттыру мақсатында, өтілетін тақырыпқа байланысты көрнекі құралдарды орынды қолдана білгені дұрыс. Оларға түрлі-түсті, әр түрлі формадағы кеспе қағаздар, суреттер, тірек сызбалар жатады.

М.Жұмабаевтың бұл өлеңі бір сағатқа берілгендіктен, теориялық тапсырмаларды да орындаймыз. Сабақта сын тұрғысынан ойлау әдісін қолданған тиімді болмақ. Бұл әдістің негізінде оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға және өз пікірлерін еркін айта білу дағдыларын қалыптастырамыз.

Сыни ойлауды дамыту технологиясы үш кезеңнен тұрады.

- 1 - кезең – қызығушылықты ояту;
- 2 - кезең – мағынаны ашу;
- 3 - кезең – ой толғаныс

Әр кезеңде әр түрлі әдістерді қолдану арқылы сабақты мәнді, қызықты өткізуге болады. Ең алдымен сабақтың басында «ББҮ» сызба әдісін қолдануға болады. Бұл сызба үш бөліктен тұрады:

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Алғашқы бөлім бойынша оқушылардан өткен кластарда жазушы өмірі, шығармашылық қызметі жайлы білетіндерін еске түсіртеміз. Әр оқушы өз дәптеріне өткен кластардан алған білімдерін жазбаша түрде жазып, кейін оны ортақ талқыға салады. Әрине, бұл тұста орыс тілді баланың қазақ тілін меңгеру мүмкіндігі де ескеріледі. Баланың қарапайым сөйлеу тілімен болса да, оның айтпақ ойын тыңдап, бағалағанымыз жөн.

«Білгім келеді» деп аталатын бөлімінде автордың осы шығарманы жазудағы басты идеясына, көркем туындының түйініне тоқталамыз. Өлеңді талдап, ақынның «сұлу» сөзіне берген анықтамасын балалардың ой-пікірімен салыстырып көреміз.

Ең соңғы «үйрендім» бөлімін сабақты қорытындылау кезінде толтырады. М. Жұмабаевтың өлеңі арқылы оқушылардың сабақ барысында не үйренгенді жөніндегі ойларын білеміз.

Көрнекілік ретінде интерактивті тақтаны пайдаланамыз (слайд үшін). Қорытындылау бөлімінде сергіту ойындарын ұйымдастырып, магнитофоннан «Сен сұлу» әні тыңдалады.

Оқушылар білімін бағалауда төмендегі кестесіні пайдаланамыз.

Сабаққа қатысымы.	Сабаққа дайындығы	Үй тапсырмасын орындауы	Сабақтағы белсенділігі.

Сабақ жоспары:

Сабақтың мақсаты:

- Білімділік:** Туған халқының жүрегінен жырларымен мәңгі орын тепкен ақын Мағжан Жұмабаевтың өмір жолын және «Сен сұлу» өлеңінің негізгі мазмұнын түсіндіру, ұғындыру.
- Дамытушылық:** Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, мазмұнына қарай талдау және ауызекі сөйлеу тілдерін, ойлау қабілетін арттыру, дамыту.
- Тәрбиелік:** Адами биік қасиеттерге баулу, сұлулықты сезіне білуге, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Сабақ түрі: Жаңа сабақ

Әдіс-тәсілдері: СТО, аудару, сұрақ-жауап.

Көрнекілік: М.Жұмабаевтың өлеңдер жинағы, интерактивті тақта.

Пәнаралық байланыс: Дүниетану, қазақ тілі.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастырушылық кезең: (1- слайд)

- Амандасу
- Сабаққа қатысымын тексеру
- Жаңа сабаққа дайындық.


Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

II. Қызығушылығын ояту. (2- слайд)

1. Сұлу сөзін қалай ұғынамын?
2. Мағжан Жұмабаев туралы не білеміз?
3. Ақын шығармашылығы туралы не айтамыз?
4. Ақынның бір өлеңін жатқа оқитындарымыз бар ма?
5. Ақынның атақты поэмасының сюжет желісі бойынша

«Қазақфильм» түсірген қандай көркем фильмді білесіңдер? Көргендерің бар ма, ондағы кейіпкерлер туралы не айтар едіңдер?(фильмнен үзінді көрсетуге болады)

Осы сұрақтарға жауап ала отырып, оқушылардың ақын шығармашылығы туралы білетіндерін ескере отырып, М.Жұмабаев кім деген сұраққа жауап аламыз.



III. Мағынаны ашу. (3- слайд)

Қазақ халқының жалынды, өте талантты ақыны Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Мағжан төрт жасында-ақ Ахмет ұстаздан хат танып, хисса-дастандарды оқи алады. Туған жерін, туған халқын жанындай сүйген ақын бар шығармашылығын соларға арнайды. Мағжан ақынның қандай шығармасын оқысақ та, біз оның жүрек жылуын, махаббатын сезінеміз...

1. Сөздікпен жұмыс. (4- слайд)

Жанға жайлы – душе приятно (жағымды, саған ұнайтын)

Жарқ-жұрқ еткен нажағай – сверкнувшая молния (жарқылдау)

Жібек жылы жел – плавающая луна на небе (таза, тартымды, жылы жел)

Хош иіс – приятный, ароматный запах (иіскегенде жағымды иіс шығу)

Қаңқылдаған қу – палящий лебедь (аққудың дауысы)


Жымындаған жұлдыздармен түн – мигающая звездная ночь (түнгі жұлдыздардың аспанда бір сөніп, қайта жануы)

2. Мәтінмен жұмыс. (5- слайд)

А) Мұғалімнің оқуы

Б) Оқушыларға тізбектеп оқыту. («Сен сұлу» әнін ұнтаспадан тыңдату)

«Сұлу» сөзін түсіндіру.



3. Салыстыру. (6- слайд)

Абай . «Желсіз түнде жарық ай»
Желсіз түнде жарық ай, Көрінбей жердің топырағы


Құлпырған жасыл жер жүзі.
 Ауылдың жаны терең сай
 Қалың ағаш жапырағы,
 Сыбырласып өзді-өзі
 Тасыған өзен күрілдеп.

Сәулесі суда дірілдеп
 Тау жаңғырып, ән қосып
 Үрген ит пен айтаққа.
 Сөз айта алмай бөгеліп
 Дүрсіл қағып жүрегі.

Мағжан: «Сен сұлу»	Ұқсастығы	Абай: «Желсіз түнде жарық ай»
Табиғаттың барлық мезгілін жырлаған Сүйіктісін солардың сұлулығына тенеген.	Табиғаттың сұлу бейнесін жасаған. Екі ақында өз махаббаттарын табиғат бейнелері арқылы жеткізген. Екі өлеңнің де әні бар.	Махаббатын бір-ақ «түн»сөзі арқылы жеткізе білген. Түннің әсем табиғатына балаған.

6. Өлеңнің шумақтарында не айтылған? (7- слайд)

ДЖИГСО – 1 стратегиясы бойынша.



IV. Ой толғау. (8- слайд)

1. Ақынның сұлу жырының сыры неде? (Мына кестені толтыру)

Не сұлу?	Неге сұлу?
Май	Ол жанға жайлы, жап жасыл

2. Ақын өзінің махаббатына деген сезімін қалай жеткізеді?
 3. Адамның өзі жақсы көрген сүйіктісі неге ерекше болады?

V. Үйге тапсырма. (9- слайд)

- 1) Өлеңді мәнерлеп оқып, өздеріңе ұнаған 2-3 шумақты жаттау.
 2) Өз жаныңнан сұлулыққа байланысты өлең немесе эссе жазу. (Қабілетіңе қарай)

VI. Бағалау. (10- слайд)

Сабакқа қатысымы.	Сабакқа дайындығы	Үй тапсырмасын орындауы	Сабактағы белсенділігі.

Драмалық шығармаларды оқыту. Әдебиет ғылымында көркем шығармалар өзара үш салаға: эпос, лирика, драма болып жіктеледі. Лирикада

өте қысқа, тұжырымды түрде жеке адамдардың көңіл күйінің әр алуан қалыптағы бейнесі беріледі. Эпоста адамдардың өмірі туралы әңгімеленеді, ол – жазушының алға қойған мақсатына қарай бірде тар, бірде кең көлемді шеңберде көрсетіледі, ал драмада кейіпкерлер тек өзінің іс-әрекеттері, сөздері арқылы ғана көрінеді.

Әдеби жанр термин ретінде шартты екі мағынада қолданылады:

1. Әдебиеттің тектері: эпос, лирика, драма.
2. Әдеби шығарманың түрлері: әңгіме, повесть, роман, баллада, поэма, комедия, трагедия және т.б. Әдебиеттің тегі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр боп табылады.

Көркем шығармаларды оқу, талдау жұмыстарының әдіс-тәсілдерін олардың жанрлық ерекшеліктеріне бейімдеп жүргізу үшін оқытушы бағдарламадағы шығармаларды жанр түріне қарай анықтап алады.

1. Оқушыларға әдеби жанрлардың өзара айырмашылық белгілерін таныту үшін керек.

2. Шығарманы өзінің табиғи өзгешелігіне байланысты талдау жұмысын қалай жүргізуді белгілеу үшін керек.

Өйткені әрбір жанрға жататын шығарманың өзіне тән сыр-сипаты, өзгешелігі бар, талдау жасағанда өзгеде жоқ, өзіне ғана тән ерекшелік жақтары ескеріліп отырады. Сахнаға арналып жазылатын драмалық шығарма тексінен алғаш рет кездесетін «драма», «акт», «сахна», «көрініс», «декорация», «қатысушы кейіпкер» деген терминдер драмалық шығармаларды оқыту үстінде беріледі.

Автор алдымен, пьесаның кейіпкерлері жөнінде, ол кім, не істейді, жасы, кәсібі туралы мәліметтер береді. Пьеса кейіпкерлері дәл қазір болып жатқан оқиғаға қатынасып, өздерінің мақсатын, арманын, тілегін, ой-пікірін, пікір таласын, әр түрлі көңіл күй сезімдерін білдіріп жатады. Автордың әр көріністе оқиға болып жатқан ортаны, адамдардың, кейіпкерлердің сахнадағы өзара әңгімесі үстіндегі көңіл-күйін, қимыл-қозғалысын арнайы беріп отырады. Драмалық шығарманы оқу – көрушіні де тәрбиелейді. Оқушыны театрға апарып, драмалық шығарманың сахнадағы көрінісін тамашалату, драмалық шығарманың ерекшелігін меңгерту үшін өте қажет. Оқушы театр сахнасынан көргенін, оқылған пьесаның сахнада қойылуымен салыстыра отырып, олардың ерекшелік айырмасын таниды.

Драмалық шығармаларды оқытудағы жұмыс түрлері:

1. Пьеса жайында кіріспе әңгіме жүргізу, кейіпкерлермен таныстыру.
2. Пьеса мәтінін мұғалімнің өзі оқып көрсетуі.
3. Оқушыларға қатынасушылардың рөлін келістіріп класта оқыту, сұрақ бойынша өзіндік әсерін әңгімелету.
4. Пьесадағы негізгі тартысты аша отырып, тақырыбы мен идеясын анықтау.
5. Кейіпкерлерге жекелеп және топтап мінездеме беру.
6. Әр көріністен сюжеттің желісі, пьесаның композициялық құрылысын аңғарту.

7. Пьесадағы көркем бейнелі сөздерге көңіл аудартып, ұғымы ауыр сөздерге түсінікберу.

8. Әр көрініске жеке тақырып ойлап табу.

Драманың комедия, трагедия, драма сияқты түрлері туралы мәлімет те берілуі керек. Оның сахнаға лайықталып жазылғаны айтылып, оған автордан басқа актердің, режиссердің, суретшінің қатысатыны, әрқайсысының қандай міндет атқаратыны ұғындырылады. Ол үшін төмендегідей тапсырмаларды беруге болады:

- Пьесаны тағы қалай атауға болады? – деген сияқты проблемалық сұрақтар қою.

- Пьесаны талдау барысында белгілі бір кейіпкерлердің сөзін жекелеген кеспелерге жазып, осы цитатадан кейін қандай оқиға өрбігенін сұрау. Бұл оқушының логикалық ойлауын қалыптастыратын әрекет.

- «М.Әуезовтің «Түнгі сарын» драмасындағы (11-класс) адал да пәк әйел бейнесін суреттеп көріңдер», – деп, қазақ әйелдерінің тамаша қасиеттерін оқушы өзі ойлап таба отырып, Жүзтайлақтың жаман қасиеттерін одан әрі аша түседі. Өз бетінше ізденеді.

Монологтымәнерлеп оқыту арқылы оқушының ауызекі тілін дамытамыз. Жатқа айту арқылы есте сақтау қабілетін дамытамыз, белсенділігін қалыптастырамыз. Сондықтан драмалық үйірме жұмысын жандандыру, жетілдіру, оқушыларды көбірек қатыстыру маңызды болмақ. Драмалық шығармаларды оқыту арқылы оқушыны еркін сөйлеуге, өнердің құдіретін сезіне, бағалай білуге үйренеді. Яғни, мәтіннің мазмұнын айтып беруден бастап, мәтінге ой толғап, талдау жасай алу деңгейіне шейінгі жолды жүріп өтеді. Қазақ әдебиетінің мұғалімі драмалық шығармаларда кездесетін өмірлік маңызы зор шиеленістерді шешуге келгенде, әдебиет сыншыларының пікіріне сүйеніп, талдап өте салмай, өзінің көзқарасын шынайы айта алатын дәрежеде болуы керек. Сонда ғана оқушы өз пікірін, өз көзқарасын білдіруге ұмтыла бастайды. Жаттанды білімге ұмтылмай, танымдық қабілеттерді игере бастайды. Драманы оқуда мұғалім әсіресе, эмоционалдық күшті тұстарын шынайы түрдегі эмоция ретінде көрсетуге барлық іс-әрекетін жұмылдыруы керек.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Көркем туындыны әр сатыдағы кластарда оқытудың өзіндік жолдары бар ма? Болса қандай?
2. Лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін атаңыз.
3. Лирикалық шығарманы оқытуды ұйымдастыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болады?
4. Драмалық шығармаларды оқытудың тиімді жақтары бар ма? Атап көрсетіңіз.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Драманы өтудегі тиімді сабақ түрлері:

А. Қойылым сабақ

В. Концерт сабақ

С. Дәстүлі, жана сабақ

Д. Диспут, дебат сабақ

Е. Қайталау сабағы

2. Көбіне бастауыш буында берілетін жанрды белгілеңіз:

А. Мысалдар

В. Мақал-мәтелдер

С. Драмалық шығармалар

Д. Батырлар жыры

Е. Шешендік сөздер

3. Эпистолярлық жанрды оқытқанда қойылатын басты талап қайсы?

А. Жанрлық, композициялық ерекшелігіне баса назар аудару

В. Тек мәнерлеп оқу

С. Инсценировка құрастыру

Д. Пікірталас өткізу

Е. Рөлдерге бөліп оқыту

4. М.Шахановтың «Отырар дастаны» жанр жағынан қандай шығарма?

А. Поэма

В. Сюжетті өлең

С. Трагедия

Д. Мысал

Е. Баллада

5. Концерт-сабақ, композициялық сабақ түрлерін әдебиеттің қай жанрын оқытқанда қолдануға болады?

А. Драма

В. Шолу тақырыптары

С. Лирика

Д. Әңгіме

Е. Мысал

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Құраст. А.Ісімақова, Г.Пірәлиева және т.б. – Алматы: Алаш, 2003.
2. Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. – Алматы: Мектеп, 1993.
3. Бадырақов Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырмалар жүйесі. – Алматы, 1977.-102 б.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.-242 б.
5. Көшімбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы: 1969.-242 б.

6. Әдебиет сабағындағы тіл дамыту жұмыстары мен кластан тыс оқу

Оқушының ауызша және жазбаша тілін дамытып, тіл мәдениетіне үйретіп жетілдіруде басқа пәндерге қарағанда, әдебиет пәнінің алатын орны мен рөлі зор. Сөз бен сөйлеушінің осы сияқты сыр-сипаты, қасиеті – тек әдеби шығармаларға ғана тән құбылыс, өйткені көркем әдебиет өмір құбылыстарын қиял арқылы бейнелеп көрсетеді. Сөздің бұл сияқты сиқырлы сыры мен құдіретті күші басқа ғылым саларында болмайды. Сайып келгенде, оқушылардың сөзді, сөйлемді дұрыс қолданып, дұрыс сөйлей және жаза білуіне, ойын жүйелі түрде баяндай алуына барлық ұстаздар міндетті, ал әдебиет пәні мұғалімінің бұл негізгі міндеті болмақ. Сонда ғана бұл жұмыстан жақсы нәтиже күтуге болады.

Оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін өрістетіп отыруын көздейтін мектеп көлемінде тиісті шаралар белгіленіп, жаппай күрес жүргізіліп отыруы қажет. Бұл жұмысты осылай ұйымдастырмаған жерде, одан ойдағыдай нәтиже күту, толық мақсатқа жету екіталай болмақшы.

Оқушылардың сөйлеу тіліне қойылатын талаптарды жинақтап, тұжырымдап айтсақ:

1. Оқушы өзінің айтайын деген ойын жүйелі, әрі жүйелеп айтып беруге дағдылануы керек.
2. Сөзі дәмді, тартымды, мазмұнды, дәлелді болуы тиіс.
3. Әдеби тіл нормасынан шығып, ауытқып кетпей, оны сақтап, мәнерлеп сөйлеуге жаттығуы керек.
4. Сөзді дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құрап сөйлеуге машықтануы керек.

Әдебиет пәнін оқыту шеберлігінің бір көрінісі – тиісті материалды оқушыларға әдеби жатық тілмен жеткізе білу. Ол тілге шешен, сөзге жүйрік болуы керек. Оқу материалын баяндап түсіндіруінде, сөйлеген сөзі логикалық жақтан жоспарлы, жүйелі, сатылы, бір-бірімен байланысты болуы шарт. Дауыс биіктігі мен дауыс құбылысы, сөйлеу қарқыны мен кідірістер, жүріс-тұрысындағы құбылыстар сияқты жайттарға байланысты ереже-қағидалар педагогикалық, психологиялық және методикалық талаптарға сәйкес болып отыруы керек. Өтіліп отырған әдеби шығармаға байланысты сөздік жұмыстар жүргізу де тиімді нәтиже бермек. Оқушыға тілі мен ойын дамытатын, әдеби мәтіндерде кездесетін таныс емес сөздердің мағынасын ашатын жаттығулар, арнайы тапсырмалар беру, ойлауына ықпал жасау, шығармашылық қабілетін де дамытады. Әдеби ұғымдардың қазақша атауларына қатысты жүргізілетін сөздік жұмысы әдеби білімнің мазмұнын тиянақтауда өте қажет.

Оқу-тәрбие ісінде әдебиетті оқытумен байланысты тіл дамыту тапсырмалар жүйесі пәндік және педагогикалық ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болады:

1. Тіл дамыту тапсырмалары оқу-тәрбие ісінде баланың жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылады.
2. Тіл дамыту тапсырмалары оқытудың басқа да әдіс-тәсілдерімен байланыстырыла жүргізіледі.

3. Тіл дамыту тапсырмалары мұғалім мен оқушының біріге жұмыс істеуі барысында ғана іске асады.

4. Тіл дамыту тапсырмалары жоғары кластарда өз бетінше орындалатын жұмыстардың негізінде іске асырылады.

Сондықтан әдебиет пәні бойынша берілетін тіл дамыту тапсырмалары баланың жасына лайықты нақты материалдарды қамтитын, оқушының білімге қызығушылығы мен ынтасын оятағындай дәрежеде ұйымдастырылады. Жоғары кластарда әдебиетті оқыту барысында оқушылардың өздігінен тіл дамыту тапсырмаларын орындау қабілеті мен дағдыларына қарай, оқу процесінде тапсырмалар жүйесінің үш түрге бөлеміз. Олар **репродуктивті** тапсырмалар, **танымдық-іздендіруші** тапсырмалар, **шығармашылық** тапсырмалар болып бөлінеді.

Репродуктивтік тапсырма дегеніміз – мұғалімнің түсіндірген дайын сабақ материалын оқушының сол қалпында, сол күйінде қабылдауы, яғни біреудің ойын ұғып, қабылдау немесе кинофильм, спектакльді тікелей көру арқылы ұғу. Репродуктивтік тапсырмалар орындаудағы негізгі мақсат – басқа біреудің ойын аңғарту, игерту, дайын материалды есте сақтау. Сондықтан оқушылардың алдына тану, іздеу мақсаттары қойылмайды. Сол дайын нәрсенің эталоны демонстрацияланады. Репродуктивтік тапсырма түрін жақсы меңгерген оқушы сол нәрсені естіп, көру дағдысымен енді оны танып-білуге, зерттеуге әрекет жасайды.

Оқушылардың алғашқы қабылдау әрекеті, дағдысы мұғалімнің басшылығымен басшылығымен жүргізілген тапсырмаларсыз мүмкін емес. Мысалы, әдебиет сабағында мәнерлеп оқудың алғашқы үлгісі мұғалімнің дұрыс мәнерлеп, белгілі бір интонациямен шебер оқуы арқылы іске асады. Мұғалімнің осындай үлгісіз оқушы дұрыс мәнерлеп оқи да алмайды. Мұғалімнің үлгісі бойынша оқушының тексті мәнерлеп оқуы – репродуктивтік тапсырманы орындау дағдысын қалыптастырады. Бұл мұғалімнің ісін, әрекетін, берген дағдысын қайта жаңғырту болады.

Сондай-ақ, көркем шығарманың жеке тарауларындағы, бөлімдеріндегі негізгі ой, оқиғаның не туралы айтылғанын мұғалім әңгімелеп айтып, түсіндіреді. Мұғалімнің талдау үлгісімен оқушы одан түсінгенін қайыра айтады. Бұл да репродуктивтік тапсырмаларды орындау болып саналады. Қорыта келгенде, оқушы репродуктивтік тапсырмаларды орындау әрекетінде тек мұғалімнің түсіндірген материалын, сондай-ақ бейнеролик, кино үзінділерімен байланысты болған сабақтарындағы оқиғаны көзбен көріп қабылдаудағы дағды мен қабілетін айтамыз.

Танымдық-іздендіруші тапсырмалар жүйесі дегеніміз – оқушылардың таным қабілетін жетілдіруде еске түсіру мен іздену, зерттеу үстінде қалыптасатын жаңа білім, дағды мен шеберлікті дамыту бағытында істелетін жұмыс түрі. Жоғары кластарда әдебиет пәнін оқытумен байланысты берілетін танымдық-іздендіруші тапсырмалар оқушылардың сол пәнге, жалпы білімге, ғылым негізіне деген ықыласын арттырады, оның іздену, таным дағдыларын дамытумен бірге, баланың жеке басының даму ерекшелігін

қалыптастырады. Оқушы танымдық-іздендіруші мақсатындағы тапсырмаларды орындаумен бірге, білімді меңгерудегі қабілеттілік пен дағдыға жаттығып, бірте-бірте өздігінен орындау, іздену жолына түсе бастайды. Әдебиет пәнін оқытумен байланысты танымдық-іздендіру мақсатында сын, ғылыми мақалаларға, оқыған кітаптарына рецензия, реферат жазу барысында мұғалімнің түсіндіруімен алған біліміне сүйене отырып, енді сол білімін нақты материалдар, ғылыми мақалаларды қосымша оқу арқылы әрі қарай терең танып, жан-жақты зерттеп біледі. Тану, зерттеу барысында ізденді, оны салыстырады.

Танымдық-іздендіруші тапсырмаларды орындау мақсатында оқушыға дайын білім үйретудің әдістері берілмейді, сол нәрсені танып-білу үшін проблема қойылады. Мысалы, фактіге сүйене отырып дәлелдеу, себебін анықтау, зерттей отырып белгілі қорытынды шығару, оны өмірде пайдалана білу мақсаты көзделеді. Танымдық-іздендіруші тапсырмаларды орындату мақсатында, Махамбет шығармаларын оқыту сабақтарында қолдануға болады. Шығармаларының тақырыптары мен идеялық сарындары, реалистік сипаттары, ақынның асқақ арманы, жырларындағы қажымас қайрат, жігер, Исатай образы және өз бейнесі, қазақ әдебиеті тарихындағы орны т.б. мәселелерді оқушыға қалай жеткізу керектігін, оның қандай тәрбиелік маңызы барлығын түсіндіру басты мақсат болып табылады.

Шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушылар ғылым негіздерін меңгерумен бірге, алған білімі мен іскерлік дағдыларын одан әрі дамытады. Оқушылардың өз бетімен орындайтын зерттеу тапсырмалары мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі. Кейін тапсырмаларды өздігінен шығармашылықпен орындауға дағдыланады. Олар өздеріне тапсырылған міндетті бар ынта-ықыласымен, сын көзімен қарап орындауға тырысатын болады. Шығармашылық тапсырмаларды сапалы орындау көбіне оқушының жалпы ой өрісінің кеңдігіне, зерттеп, іздеп, орындағалы отырған мәселені жете түсініп, проблеманың себебін, шешу жолын таба білуімен де тікелей байланысты.

Шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушыларда зерттеліп отырған оқиға жайлы өзіндік пікірі, көзқарасы қалыптасады да, алдына дербес мақсат қоя алады. Бір сөзбен айтқанда, шығармашылық тапсырма оқушының өз бетінше еңбектенудегі дағдысы мен қабілеті, іскерлігінің жетілген ең жоғары дамыған сатысы деп айтуға болады.

Қазақ әдебиеті пәнінде қарастырылатын мәселе әр класқа іріктелініп алынған шығармаларды, ақын-жазушылар өмірі мен шығармаларын оқытуда қолданылатын тапсырмаларды жүйелеу, мұғалімнің сабақта қолданатын әрбір әдіс-тәсілдердің оқушыға әсер етіп, ой сезіміне қозғау салып әрекет жасауға жетелеп отыратындай жағын ойластырған жөн. Кейде тапсырмалар жүйесінің нақты әдістемесінің болмауынан, оқушылардың алған білімдеріне риза болмай, өтілетін тақырыпқа ынта-ықыласының төмендігінен жаттап айту, ой-өрісінің тарлығынан іздену, зерттеу қабілеттерінің нашар дамығандығынан нәтиже төмен болып жатады. Сондықтан да жоғары класстарда қазақ

әдебиетінен тапсырмаларды жүйелеу, әдіс-тәсілдерді оңтайлы қолдана білу оқыту әдістемесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Классағы оқумен бірге әрбір оқытушы кластан тыс оқу, үйірме, шығармашылық кеш, экскурсия жұмыстарын кеңінен ұйымдастыруы тиіс. Кластан тыс оқыту оқушылардың оқу-танымдық әрекеттері мен ауызша тіл дамытудың психологиялық негіздері мәселелеріне арналады. Оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін арттыратын негізгі құбылыс – қызығушылық. Белгілі психологтар А.И.Леонтьев, С.Я.Рубинштейн т.б қызығушылық оқушылардың оқу ісінде ең маңызды орын алады десе, Л.А.Гордон, М.Ф.Беляев, Л.И.Невский және т.б қызығушылық оқушы санасының белсенділігі мен іс-әрекетін көтереді дейді.

Тіл дамыту жұмыстарының бір нәтижесі осы – кластан тыс оқу арқылы да көрініс табады. Баланың сөйлеу тілін дамытуда аталған жұмыстың мәні зор. Қазақ әдебиетін үйретуде жақсы нәтижеге жету үшін мұғалім сабақта да, кластан тыс оқытуды ұйымдастыруда да оқушының қазақ әдебиетіне қызығушылығын туғызуға үлкен мән беруі қажет.

Қызығушылық – психологиялық құбылыс, ол адамның табиғи қасиеті емес, оладамда ортаның тәрбиенің нәтижесінде пайда болатын нәрсе. Міне, осылайша, қазақ әдебиеті мұғалімі оқушының қазақ әдебиетіне деген қызығушылық сезімін оятып, оны дамытуға бар күшін, шеберлігін пайдалануға тиісті. Осы мақсатқа жету үшін, кластан тыс оқытудың мүмкіндігі мол. Осыған байланысты қазақ әдебиетінен жүргізілетін кластан тыс оқыту сабақтарының бәрі оқушы қызығатындай және оқушы қызығушылығын арттыратындай болуы шарт. Кластан тыс оқыту сабақтарының барлығы дерлік оқушы қызығушылығы негізінде құрылады. Кластан тыс оқыту мұғалімнің ұйымдастыру шеберлігімен іске асады. Сонымен қатар, кластан тыс оқыту әр түлі жұмыстар арқылы жүзеге асады. Сол жұмыстар арқылы оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға, өз қабілетін танып-білуге, қосымша жұмыс жасауға үйретіп, дүниетанымын кеңейтеді.

Кластан тыс оқыту сабақтары бағдарламалық талаптар бойынша жүргізіледі. Оған бағдарламада қосымша оқуға және кластан тыс оқуға ұсынылған шығармалар негізге алынады. Кластан тыс оқуға бөлінген сағат көп емес. Бөлінген уақытты ұтымды пайдалана отырып, оқушылардың әдебиет сабақтарында алған білімдерін кластан тыс оқу сабақтарында кеңейту мен тереңдетудің тиімді жолдарын іздестірген жөн.

Кластан тыс оқу сабағы – әдебиет сабағының жалғасы. Ол арқылы мұғалім оқушылардың өздігінен кітап оқуына бағыт береді, оқыған шығармаларды есепке алады, қадағалайды, тексереді, оқушылардың қабілетін арттырады. Кластан тыс оқу сабағын қалыптағы дәстүрлі әдебиет сабағы деуге болмайды. Себебі класс сағатына қарағанда, мұнда оқушылардың дербес жұмысына, өзіндік ізденуіне, пікір еркіндігіне мол мүмкіндік беріледі. Баланы жеке адам ретінде қалыптастырып, қажетті тәрбие жұмыстарын іске асыруда кластан тыс оқудың маңызы зор. Бұл жұмыстың басты ерекшелігі – баланың

ауызша тілін дамыту, өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізі білуі. Ол үшін мұғалім тапсырмалар жүйесін алдын ала ойластырып, түрлендіріп беруі тиіс.

Оқу бағдарламасында кластан тыс оқылатын әдебиеттер тізімі, әр класта оқылатын сағаттар саны көрсетілген. Бұған қатып қалған нәрсе деп қарауға болмайды. Мұғалім өз қалауы бойынша, ішінара оны өзгертіп, керекті деген шығармаларды өз қалауымен ұсына алады. Кітап тапшылығына байланысты бағдарламадағы авторлардың табылуы да қиын болуы да мүмкін. Сондықтан оның орнына басқа шығармаларды оқытуға болады. Мысалы, 6-класта Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін оқуға, талдауға ұсынылады. Ол әңгімені оқып болған соң, оның «Таза бұлақ», «Талаптын пайдасы», «Әкесі мен баласы» атты әр түрлі тақырыптарда жазылған әңгімелерін кластан тыс оқу сабағында талқылауға болады.

Кластан тыс оқуды әдебиеттегі сабақтардан мүмкіндігіне қарай басқаша ойластырып өткізген жөн. Сабақ бойы сұрақ беріп мазалау, талап ету сияқты әдістерден қашқан жөн. Әсіресе, 5-8-класстарға арналған сабақтан тыс оқу сабақтары қызықты, оқушыларды тартатындай, жалықтырмайтындай болып жоспарлануы керек. Бірізділікпен өтетін сабақтардан оқушылар жалығады, ал оның зияны ұшан-теңіз, себебі ондай сабақтар баланың кітапқа деген қызығушылығын тежейді, жояды. 5-8-класстардағы сабақтан тыс оқудың ең басты мақсаты – оқушылардың кітапқа деген ынтасы, қызығушылығын арттыру, оқырмандар әзірлеу. Концерт сабақ, әдеби ойын сабақтары, жарыс сабақтары, жәрменке сабақ, сабақ–викторина, саяхат сабағы, «Бізде ертегі кейіпкерлері қонақта» атты кездесу сабағы немесе «Алақай, Тазша баланың ертегісін тыңдайық!» атты әңгіме сабақтары балаларды көңілдендіріп, ынталандырып жіберетіні сөзсіз.

Оқушыларға кітапты ұсынбас бұрын әр түрлі дайындық жұмыстары жүргізіледі.

1. Оқушының жас ерекшеліктеріне байланысты түсініктерін байқау.
2. Әрбір оқушы қандай дәрежеде оқи алатынын тексеріп білу.
3. Әңгіме, мақала, өлең, ертегі сияқты көркем шығарма жанрларын оқу үстінде оқушылар әңгіменің не мақалдың ой түйінін, негізгі идеясын анықтай білуге үйренеді.

Мектеп кітапханасы оқушыларды керекті шығармалармен қамтамасыз етуге тиіс. Алайда, керекті кітаптар мектеп кітапханасында табыла бермейді. Осыны ескеріп, тәжірибелі мұғалімдер класта «Кітапхана бұрышын» ұйымдастырады.

Кластан тыс кітап оқуды жүргізудің бірнеше әдіс-тәсілдері бар:

1. Сабақтан тыс уақытта мұғалімнің дауыстап кітап оқуы.
2. Ұйымдасқан түрде кітап оқу.
3. Топқа бөлініп кітап оқу.
4. Өз таңдаулары бойынша кітап оқу.

Оқушыларға ұсынатын шығармаларды алдымен мұғалім өзі оқып, оның мазмұнымен танысып алады. Кластан тыс оқу сабақтары бағдарламаның

талаптары бойынша жүргізіледі, сонда көрсетілген қосымша оқуға және кластан тыс оқуға ұсынылған шығармалар негізге алынады.

Кластан тыс өз қалауымен оқылған кітаптарды дәптерге тізіп жазып отырған дұрыс немесе мынадай кесте толтыруға болады.

№1 кесте

Тақырыбы	Автор	Шығарманың кейіпкерлері	Мәселелер	Қысқаша мазмұны	Пікір	Оқыған уақытым
«Менің атым – Қожа»	Б.Соклақбаев	Қожа	Мектеп өмірі, бала тәртібі	Мектептегі қызықты оқиғалар баяндалады	Қатты ұнады	сәуір айы

Оқушылардың әдеби білімінің мол және тұрақты болуы, әдеби шығарманы түсініп оқуына, көркемдік ерекшелік жақтарын дәл ұғынуына байланысты болып келеді. Оқушының әдебиетке деген құмарлығын оятып ынталандыру, өздігінен оқуға үйрету жолдарын қалыптастыру, тілін байыту, қиялдау қабілетін туғызу, логикасын дамыту және өткен білімді жинақтап, баяндап айтып, із жазып бере білуге баулу әдебиет пәні мұғалімінің басты міндеті болмақ. Оқушыларды кластан тыс оқу әрекетіне үйрету мұғалімнен үлкен шеберлікті, іскерлікті, тапқырлық, талантты қажет етеді. Мұның өзі әртүрлі әдістемелік тиімді тәсілдерді пайдаланып, қазіргі заман талабына сай өткізілетін сабақ процесінен бастап, соның жалғасы ретінде жүргізілетін кластан тыс оқыту арқылы жүзеге асырылады. Демек, пән мұғалімі кластан тыс оқуға басшылық жасауда, ең алдымен, әр түрлі әдіс-тәсілдерді ұтымды қолдана отырып, оқушының оқырман ретінде қызығушылығын анықтайды. Оқушының психологиялық жас ерекшелігін ескере отырып, әр класс бойынша оқушының оқырмандық қартасын жасайды. Бұл оның келешекте жүргізілетін жұмыс түрлеріне бағыт-бағдар сілтеуші ретінде қолданылады. Оқу жылының басында әрбір оқушы мұғалімнің көмегімен кластан тыс оқуға тиісті шығармалардың тізімін төмендегідей үлгіде жазып толтырады.

№2 кесте

Рет саны	Авторы	Кітаптың аты	Қайдан алды?	Оқып шыққан мерзімі	Ұнады ма, жоқ па?
1					
2					

Бағдарлама бойынша кластан тыс оқу ауқымының үш түрі бар:

- 1) міндетті оқуға және талдауға ұсынылатын шығармалар,
- 2) өздігінен оқуға және класта пікір бөлісуге,
- 3) жыл басында класс парағына енгізіліп, еркін түрде оқылатын кітаптар.

Өздігінен оқу. Оның жолы—кітаптар тізімін ұсыну, жаңа кітаптардың баспадан шығуын бақылап, жиі-жиі көрме ұйымдастыру, кітап оқушылардың активін жасау, балаларға арналған басылымдарға жаздырту, оқушылар конференциясын ұйымдастыру, мазмұндау, мінездеу, көркем оқу, жатқа айтқызу, талдау жұмыстарын жүргізу сияқты формалары болмақ.

Әдебиет сабақтарында оқушылардың алған білімі мен дағдыларын кластан тыс оқумен ұштастыра дамытқан кезде ғана олардың өз бетімен оқу машығы жетіле түспек. Осыдан келіп оқушылардың әдеби білімдерін арттырудың тиімді жолы — әдебиет сабақтары мен кластан тыс оқу сабақтарын байланыстыра білу мәселесі туады. Бұл көркем шығарманың идеялық-көркемдік құндылығы, көтерген проблемасының тереңдігі, ауқымы, оқушының қабылдаушылық, қызығушылық қабілеті тұрғысынан сарапқа салынған, мақсаты мен бағыт-бағдары айқындалған кластан тыс оқуды басқа да жұмыстармен тығыз ұштастыра жүргізуді міндеттейді.

Кластан тыс оқыту нәтижесінде мектеп оқушылары әдебиет пәнінен шығарма жазуда, ауызша емтихан тапсыруда, тіл дамыту тапсырмаларын орындауда өздерінің терең білімділігін, саналылығын көтереді. Оқушылардың бос уақыттарын пайдалы, тиімді өткізуде, инабаттылық, имандылық, адамгершілік сияқты биік қасиеттерге баулуда, ұлттық өнерді, халық өнерін қастерлеу, қорғауда да кластан тыс оқытудың жас ұрпаққа берері мол.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Тіл дамыту жұмыстарының түрлерін атаңыз.
2. Тіл дамыту жұмыстары арқылы әдебиет пәніне деген оқушы қызығушылығын қалай қалыптастыруға болады?
3. Кластан тыс жүгізілетін жұмыс түрлерінің білім мазмұнына қандай пайдасы бар?
4. Кластан тыс жұмыстардың білім беру мен тәрбиедегі ықпалы мен маңызы неде деп ойлайсыздар?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Репродуктивтік тапсырма дегеніміз не?
А. Мұғалімнің түсіндірген дайын сабақ материалын оқушының сол қалпында, сол күйінде қабылдауы
В. Көркем туындыны жалпы шолу бағытында қабылдау
С. Туындыны тұтастай өзі оқуы
Д. Мәтінге жүгіне отырып баяндау
Е. Оқи отырып баяндау
2. Мәнерлеп оқи отыра, мазмұнына аннотация беруді қажет ететін көркем туындыны көрсетіңіз?
А. Поэма
В. Роман
С. Баллада
Д. Дәуірнама

Е. Фельетон

3. Тапсырмалар жүйесінің үш түрін ата.

А. репродуктивті, танымдық-іздендіруші, шығармашылық

В. танымдық-іздендіруші, шығармашылық, зерттеушілік

С. репродуктивті, танымдық-іздендіруші, зерттеушілік

Д. репродуктивті, шығармашылық, зерттеушілік

Е. зерттеушілік, репродуктивті, танымдық-іздендіруші,

4. Бағдарлама бойынша кластан тыс оқу ауқымының неше түрі бар?

А. 3

В. 2

С. 4

Д. 1

Е. 5

5. Кластан тыс оқу сабағы —

А. әдебиет сабағының жалғасы

В. саяхат сабағы

С. көркемсурет сабағы

Д. ой сабағы

Е. дәріс сабағы

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Әбілқасымов А.Е., Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. — Алматы, 2003.-144 б.
2. Көшімбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. — Алматы: 1969.-242 б.
3. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жж. арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2010.
4. Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту методикасының очерктері. — Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикалық баспасы, 1962.-210 б.

7. Әдебиет сабағындағы жазба жұмыстар мен оқушы білімін бағалау критерийлері

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі таңда білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлғаны қалыптастыру болып отыр. Мектепте шығарма жаздыру арқылы біз осындай ізгі қасиеттерге баулитынымыз жөнінде ғалым Л.С. Айзрман былай дейді: «Мектеп шығармасының негізгі мақсаты — оқушылар бойында қайырымдылық сезімін оята отырып, оларды адамдық пен азаматтыққа тәрбиелеу, әдебиетті шәкірттердің ақылы мен жүрегіне жеткізу». Демек, шығарманы тұтас күйдегі оқушының ішкі толғанысын терең сипаттайтын, жақсылықты жазуға тырысатын монологтық ой толғау деп есептеуге болады.

Қазақ әдебиетін оқытуда жүргізілетін жазба жұмыстарының мынадай түрлері бар:

1. Өтілген материалды бақылау, тексеру мақсатындағы жазба жұмыстары.

2. Тіл дамытуға арналған жазба жұмыстары.

3. Оқушылардың өзіндік шығармашылығын дамытуға бағытталған жазба жұмыстары.

Әдебиет сабағында оқушылардың грамматикалық білімдерін тұрақтандыруда шешуші фактор болып саналатын жазба жұмыстарын ұйымдастыруға қандай талаптар қойылатынын еске түсірсек:

1) жазба жұмыстары оқушының жас ерекшеліктеріне сай болуы;

2) жазба жұмысының тәрбиелік мәнінің болуы, яғни алынған мәтін, мазмұндама арқылы оқушы өз халқының әдебиеті мен мәдениетін, әдет-ғұрпын, салтын, ана тілін қадірлеуге баулитындай болуы;

3) жазба жұмысындағы берілген тілдік тапсырманың айқындығы және тіл дамытумен байланыстылығы;

4) берілген жазба жұмысының оқушы шығармашылығын арттыруға, танымдық қабілетін кеңейтуге әсері болуы.

Мектепте шығарма жаздыру шәкірт білімін, дүниеге көзқарасын қалыптастыруда басты рөл атқарады. Шығарма, мазмұндама жаздыру – оқушының аналитикалық ой жүйесін қалыптастырады. Жоғарғы кластарда тақырыптық-бағдарламалық, шығармашылық, публицистикалық шығарма жаздыру балалардың тілі мен ойын дамытуға ықпал етеді. Шығарма жазуда жоспар мен эпиграфтың алатын орны ерекше. Сондықтан оқушыға шығарма, мазмұндама жаздыру – тіл дамытудың тиімді құралы болып есептеледі.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Жазба жұмысы – күрделі шығармашылық іс-әрекет. Шығарма жазу адам санасындағы күрделі жаңғыру үдерісімен астаса жүріп отырады. Педагог ғалым Серік Мақырұлы жазба жұмысын жүргізудегі педагогикалық мақсатты: «Таптаурын ойлаудан творчестволық ойлауға тәрбиелеу, өмір, қоғамдық даму, тарих, адамдық асыл қасиеттер хақында өзіндік ой түйге, азамат ретінде толғануға баулу, тіл, ой байлығын молайтудың, сезім сергектігін тәрбиелеу жолы» деп көрсетеді.

Қазіргі таңда мектепте шығарма жаздыру тәжірибесінде оқушыларды шығармашылыққа бағыттау, ізденуге баулу мақсатында белгілі бір ақын-жазушы туралы естелік, баға, арнау өлеңдерін, сыр-толғау, жыр-толғау, ой-толғау жазғызу жиі пайдаланып келеді. Бұл, әрине, оқушылардың белгілі бір қаламгер, оның шығармашылығы туралы жазу машығын қалыптастырады. Қалай десек те, шығарма жазуға үйрету – оқушының аналитикалық ойлауын дамыту, ойлаудың психикалық операцияларын: анализ-синтез, жүйелілік, салыстыру, нақтыландыру мен жинақтауды жүзеге асырады, еркін де сыни көзқарасты қалыптастыру, өзіндік позициясы мен жігері мол тұлғаны жан-жақты дамытуда үлкен рөл атқаратын күрделі жұмыстың бірі.

Қ.Лекаровтің пікірінше, оқушы жазған шығарма талапқа сай болу үшін тақырыпты жүйелі болудың жолын алдын-ала белгілейтін, ойды логикалық тәртіпке келтіретін жақсы құрылған күрделі жоспар болуы керек,

ол ең қажетті мәселелерді ұтымды қамтып отыруға мүмкіндік береді. Сондықтан автор мектепте шығарма жазуға жаттықтыруда оқушыларды алдымен жоспар құруға үйретуден бастау керек дей келіп, тақырыптық жоспар құруды оқушыларға меңгерту керектігін ескерткен, яғни мектеп қабырғасында оқушылар шығарманың барлық түріне де ойдағыдай үйренулері қажет деген қорытынды жасайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен шығарма жаздыруда көптеген талаптар қойылады. Шығарманың бағалануы туралы айтар болсақ, оқушы шығармасын тексеру, бағалау мәселесін негізінен төрт салаға бөліп қарайды:

1. Мазмұндылығы мен идеялығы.

2. Ой-пікірдің жүйелілігі.

3. Стили.

4. Грамматикалық сауаттылығы.

Бұлардың қай-қайсысы да оқушы білімін бағалауда маңызды. Шамамен алғанда, шығарманың идеялығы мен мазмұндылығына оқушылар тақырыпты қалай ашқандығы, қамтылған мәселенің дұрыстығы мен бұрыстығы, дәлелдігі, негізгі ойды жеткізе алуы жатады. Пікір жүйелілігі шығарманың сәйкестігі, әрбір бөлімнің мөлшері мен ой жүйесі, пікір ұтымдылығы, т.б. енеді. Тақырыпты ашуға байланысты ойын қалай жеткізгендігі, сөйлемдерінің оралымдығы, сөз қолданысы, бір сөзді бірнеше рет қайталамауы, дәйексөзді қолдана білуі, сөйлемді дұрыс құруы сияқты мәселелер жатады. Ал емле, тыныс белгілері грамматикалық сауаттылық тұрғысынан қаралады. Шығармаға екі баға қойылады.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде әдебиет пәнінен көбіне мазмұндама жұмысы жүргізіледі. Мазмұндама – оқушының қазақ тілі мен әдебиетінен алған білімін тексерудің негізгі нысандарының бірі. Мазмұндама арқылы баланың өз ойын жүйелі баяндай білу қабілеті мен тіл байлығы, сауаттылық деңгейі айқын көрінеді. Әдетте, мазмұндама оқыған мәтіннің мазмұнын ауызша әңгімелеуден басталады да, жазбаша мазмұндауға ауысады. Бұл оқушының сөйлеу тілі мен жазбаша тілін дамытады. Десек те, мазмұндама жаздыруда көзделетін негізгі мақсатты төмендегідей беруге болады:

✓ бала білімін бағалау, білім деңгейін тексеру;

✓ жазбаша көркем тілін дамыту, тоериялық білімдерін практикалық жұмыстарда қолдану;

✓ ойлау еңбегіне, өз беттерімен ойларын жүйелі түрде жеткізуге, қорытынды жасай білуге дағдыландыру;

✓ мәтінді оқығанда ынтамен тыңдауға, еске сақтауға бағыттау;

✓ оқушының зейінін, ойын дамыту, оқушыны іс-әрекетке ұйымдастыру;

✓ оқушыны есту арқылы өз ойларын жеткізуге дағдыландыру.

Мазмұндама жұмысы шығармашылық жұмыстың бір түрі болғандықтан, оны жазуда оқушы назарынан тыс қалмауға тиісті талаптар да бар. Оларды мұғалім еске салуды ұмытпай, ал оқушы жадында тоқығаны абзал:

- ✓ оқушының өз ойының болуы;
- ✓ өз жанынан қосымша оқиға қосуы;
- ✓ өздігінен қорытынды жасауы;
- ✓ мәтін формасын өзгерте мазмұндау, яғни бір жақ, осы шак формасында немесе керісінше мазмұндау;
- ✓ қысқарта мазмұндау, яғни берілген мәтіннің тек түйінді, негізгі мәселелерін ғана мазмұндау, қажетсіз деп табылған детальдарды қысқарту;
- ✓ кеңейте мазмұндау, яғни мәтін мазмұнына байланысты дәйексөз (цитата) және эпиграф келтіре отырып мазмұндау;
- ✓ берілген мазмұнына лайықты ой қорытындысын жасау.

Оқушылардың білім-дағдыларын қалыптастыруда мазмұндаманың мынадай түрлерін жүргізуге болады:

1. Дайын мәтін бойынша мазмұндама;
2. Сурет бойынша мазмұндама;
3. Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама.

Енді осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтсек, алғашқысы дайын мәтін бойынша мазмұндама. Оның өзін бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау;
2. Мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, бірақ баяндау формасын өзгертіп баяндау;
3. Қысқарта баяндау;
4. Толықтырып баяндау.

Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау. Мазмұндаманың бұл түрінде мәтіннің мазмұны бүтіндей қайталанбағанымен, түгелге жуық менгеріледі. Мәтіндегі сөз тіркесі, сөйлемдер сөзбе-сөз қайталанбауы мүмкін, алайда кейбір жаңа сөздердің, сөйлемдердің, көркемдегіш құралдардың оқушы жұмыстарынан орын алуы мүмкін. Бұл дұрыс па, жоқ әлде бұрыс па? Мұны әр түрлі түсінуге болады. Бірінде оқушы мәтін мазмұнын терең менгеріп, ондағы кейбір сюжеттің, көріністің өзіне ұнаған сөз үйірімінің бастапқы қалпын сақтағысы келсе, кейбір оқушы мәтін мазмұнын өз сөзімен беруге сөз қолданысы, сөйлем құрау дағдыларының қалыптасуынан шығарма авторын сөзбе-сөз қайталауға келіп соғады. Бірінші жағдайда, сол жазған мазмұндамасындағы жаңадан игерген сөз қолданыстары оқушының актив лексикасына айналса құба-құп. Ал өткінші, тек баға алу үшін бір-ақ рет пайдаланып, кейіннен жадынан шығарса, онда алға қойған мақсаттың орындалмағаны.

Мазмұндама жазғанда көркем мәтінді қаз-қалпында қайталауға жол бермеу үшін белгілі әдіскер-ғалым С.Тілешова мұғалімдерді мына мәселелерді есепке алуды ұсынады. Мазмұны тартымды, оқиғасы қызғылықты, көркемдік қуаты жағынан жоғары талапқа сай болуы, мазмұндама жазар алдында мәтінді оқу, әңгімені негізгі бөлімдерге бөліп, оған тақырыптар беру, жоспарын жасату, тілін талдау, т.б. жұмыстарды орындатқан жағдайда оқушылар мәтінді қайталамай, шығармашылықпен баяндауға үйренеді.

Бала психологиясын жете білетін А.С.Макаренко да балалармен қарым-қатынаста дауыс ырғағына ерекше көңіл бөлген. Ол балаларға әсер ету үшін дауыста эмоция мен сезімнің басым болу керек екенін, ырғағын бір қалыпта сақтап, өзінің дикциясына қатты көңіл бөлгені жөн деп көрсеткен болатын. Негізінен мәнерлеп оқуда екі түрлі талап қойылады. Олар – физикалық және психологиялық. Біріншіден, оқыған кезде дұрыс тұру, еркін және терең дем алу, дауысты бір қалыпты сақтау болса, ал екіншісінде, оқудың ритмін сақтау, сөзді анық айту, бір қалыпты оқу, пауза жасау, дауыс ырғағын тыныс белгілеріне сәйкестендіру, т.б. жатады. Міне, сондықтан мазмұндама мәтіннің мұғалімнің өзі оқып бергені жөн. Одан кейін мазмұны айтылып, мәтіндегі мағынасы түсініксіз сөздер мен сөз тіркестері (тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер) түсіндіріледі. Мазмұндау жоспары құрылады. Алғашқы кезде мұғалімнің көмегімен, кейіннен оқушылар өз беттерінше жоспар жасайды.

Дайын әңгіме бойынша жазылатын мазмұндаманың келесі түрі – **ықшамдап** мазмұндау. Мазмұндаманың бұл түрінде берілген мәтіннің айтайын деген негізгі ойға қатыссыз, қосымша сюжеттер қысқартылып, ең негізгі, түпкі ойды жазады.

Қысқарта мазмұндаудың да өзіндік маңызы бар, өйткені әңгімедегі іс-әрекеттердің негізгі мен қосалқы жақтарын ажырату да шығармашылық сипатқа ие жұмыс. Мәтінді ықшамдау барысында әңгімедегі қосымша детальдардан түйінді ойды даралауға жаттығады, мазмұнды талдай отырып қажетті материалды жинақтауға, көп ойды аз сөзбен беруге, пікірін қысқаша баяндауға дағдыланады. Ұсынылып отырған мазмұндаманың бұл түрі оқушыларға сөзді талғап, тандап қолдануға, сөйлемді жинақы құруға, аз сөзбен көп мағына беруге, тілін ширатуға септігін тигізді.

Дайын мәтін бойынша жазылатын мазмұндаманың келесі бір түрі – **толықтырып** мазмұндау. Бұл жоғарыда айтылған ықшамдап мазмұндауға керісінше берілген әңгіме мазмұнын толықтырып, кеңейтетін, ұсынылған ойға тың пікірлер, жаңа сюжеттер тапқызу мақсатында жүргізіледі. Мұнда оқушының шығармашылық қабілетін дамыту мақсат етіледі. Жұмыстың бұл түрінде бір әңгіменің қысқаша мазмұны беріледі. Негізгі ой ұсынылады. Оқушы өз жанынан берілген ойды күшейтетіндей детальдар қосып, мәтінді толықтырады. Жаңа сюжеттер қосып, баяндалған іс-әрекетті дәлелдей түседі. Мұндай жұмыстар оқушылардың таным процесстерін дамытып, тілін ширатады.

Жалпы мазмұндамаға екі баға қойылады:

- 1) мазмұнына;
- 2) сауаттылығына;

Мазмұндаманың талдану реті келесідей:

1. Мәтіннің мазмұнына сай толық жазылуы, мазмұндаманың көлемі. Мәтінді дұрыс ұғып, дұрыс жаза алғандығы мен оның идеясын қаншалықты түсіну дәрежесі есепке алынады.
2. Фактілік қателердің болмауы.
3. Мәтіннің жүйелі желімен жазылуы.

4. Логикалық қателердің жіберілмеуі.
5. Тілдік талдау кезінде жасалған ескертпелердің ескерілуі.
6. Грамматикалық қателердің болуы.
7. Өзіндік редакторлық түзетулердің болуы, оның сәтті қолдануы.
8. Пунктуациялық, орфоэпиялық, орфографиялық қателердің саны, оның сипаты.

9. Жазу мәдениеті.

Жазбаша тіл – қарым-қатынасты жүзеге асыруда тілдік құралдарды қолдана білудің жүйесі. Тілдік әрекет ойлау әрекетімен байланысты. Әрине, өзге тілде білім алатын, ойлайтын балаға бірден қазақ тілінде сауатты шығармашылық жұмыс орындату оңай болмасы анық. Дегенмен, үш тілде білім алып, бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, оқытуда – жазба жұмыстарының мәні маңызды болмақ.

Қорыта келгенде, жазу жұмыстары арқылы оқушылардың шығармашылыққа бет бұруына бағыт сілтеу керек. Оқушылар қаламына, ойына еркіндік бермеу, жас өркенге бағыт сілтемеу білім деңгейін шектейді, ізденуге деген талпынысын тоқтатады. Әр түрлі жазба жұмыстарын жүргізу арқылы туған әдебиетіміздің қазіргі жайы, ана тіліміздің болашағы туралы шәкірттерге терең білім беру – басты парызымыз.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Қазақ әдебиеті пәні бойынша өткізілетін жазба жұмыстар баланың жеке шығармашылық қабілетін дамытуда қандай маңызы бар?
2. Мазмұндама және оған қойылатын талаптарды атаңыз.
3. Оқушыны шығарма жаздыруға баулу үшін қандай әдістер қолданған тиімді? Өз пікіріңізді келтіріңіз.
4. Оқушы білімін есепке алу мен бағалаудың маңызы неде?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Тіл ұстарту дегеніміз?
 - A. Оқушылардың әдеби тіл нормаларын сақтауы
 - B. Мазмұндауы
 - C. Сұрақтарға жауап беруі
 - D. Көркемдік ерекшелігін айтуы
 - E. Дауыстап немесе іштей оқуы
2. Шығарма мынадай түрлерге жіктеледі:
 - A. Саяси, ғылыми
 - B. Тақырыптық, баяндама
 - C. Арнаулы, саяси
 - D. Авторлық, эссе
 - E. Баяндама, ғылыми
3. «Шығарма» деген сөздің мағынасына мына сөздер жатады:
 - A. Шығару
 - B. Айту

- C. Әңгімелеу
 - D. Түсіндіру
 - E. Пікір айту
4. Ауызша оқыту әдістері:
- A. Әңгімелеу, кітаппен жұмыс
 - B. Суретпен сипаттау
 - C. Демонстрация жасау
 - D. Зертханалық жұмыс
 - E. Практикалық жұмыс
5. Білім және білікті тексерудің түрі қайсы?
- A. Емтихан
 - B. Жеке орындалатын тапсырмалар
 - C. Тәжірибелік жұмыстар
 - D. Топтық жұмыстар
 - E. Сұрақ-жауап

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Алтаева Ш. Мазмұндама-оқушының сөйлеу тілін дамытудың негізгі құралы. // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. №1, 2008.
2. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем компоненттерін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1968, 120 б.
3. Байсақалова Ұ. Әдебиет сабағында творчестволық жұмыстың түрлері. – Алматы, 1984.
4. Балтабаева Ж. Әдістемелік еңбектердегі шығарма жұмысының ерекшеліктері // Ұлағат. №1, 2008.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.-242 б.
6. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы (9,11-сыныпты бітірушілерге арналған). Алматы, 2006.
7. Мақырұлы С. Қазына. Әдеби мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Арыс, 2004.
8. Шормақова А. Қазақ тілі бойынша жазба жұмыстары және оған қойылатын талаптар. // Білім – Образование. №3, 2008.

8. Әдебиет пәні бойынша кластан тыс жұмыс түрлері.

Кластан тыс жұмыстар оқушылардың қабілеті, икемі, дарыны, жеке ынтасы негізінде ұйымдастырылады және бірнеше салаға бөлінеді. Оған әдеби және драмалық үйірмелер, конференциялар, викториналар, апталықтар, әдеби кештер, әдеби экскурсия, мектеп газеті жатады.

Әдебиет – өнер, сөз өнер пәні. Мектепте әдебиетті оқыту барысында кластан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамыту сияқты білім мен тәрбие беруде кластан тыс жұмыстардың маңызы зор. Ол жұмыстардың қандай түрі болмасын, оның

негізгі мақсаты – оқушылардың түсінігін арттыру, халықтың салтын, мәдениетін, өнерін бойына сіңіре отыру, рухани ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Үйірме жұмыстары – кластан тыс жұмыстардың күре тамыры. Оқушылардың пәнге қызығуы мен белсенділігін көтеру үшін мектептерде әдебиет үйірмелері мен драма үйірмелері жұмыс істейді. Бұл үйірмелерді көбіне әдебиет пәнінің мұғалімдері, өнерпаз ұстаздар, класс жетекшілер жүргізеді. Үйірме жұмыстарының арнаулы органы – қолжазба журналы, газеті болады. Жұмыс жоспары жасалады. Мұндай істерге кейде жергілікті ақын-жазушылар да көмектесіп, белгілі бір секцияны басқарады. Әдеби шығармашылық үйірмелерді жас қаламгерлермен бірігіп жүргізу де нәтижелі болмақ. Әдеби шығармашылық үйірмелердің, сонымен қатар «Шешендік өнер», «Айтсы», «Термеші» сияқты фольклорға негізделген түрлері соңғы кездерде тәжірибеге көптеп енгізілуде.

Әдебиет пәнінің негізгі мазмұны әлеуметтік тәжірибені игеру болып табылады. Ал әдеби білімінің мәні – ой мен сезімді ояту, оқушының табиғатқа, қоғамға, қоршаған ортаға, Отанға, адамзатқа, өз-өзіне қатынастың жалпы мәдениетін қалыптастыру, адамды эстетикалық деңгейдегі азаматтыққа, арлылыққа тәрбиелеу болмақ.

Әдеби үйірмелердің бір түріне «Кітап достары» немесе «Кітап – білім бұлағы» деген үйірмені жатқызуға болады. Әсіресе, V-VIII кластарда мұны мектеп кітапханасымен бірігіп жүргізудің маңызы ерекше. Үйірме мүшелері кітапханада арнайы көрме ұйымдастырып өткізеді. Жұмыс нәтижелі болу үшін жоспарлы, жүйелі жүргізілуі керек. Кітапты күтіп ұстау, ұқыпты болу, оны қалай оқудың мәдениеті туралы да тартымды әңгімелер осы үйірменің міндетінде болмақ. Олар осы мәселеде неше түрлі бәйге өткізеді. Мысалы, «Ұқыпты бала», «Кітап жанашыры», «Білгір» (кітап көп оқитын), «Шапшан» немесе «Алғыр» (кітапты тез, әрі қатесіз оқитындар үшін) т.б. тақырыптарда.

Үйірмелердің тағы бір түрі – мөнерлеп оқу, драма үйірмелері. Үйірмені осы өнерден хабары бар, сауатты маманның жүргізгені дұрыс. Оқушылар драматургия жанры, театр өнері, оның ерекшелігі туралы хабар алады, оның өзіндік сипаттарымен, ұлы әртістердің өмірімен, өнерімен танысады. Драма үйірмесіне мектеп оқушылары ішінен өнерге бейімі бар балалар өз еркімен тартылады. Үйірмеде кемінде он бес мүше болады. Оқу жылы басында үйірме жетекшісі мектептің оқу-тәрбие жоспарын негізге ала отырып, жұмыс жоспарын құрады. Үйірменің мақсаты – жекелеген оқушының сан қырлы көркем дамуын, оның рухани қажеттілігінің арта түсуін қамтамасыз ету. Сол арқылы өнерге құлшынысын тәрбиелеу.

Үйірме жұмысын жоспарлау көбіне жетекшінің жеке басының біліміне, өнеріне, қабілетіне байланысты. Әрбір жетекші ең алдымен оқушының жас ерекшелігін ескеріп, оның табиғи дарынын байқап, жас өнерпаздың қызығушылығына сай шығармашылық еңбекке үйретеді. Үйірменің жұмысы әр оқушының көркем білімін дамытуға әсерін тигізеді. Ал көркем білім ізгілік пен адамгершілікке негізделіп, оқушының нысанасы биік идеясын тәрбиелейді.

Мектептегі әдебиет үйірмесі – әдебиетке жақын, бойында сөзге, өнерге талпынысы бар талантты жастарды тәрбиелейді. Әдебиет үйірмесі жыл басынан жоспарланып дайындалады. Үйірме оқушылардың үлгерімін арттыруға, пәнді игеруге, білімдерін кеңейтуге, ақын-жазушылардың шығармаларын тереңірек білуде, қазақ әдебиетін тереңдете оқытуға үлкен үлес қосады. Сонымен қатар халықтық педагогикаға сүйене отырып мынадай жоспар құруға болады.

Әдебиет үйірмесінің жұмыс жоспары

№	Жүргізілетін жұмыстардың тақырыбы	Уақыты	Кім жүргізеді?
1	I тоқсан. Кіріспе		
2	Жұмыс түрлерімен таныстыру	қыркүйек	
1	Қазақстан Республикасының ақын-жазушылары	қазан	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
2	Кітаптар көрмесі		
1	II тоқсан. Әдебиет пен өнер	қараша	
2	Әдеби шығармалардағы кейіпкерлер		
1	Қазақтың әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салты	желтоқсан	
2	Ұлттық ою-өрнектер		
1	III тоқсан. Қазақтың сөз зергерлері мен шешендері	қаңтар	
2	Мақал-мәтелдердің тәрбиелік маңызы		
1	Қазақ хандары мен халық батырлары	ақпан	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
2	Ұлттық киім үлгілер		
1	IV тоқсан. Ұлттық аспаптар мен халық музыкасы	наурыз	
2	Халық композиторларының ән-күйлері		
1	Көркемөнерпаздар өнерінің байқауы	сәуір	
2	Қорытынды		

Мектепте оқушылардың алған білімін дамытып, әрі қарай ұштай түсетін кластан тыс жұмыстың маңызды түрі – **оқушылар конференциясы**. Оқушылар конференциясының негізгі мақсаты – көзқарасты кеңейту, көркем талғамды қалыптастыру, оқырман мүдделерін дамыту. Оқушылар конференциясы өз ішінен көптеген түрлерге бөлінеді. Мәселен, нұсқау конференциясы. Мұнда оқушылар оқыған кітаптары туралы қысқаша хабарлама – баяндамалар жасайды.

Тақырыптық конференцияларда әдетте оқылған кітаптар талқыланады. Мектепте оқушылар конференциясын жеке класс болып немесе бірнеше класс бірігіп өткізуге болады. Екі класты біріктіріп өткізу, әсіресе – тақырыптық оқу жұмысын жүргізуге қолайлы. Балалардың қабілетіне, белсенділігіне сүйене отырып оқытушы конференцияның тақырыбын белгілеуде класс оқушыларымен ақылдасады, кеңеседі. Сонымен қатар, конференция белгілі

бір ақын, жазушының көлемді шығармасын талдауға арналады. Конференция алдында повесть, не роман оқылады. Оқуға беру конференциядан бір, бір жарым ай шамасында бұрын оқылып дайындалады. Оқуға беру жүйесінің жоспары жасалады.

1. Шығарманы оқып келу.
2. Кейіпкерлеріне тоқталу.
3. Жазушы шеберлігі.
4. Шығарма жөнінде оқырманның пікірі.

Осындай сипаттағы шаралар арқылы шығармаларға талдау жүргізіледі. Мысалы, XI класта Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша оқушылар конференциясын өткізуге болады. Конференция баяндама түрінде де өтіп, жоғары кластарда ол диспутқа айналуы мүмкін.

Оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, үлгерімін жақсартатын кластан тыс жұмыстардың бір түрі – **әдебиет апталығы**. Апталықты өткізудің негізгі мақсаты – әдебиет пәні бойынша оқушылар білімін тереңдете түсу мен тиянақтау, оқушылардың өз бетінше ізденуі арқылы оны пайдалану дағдысын қалыптастыру. Әдебиет пәнінен өтілетін апталық аптаның алты күніне жоспарланып құрылады. Көбінесе апталықта жоспарланған істер кластан тыс уақыттарда жүргізіледі. Апталықтар белгілі бір ақын-жазушылардың мерейтойына, мерекеге немесе т.б. тақырыптарға байланысты өтуі мүмкін.

Кластан тыс жұмыстардың бір түрі – **әдеби кештер**. Дұрыс ұйымдастырылған әдеби кештер – тәрбие ісінің басты түрі. Кешті ұйымдастыру, жүргізу мақсаты әр жақты болады. Мәселен, әдеби оқу, сұрақ пен жауап кештері немесе кездесулер, шығарманы талдау, жазушы немесе ақын шығармашылығымен таныстыру. Кластың ерекшелігіне қарай бір жылда үш, кейде төрт рет кеш өткізіледі. Пән мұғалімдері жүргізілетін әдеби кештің мақсатын оқушылар білімін тереңдетіп, көркем әдебиет оқуға құмарлығын арттыруға негіздейді.

Жалпы кластан тыс өткізілетін жұмыстардың қай-қайсысы болмасын, олардың оқу-тәрбие жұмысына қосатын үлесі айтарлықтай. Ескеретін жайт, кластан тыс жұмыстарды бірізділікпен, жүйелі түрде ұйымдастыруда пән мұғалімінің ғана емес, класс жетекшісінің де, ата-аналардың да атқаратын рөлі зор.

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған сұрақтар

1. Кластан тыс өткізілетін жұмыстарға қойылатын негізгі талаптарды атаңыз.
2. Кластан тыс жұмыстардың түрлері қандай? Олардың тиімділігі неде?
3. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде өткізілетін әдебиет үйірмелері, апталықтар мен әдеби кештердің маңызы бар ма? Болса қандай?
4. Кластан тыс жұмыстардың тәрбиелік және дүниетанымдық мәні неде?
5. Оқушының жеке қабілеттерін дамытуда кластан тыс жұмыстардың қаншалықты маңызы бар?

Білімді пысықтау мен бақылауға арналған тест тапсырмалары

1. Дүркінді өткізілетін кластан тыс жұмыстарға жатқызылады:

- A. Олимпиадалар
 - B. Кластан тыс оқу
 - C. Мәнерлеп оқу
 - D. Сөз өнері
 - E. Драмалық үйірмелер
2. Үздіксіз жүргізілетін жұмыстар тобына кіреді:

- A. Кластан тыс оқу
 - B. Олимпиадалар
 - C. Апталықтар
 - D. Театрға бару
 - E. Кездесулер
3. Бүгінде кластан тыс атқарылатын жұмыстар қатарына:

- A. Ақпараттық кеңістікке шығу
- B. Драмалық үйірмелер
- C. Әдеби клубтар
- D. Мәдени жорықтар
- E. Саяхаттар

4. Пән мұғалімінің жүргізетін жұмыстарының бірі – кластан тыс оқу сабақтарын ұйымдастыру. Бұл сабақтар мектеп тәжірибесінде:

A. Көркем шығарманың әдеби-эстетикалық мазмұнын меңгеру, соған байланысты оқушылардың алған білім дағдыларын жинақтау сабақтары

- B. Тәжірибелік сабақтары
- C. Қосымша сабақтар
- D. Әдеби сабақтар
- E. Ғылыми кеңестер

5. Әдеби-шығармашылық үйірмелердің фольклорға негізделген түрлері:

- A. Шешендік өнер үйірмесі
- B. Спорт үйірмесі
- C. Логикалық үйірме
- D. Сурет үйірмесі
- E. Кітап үйірмесі

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ақшолоқов Т. Шығарманың көркем компоненттерін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1968, 120 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997.-242 б.
3. Байсақалова Ұ. Әдебиет сабағында творчестволық жұмыстың түрлері. – Алматы, 1984.
4. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009.- 288 б.
5. Қазақстан Республикасында 2011-2020 жж. арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

КОРЫТЫНДЫ

Қазақ халқы ұлт болып қалыптасып, тәуелсіздікке ие болып отырған тарихи кезеңде, ұлттық сана жаңа деңгейге көтеріліп, жаңа қасиет-сапалармен толысуы керек. Ол өздігімен келмейтін нәрсе. Оны іске асыру – күрделі қоғамдық мәнді құбылыс. Осыған орай, жас ұрпақты оқытып, тәрбиелейтін барлық ұжымдардың алдына қойылып отырған талаптардың бірі – ұлттық тәлім-тәрбиеге баса көңіл бөлу. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін алдымен, жастарды тәрбиелеуші ұстаздардың өзін тиісті біліммен қаруландыру қажет. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелер міндет ауыр»- деген болатын.

Ұстаздың негізгі міндеті – баланы тұлға етіп тәрбиелеп, қалыптастыру. Бұл процесс белгілі бір әлеуметтік ортада, адамдардың өзара қарым-қатынасының арқасында және түрлі характертер негізінде іске асырылады. Бұл істе басты рөлді тәрбиелеуші, яғни ұстаздық етуші қамқор кісі атқарады. Ол тәрбиеленушінің жан дүниесін, жан күйін жақсы білуі керек. Басқа сөзбен айтқанда, ол адам жанының инженері – психолог болуы керек.

Педагогикалық еңбек психологиясын зерттеушілер әдебиетші-мұғалімге мынадай талаптар ұсынады: зерттеушілік, іскерлік, ұйымдастырушылық және бесаспаптық. Сол сияқты мұғалімнің де дербестігі, өзіндік бағыты, әдіс-тәсілдері, жаңашылдығы, өзінше жоспарлау бағдарламасы, оқулықты пайдалану ерекшелігі де бар. Қазақ әдебиетін орта мектепте оқытуда демократизациялау деген сөз әдеби білім тұжырымдамасында көп айтылады. Ал бұны жүзеге асыратын – мұғалім.

Жеке кісі болсын, адамдардың ұлттық құрылымы болсын, олардың психологиясындағы ерекше бір көрініс – мінез қасиеті. Адам сыртқы ортамен байланысу үшін жасайтын қатынастарының жиынтығы оның мінезін құрайды. Педагогикалық және психологиялық еңбектерді талдай келе, мінез – адамның негізгі өмірлік бет алысын және оның өзіндік әрекетінің айырмашылығын сипаттайтын сапалы өзгешелік деген ортақ анықтамаға тоқталғанды жөн көрдік.

Қазіргі жеделдету, демократияландыру жағдайында Қазақстан Республикасында басты міндеттердің бірі – ұлттық ерекшеліктерді еске алып, жастарға терең білім мен тәрбие беру ісін одан әрі дамыту және жетілдіру. Еліміздің еркіндік алуы, тіл аясының кеңеюі, қазақ әдебиет пәнінің мұғалімін бүгінгі талапқа сай әзірлеу, жас педагогтарға өзіндік бағыт, бағдары бар, түйінді ойларды жинақтап жеткізу қажеттігін туындатып отыр. Сол себептен де қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді күтуде. Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкершіл педагог-мамандардың қажеттігін мойындап отыр. Себебі адам тағдырында мектептік кезең аса маңызды. Сондықтан да педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек. Педагог шебер болу үшін: өзінің

мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алуы керек, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді меңгеруі тиіс, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі тиіс, өтіп жатқан интеграциялық процестерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағыттала алуы тиіс.

Мұғалім шеберлігі – бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу мен оқыту өнері. Жеке тұлға мәдениеті, білім мен кең өрісті дүниетаным, педагогикалық техника мен озат тәжірибе педагогикалық шеберліктің негізі. Қазіргі заман мұғалімінің тұлғалық белгісі – ой өрісінің кендігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен тең қадам басамын деген әрбір адам өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет. Қазіргі оқу әдістерін жеке меңгеру де осы шеберліктің бір қыры. Енді бір қыры – шәкіртпен қарым-қатынасы, оның іс-әрекетін қуаттау немесе тежеу болып табылады. Ұстаз өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал етуімен айналысады, яғни дәлелдеп сендіру, шәкірттің қызығушылығын дамыту, талап ете білу. Осы ықпал түрлерін іске асыруда ұстаз нағыз шеберге айналады.

Жаңа ғасырда жаңа Қазақстанның мұғаліміне қойылатын талап та жоғары болмақ. Оқу құралында қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ әдебиетін оқытуда қажетті деген білімнің теориялық негіздері ашылып, оны нақты тәжірибеде қолданудың жолдары көрсетілген.

ГЛОССАРИЙ

1. **Ағартушы** – а) ғылым-білімді тарату; б) XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында кең тараған прогрессивті идеялық ағым.
2. **Алтынсарин мектебі** – орыс біліміне негізделген жаңа мектеп, мектептегі оқыту әдісіне де зор жаңалық енгізді.
3. **Ауыз әдебиеті** – қазақ әдебиетіне байланысты айтылғанда бұл ұғымның көлемі, ауқымы кең. Ауыз әдебиеті халықтың ауызша шығарған, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша айту арқылы таралған көркем мұралары.
4. **Әдебиет** – сөз өнері. Ол – өнердің бір саласы. Әдебиет пәні де өнер пәні. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» деуге болады. Әдебиет пәні арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүйден елін, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдер тәрбиеленеді. Әдебиет қоғам өміріндегі сан қилы шиеленіс, тартыстарды, қақтығыс пен күресті бейнелейді.
5. **Әдебиетті оқыту әдістемесі** – нақты оқу педагогикалық үрдісте оқушыларға әдеби білім мен дағды берудің ғылыми және тиімді жолдарын үйрететін оқу пәні.
6. **Әдебиет пәні** – адамның өмірі, қоғамдық қарым-қатынастар мен алуан түрлі қоғам өміріндегі құбылыстар, өз мінез-бітімімен дараланып көрінетін жеке адамдардың тағдыры баяндалатын шығармаларды оқытатын оқу құралы.
7. **Әдебиетті жаңаша оқыту** – оқу процесінің жұмысына белгілі бір өзгерістер ала келетін жаңалықты енгізу болып табылады.
8. **Әдіс-тәсіл** – берілген материалды оқушылардың ұғымына неғұрлым тиімді сіңіру үшін тандап алынатын әрекеттер жиынтығы. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі және т.б. қолданылады.
9. **Әдістеме** дегеніміз – уақытты үнемдей білу, оқушы күш-жігерін ақылмен жұмсау, оқу материалынан негізгі және басты мәселелерді таба алу, ұжым болып табылатын кластың еңбегін ұйымдастыру шеберлігі, оқушылардың әр түрлі жеке әрекеттеріне ықпал етуді алдын-ала ойластыру.
10. **Әңгіме жанры** – прозаның шағын түрі. Онда оқиға, кейіпкердің іс-әрекеті қысқа болып, уақыт жағынан да аз мерзімді қамтиды. Әңгіме жанрының осы қасиеті тыңдаушылардың оны тез игеріп, түсінуіне жағдай жасайды.
11. **Басылым** – әдеби шығарманың басылып шыққан, жарық көрген нұсқасы.
12. **Дидактикалық әдебиет** – үгіт-насихаттық, өсиет сарын сипатында түзілген, поэзиялық жанрда жазылған шығармалар.
13. **Драма** – шындықты айрықша тәсілдермен синтез қалпына келтіріп, шиеленіскен тартыстар үстінде жинақтап, оқиғаға қатысқан адамдардың сөзі мен ісі арқылы көрерменнің көз алдында қолма-қол көрсететін күрделі жанр.

14. **Жазбаша жұмыс** – сабақ барысында дәптерге түсіру арқылы орындалатын жұмыстардың түрі.

15. **Жанр** – әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.

16. **Жаңа технологиялар** – оқытудың әдеттегі, дәстүрлі түрлерінен бөлек, бүгінгі ақпараттық технологияларды т.б. пайдалана отырып ұйымдастырылатын сабақ жүйесі.

17. **Жәдид мектебі** – тек дін оқуымен шектеліп қоймай, оқу бағдарламасында өмір талабына сай қажетті деген пәндерді де енгізген. Атап айтқанда, ескі дін оқуы пәндерінен тек «Әптиеқ» пен Құранды ғана алып, ал қалғандарын тастап, оның орнына есеп, тарих, география, жаратылыстану, тіл, әдебиет пәндерін өткен.

18. **Жеке жоба** – бір пәннің аясында жүргізіледі. Бұл ретте күрделі тараулар немесе тақырыптар алынады.

19. **Желілік технология** – оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ететін білім алушылардың оқытушымен және бір-бірімен интерактивтік өзара әрекеттесу нысанын, сондай-ақ интернет желісін пайдалану негізінде оқу процесіне әкімшілік етуді қамтитын технология.

20. **Зерттеу әдісі** – берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту, оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінше қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы.

21. **Зерттеушілік жобалары** – нақты құрылымды, нақты мақсаттарды, зерттеу пәнінің өзектілігін, әлеуметтік маңызын, соның ішінде тәжірибелік әдістерді, нәтижелерді қорытындылау әдістерін талап етеді.

22. **Киносценарий**, инсценировкалар құрастырту – әдеби талдаудың тиімді тәсілдерінің бірі. Бұл жұмыстар оқушылардың көркем мәтінді терең, әрі шығармашылық жолмен түсінуіне игі ықпалын тигізеді.

23. **Көп сатылы үзіліссіз білім беру** – білім алу арқылы адамның бүкіл өмірін қамту; білім алу жүйесін мектепке дейінгі мекеме мен мектептегі және мектептен кейінгі деңгейлерді біртұтас жүйе деп тану.

24. **Көркем шығармаға талдау** – оның төрт түрлі әдісін көрсетіліп жүр. Олар: образ бойынша талдау; проблемалы талдау; тұтас талдау; тақырыптық талдау.

25. **Көрнекілік әдіс** – оқушылардың пәнге қызығушылығын, таным белсенділігін арттыратын көрнекі материалдарды қолдана отырып түсіндіру. Берілетін білім мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда, уақыт үнемдеуде, әсіресе, оқушы психологиясына әсер ету мақсаттарында өте тиімді болады. Сондай-ақ, оқушыны сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселелерінде де маңызы зор.

26. **Көрнекіліктер** – күнделікті тақырыпты терең меңгерте түсу үшін қосымша қолданылатын әр түрлі материалдар, мысалы, техникалық құралдар, кітаптар, сызбалар, кеспелер және т.б.

27. **Күнтізбелік жоспар** – мұғалімнің мемлекеттік білім беру бағдарламасына сәйкес күнтізбені және сағат санын басшылыққа ала отырып жасалатын бір жылға арналған сабақтарының жоспары.
28. **Күнделікті сабақ жоспары** – мұғалімнің күнтізбелік жоспарына сәйкес өткізілетін күнделікті сабағын жан-жақты ашып талдап жазатын сабақ жоспары.
29. **Қадим мектебі** – ұлт тілі, ұлт әдебиеті, жеке пәндер, класс, сағат, оқулық, программа деген болмаған нағыз догмалық бағыттағы діни мектеп.
30. **Инновация** – ұжым жұмысына белгілі бір өзгерістер ала келетін әлдебір жаңалықты енгізу процесі. Ол педагогикалық категорияға жатады және мектептегі құбылысқа тың жаңалық жаңа бағдарламаны, оқу жоспарын әдіс-тәсілдерді оқу және тәрбие жұмыстарына енгізу болып табылады.
31. **Лирика** – шындықты адамның ішкі көңіл-күйіне бөлеп, ойы мен сезіміне астастыра суреттейтін терең психологиялық шығарма.
32. **Мазмұндау** – орта буын кластардағы әдебиетті оқытудағы негізгі жұмыстың бірі. Ол оқушы тілін дамыту, ойын ауызша жүйелі айта білуге дағдыландыру. Мазмұндаудың бірнеше түрлері бар.
- *Мәтінге жуық мазмұндау.* Бұл көбіне ықшам мәтіндерге қолданылады. Ғ.Мүсіреповтың «Ер ана» әңгімесін мәтінге жақын мазмұндау үстінде ондағы оқиға сюжет желісі сақталып, автор қолданған сөз тіркестері, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер тізбесі, сол сияқты пейзаж, портреттерді келтіре отырып мазмұндалады.
 - *Көркем шығарманың мазмұнын қысқаша мазмұндау көлемді мәтіндерге қатысты.* Онда оқушыдан өзі толық меңгерген шығарманың мазмұнын ықшамдап айту талап етіледі. Мәселен, повесть, роман жанрларының бөлімдері бойынша негізгі мәселелер жинақталып айтылады. Бұл мазмұндау оқушыларға мәтіннің негізгі түйінін ұғып, түсініп айта білуге дағдыландырады.
 - *Шығарманың жағын өзгерте мазмұндау.* Бұл оқушыға мәтінді жақынырақ түсінуге көмектеседі. Оған үшінші жақтап баяндатса, оқушы автор мен кейіпкер бейнесін терең ұғына алады.
33. **Мәтін** – барша тілдік бірліктер қамтылатын шығарма, филологиялық талдаудың нысаны. Ол автордың ойын объективтендіріп, шығармашылық және қоршаған орта туралы толғанысын сыртқа шығарып, автор санасынан да тысқары адамзат баласының жетістігіне айналады.
34. **Модуль** дегеніміз – үлкен бір жүйе. Бұл технологияның ерекшелігі – оқушы бір үлкен тарау немесе тақырып бойынша жүйелі білім алады. Өзін-өзі дамытады, бірін-бірі оқытады, білімді сапалы меңгереді, біреуден үйрену, біреуге үйрету арқылы логикалық ойлау, байланыстырып сөйлеу, салыстыру, дәлелдеу т.б. дағдыларды қалыптастырады.
35. **Монографиялық тақырыптар** – арнайы көлемді зерттеу тақырыптары, белгілі бір өмірбаяндық, шығармашылық тарихын қамтитын көлемді тақырыптар.

36. **Мысал** – әрқашан сатиралық сипатта, көбіне аң, хайуанат, кейде зат туралы жазылады да, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады.
37. **Образ бойынша талдау** – оқушылар адамды бірден танып біле отырып, сол кейіпкер бойындағы ұнамды, адамдық қасиеттерді білуге талпынады. Шығармадағы орталық кейіпкердің барша қасиеті жеке дара ашылмайды, себебі автор өз кейіпкерін мәтіндегі әр алуан іс-әрекеттермен, оқиғалармен, басқа кейіпкерлермен байланыстырады. Бас кейіпкер шығармада қанша алдыңғы орында көрсетілгенімен, ол басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасқа түсіп, іс-әрекет үстінде байланысып отырады, сол арқылы толыққанды ашылады. Сондықтан көркем шығармадағы бейнелер жүйесін өзара тұтастандыру қажет.
38. **Оқулық** – оқу мақсатын көздейтін арнаулы кітап. Ол оқу процесінде мұғалімге де, оқушыға да тірек құралы ретінде қолданылады. Оқулықпен жұмыс оқу құралдарының ішінде ең белсенді жүргізіледі.
39. **Оқу процесі дегеніміз** – оқушы мен мұғалімнің белгілі бір уақыт ішінде бірлесіп жүргізетін жұмысы. Оқу процесі мектепте бір оқу жылын қамтиды және оқу тоқсандарына бөлінеді.
40. **Онлайн режимі** – нақты уақытта жүзеге асырылатын оқудағы өзара әрекет ету процесі.
41. **Өлең құрылысы** – өлең сөзде қолданылатын өлшем-өрнектердің жасалу жүйесі, оның ырғағына, дыбыс үндестігіне тән ерекшеліктерді белгілейтін негізгі шарттар мен заңдылықтар.
42. **Өлең өлшемі** – өлең, жырларда біркелкі ырғақ сақтау үшін қолданылатын өрнек.
43. **Өнер** – соңғы кезде «көркемөнер» деген мағынада қолданылып жүр. Кең мағынасында «өнер» деп нақтылы іске, соның нәтижесінде туған затқа байланысты кәсіпті айтады.
44. **Пәнаралық жобалар** – сабақтан тыс уақытта орындалады, бұл екі-үш пәннің проблемасын қамтитын немесе жалпы көлемі күрделі, ұзақ уақытта созылатын жобалар болып табылады.
45. **Педагогика** – адам тәрбиесі туралы ғылым, тәрбиенің мақсат-міндеттері, заңдылықтарын ашады, білім мен оқытудың адам тұлғасын қалыптастырудағы рөлін анықтайды.
46. **Портфолио** – бұл пән мұғалімінің өздігінен білім көтеруде жинақталған құжаттары және оны өзінің кәсіби іс-әрекет нәтижелеріне баға беруі мен саналы түрде ұғынуында пайдалануы.
- Портфолио – белгілі бір уақыт шеңберінде әр түрлі іс-әрекетте мұғалімнің жеке жетістіктерінің жинақталуы, бағалануы және өзіндік іріктеулері.
 - Портфолио – мұғалімнің түрлі іс-әрекеттерде (оқу, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативтік) жетістіктерінің нәтижелері.
 - Портфолио – мұғалімнің жұмыс папкасы ғана емес, алдын ала жоспарланған жетістіктерінің өзіндік іріктеулері.

• Портфолио – мұғалімнің барлық жұмыстарын бір жүйеге біріктіретін, оның кәсіби қызметінің әр түрлі салаларын байланыстыратын жұмыстарының жиынтығы.

47. **Практикалық әдіс** – оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұл әдіс кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілін, стилін анықтауда өте тиімді.

48. **Проблемалап оқыту** – оқушылардың ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде қолданылатын әдіс.

49. **Проблемалы талдау** – көркем шығармада сан тарапты әрекеттер баяндалып, көптеген қарама-қайшылықты, талас-пікірлі оқиғалар туындап жатады. Жазушы көтерген проблеманы танып білу қажет. Ол үшін оқушыны ізденіске, толғанысқа бастайтындей туындының идеялық, эстетикалық қуатын танытатындай жұмысқа бастау керек. Осыған байланысты оқушының алдына проблемалық ситуация ұсынылады.

50. **Роман** – сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен орта ауқымында жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарма.

51. **Сабақтың түрлері** – қалыптасқан сабақ жүргізудің дәстүрлі және дәстүрлі емес түрлері болады. Мұғалім сабақ жоспарын құруда жүргізу әдісіне қарай сабақтың түрлерін белгілейді.

52. **Сөздік әдісі** – берілетін білім ақпараттық сипаттау болғанда, білімді қалыптастыру, соның ішінде теориялық білім беру, жаңа ұғымдарды оқушыға жеткізуде бұл әдіс өте тиімді.

53. **Стандарт** – ағылшын сөзі. Эталон, үлгі жоба деген мағына береді.

54. **Стиль** – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы.

55. **СТО (сын тұрғысынан ойлау)** – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, кластастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірін ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге көмектесетін бағдарлама.

56. **Талдау** – көркем шығарманы тексергенде қолданылатын тәсіл. Шығарманы әр қырынан алып қарастырып, оның қасиет-ерекшелігін, жеке бөлек-бөлшектеріне тән өзгеше сипат-белгілерді арнайы зерттеп танып-білу.

57. **Таныстыру (ақпараттық) жобасы** – белгілі бір объект, құбылыс туралы ақпарат жинауға бағытталады.

58. **Танымдық-іздендіруші тапсырмалар жүйесі** дегеніміз – оқушылардың таным қабілетін жетілдіруде еске түсіру мен іздену, зерттеу үстінде қалыптасатын жаңа білім, дағды мен шеберлікті дамыту бағытында істелетін жұмыс түрі.

59. **Тақырыптық талдау** – ұтымды әдістердің бірі. Талдау кезінде көркем шығарма жан-жақты, терең қарастырылады. Көркем мәтінді іштей бірнеше

тақырыптарға жіктеп, әрқайсысына атау беріп, сол ретпен талдау жүргізу. Бұл көркем мәтіннің тарауларын, ондағы оқиғаны топтап қарастыруға көмектеседі.

60. **ТВ технологиялар** – бұл білім алушыларға оқу-әдістемелік материалдарды жеткізу, білім алушылардың оқытушылармен және өзара іс-әрекетін және білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін теледидардың, ғаламдық, локальдық желілерді пайдалануға негізделген жүйе;

61. **Творчестволық оқу** – шығармашылық ерекшеліктерді басшылыққа ала отырып оқыту.

62. **Телеконференциялар** – он-лайн режимінде қатысушылардың екі және одан да көп топтардың арасындағы қатынасты ұйымдастыру үшін байланыстардың телекоммуникациялық арналарын пайдалану процесі;

63. **Тесттілік жүйе** – шетелдік іс-тәжірибелерді пайдалану, қолданысқа енгізу салдарынан пайда болған әдіс, яғни берілген сұрақтың бірнеше жауап нұсқасы қоса беріліп, соның ішінен дұрыс біреуін тандап алу.

64. **Тренинг сөзі** – ағылшын тілінен енген: «train» – тәрбиелеу, оқыту, үйрету, машықтандыру деген мағынаны білдіреді. Тренинг сабақтары баланы тереңірек танып білуге мүмкіндік береді. Тренинг сабақтың мақсаты: оқушыларды ұйымшылдыққа, топтасып жұмыс істеуге баулып, ойларын бөлісіп, ашық айтуға дағдыландыру.

65. **Тұжырымдама** – концепция негізгі идеяға топтастырылған зерттеу нысанына қатысты қозқарастар жүйесі.

66. **Тұтас талдау** – Бұл шығарманың желісіне сай жүргізіледі. Мұнда көркем шығарманың бөлімдері бойынша ондағы оқиғаның дамуына сай автор ізімен жүре отырып талдау жасалады. Мұның тиімді жағы шығармадағы оқиғаны, іс-әрекетті жан-жақты, жүйелі қарастыруға мүмкіндік береді. Көбіне көлемді мәтіндерді талдағанда, ондағы оқиға реті ауыстырылып, қалыс қалдырылып немесе толық баяндалмай жатады. Бұл талдау осындай мәселеде реттілікті сақтап, оқиға барысын автор баяндауынан ауытқымай жүргізуге көмектеседі.

67. **Түсіндірмелі-репродуктивтік әдіс** – берілетін білімнің ғылымилығын арттыру, қосымша материалдармен байыту оқушыларды іздендіру, өз беттерімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен іскерлігін, өз беттерінен қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы. Бұл әдіс-тәсілдің ең тиімді жағы мұғалім білімді қысқа мерзім ішінде, барлық оқушыларды қамти отырып береді. Оқу материалын ақпараттық сипатта, әңгімелеу, түсіндіру сипатында жеткізеді. Оқушылар да өз мүмкіндіктерінше ол білімді қабылдай алады. Бірақ репродуктивтік-түсіндірмелі әдісте оқушының дербес ойлауы арқылы жүргізетін өзіндік жұмыс түрлері әлсіз болып келеді.

68. **Тіл ұстарту** – оқушылардың әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, көркем, айқын, нақты сөйлеу алуы. Тіл дамытуда оқушыларға мәтінді дауыстап немесе іштей оқыту, мәнерлеп оқыту, мазмұндату, сұрақтарға жауап беру, көркемдік ерекшелігін талдау жұмыстарын жасайды.

69. **Ұжым** – белгілі бір мақсат, бағыт қызметіне сәйкес біріктірілген адамдардың ұйымдасқан формасы.
70. **Үйірме** – қызығушылығына қарай біріктірілетін, үйрету мақсатындағы сабақтан тыс жұмыс түрі
71. **Хрестоматия** – өз бетімен білім алу үшін белгілі бір ғылым саласында жүйелі жинақталған материалдар жинағы.
72. **Шығармашылық дегеніміз** – адамның белсенділігі мен дербес әрекетінің ең жоғары формасы. Шығармашылық жұмыстар түріне мазмұндама, шығарма, аннотация, эссе, рецензия, баяндама, мәнжазба, әдеби монтаж жасау секілді жұмыс түрлері енеді.
73. **Шығармашылық жоба** – жалпы кез-келген жоба шығармашылықты талап етеді. Шығармашылық жобаның нәтижесі газет, шығарма, видеофильм, драмалық көрініс, мақала, репортаж, альманах, альбом, т.б. түрде жүзеге асырылады.
74. **Эвристикалық баяндау** – грекше жаңалық дегенді білдіреді. Шығармашылық ойлау мен баяндауды басшылыққа алатын әдіс.
75. **Экскурсия** – көрнекті орындарға мәдени-ағарту мақсатында ұжымдық саяхат.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың ғылыми және методологиялық негіздері	
1. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәні.....	5
2. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің тарихы.....	10
3. Жалпы білім беретін мектептегі әдебиет курсының мазмұны мен құрылысы. Әдебиет оқулықтары, оқу құралдары мен бағдарламалар.....	18
4. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың әдістері мен тәсілдері.....	24
5. Әдеби білім берудегі ғылыми-әдістемелік ізденістер және оқытудың жаңа педагогикалық инновациялық технологиялары.....	31
6. Сабақ жоспарларының түрлері, құрылымы, типтері.....	37
II. Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде қазақ әдебиетін оқытудың ерекшеліктері	
1. Әдебиет сабақтары және оған қойылатын талаптар. Сабақ түрлері.....	46
2. Әдебиет сабағындағы көрнекіліктер.....	54
3. Әдебиет сабағында көркем шығармамен жұмыс істеу және оны талдау жолдары.....	61
4. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемесі. Эпикалық шығармаларды оқыту.....	68
5. Лирикалық және драмалық шығармаларды оқыту.....	75
6. Әдебиет сабағындағы тіл дамыту жұмыстары мен кластан тыс оқу.....	83
7. Әдебиет сабағындағы жазба жұмыстар мен оқушы білімін бағалау критерийлері.....	91
8. Әдебиет пәні бойынша кластан тыс жұмыс түрлері.....	97
ҚОРЫТЫНДЫ	102
ГЛОССАРИЙ	104
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	111
МАЗМҰНЫ	113

А.З.ТІЛЕУОВА, Г.К.ТӘНІРБЕРГЕНОВА

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу құралы

Пішімі 60x84 1/16

Тығыздығы 80 гр./см². Қағаздың ақтығы 95% .

Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.

Көлемі 112 бет.

“Отан” ЖҚ баспаханасында басылып шығарылды

ҚР, Алматы, Сатпаев к., 90.

e-mail: otan88@mail.ru